ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ ЖАНЫҢДА

(ата-ананың қадірі)

Әкім Алымуддинұлы

КӨКЖИЕК

УДК 297
ББК 86.36
А 48

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптау комиссиясы мақұлдаған

Ә. Алымуддинұлы
А 48 Жұмақтың кілті жаныңда – Алматы;
"Көкжиек-Б" баспасы, 2009. – 144 бет.

ISBN 9965-809-60-7

Үлкен мен кіші, әке мен бала, ана мен қыз арасындағы қарым-қатынас негізі, ата-ананың қадір-қасиеті, ұрпақ тәрбиесі жайлы мәселе — қашанда өзекті тақырып. Көп жағдайда бұл мәселені күнделікті ағымдық проблемалардың аясында қарастырып, мән-маңызын төмендетіп алып та жатамыз. Ал қолдарыңыздағы еңбекте автор бұл мәселеге оның рухани бастаулары тұрғысынан келіп, «Жұмақтың кілті жаныңда» деген тұжырымды алға тартады.

Кітаптың мазмұндық желісі Ислами һәм ұлттық құндылықтар негізінде өрбиді.

Кітап барша оқырман қауымға арналған.

А $\frac{0403000000}{00(05)-09}$

УДК 297
ББК 86.36

ISBN 9965-809-60-7

© "Көкжиек-Б" баспасы, 2009

СӨЗ БАСЫ

Он сегіз мың ғаламды жаратып, бізді жоқтан бар еткен, ақ пен қараны ажыратар ақыл беріп, сансыз нығметке бөлеген — Аллаһ тағалаға мың да бір мадақ айтып, шексіз шүкіршілігімізді білдіреміз! Мейірімі шексіз Жаратушымыз бізге баға жетпес иман мен Ислам нығметін сыйға тартты. Жаратқанның адамзатқа жіберген соңғы Пайғамбары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқылы жолдаған хабарында: *«Нығметтерімді санап бітіре алмайсыңдар»*,[1] – делінген. Расында нөсер жаңбырдай төбемізден көл-көсір жауған нығметтер айналамызды нұрландырып, тіршілігіміздің сәнін кіргізіп, өмірге деген құштарлығымызды арттыра түседі.

Аллаһ тағаланың тарту еткен нығметерінің бірегейі отбасы екенін ескерсек, оның дініміздегі орны бір төбе. Көптеген аят-хадистер адамдарды бас қосып, шаңырақ құруға шақырады. Өйткені, отбасы – адамның өз бақытын табатын ортасы, ұрпақ жалғастығының себепкері әрі қоғамның бастауы. Шаңырақтың беріктігі – қуатты қоғамның белгісі болса, отбасылық құндылықтардың құнсыздануы – қоғамның құлдырауының алғы шарты.

«Ер басында бақыт бесеу: астыңдағы атың жүрдек болса – жалғанның пырағы. Алғаның жақсы болса – үйің мен қонағыңның тұрағы. Балаң жақсы болса – екі көздің шамшырағы. Әкең – асқар тау, шешең – аққан

[1] «Ибраһим» сүресі, 34-аят.

бұлақ. Міне, бес бақыт осы», – деген екен Қарауыл Қанай шешен. Ата-ана, ағайын-туыс, өмірлік серік, бала-шаға, мұның бәрі Жаратқан Жаппар Иенің адам баласына тарту еткен сыйы. Аллаһ тағала бұларды тарту етіп қана қоймай, оны сақтаудың сырларын да үйреткен. Құранда және ардақты Елшінің (саллаллаһу алэйһи уэ сәлләм) айтқан хадистерінде отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас әдебі тайға таңба басқандай белгіленген. Міне, егер дініміз арқылы жеткен дәстүрлер әрбір шаңырақтың қуатты керегелеріне айналғанда ғана отбасының ұйытқысы ұзағынан болмақ.

Шаңырақтың негізі – ата-ана. Ұлы Жаратушы осы екі қастерлі жанды ұрпақ жалғастығының басты себебі етіп жаратқан. Ерлі-зайыптылар шаңырақ құрып, бала-шағалы болып, отбасының өрісі кеңейеді. Ата-ана қолынан келгенше перзенттерін бағып-қағып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді. Осы жолда барын жұмсайды, тіпті өзін мансұқ етуге де даяр тұрады. Бірақ уақыт озады, ата-ана да қартайып, қауқарсыз күйге түседі. Дүние кезек, енді ата-анасы баласына қонақ болып, Жаратушы Иенің аманатын арқалау міндеті перзенттің мойнына жүктеледі. Осы ұлы жауапкершілікті толық сезініп, барша болмысымызбен оны атқаруға талпынсақ оныміз бен солымыздың шаттыққа толары анық. Оңымызда біздің мейірімізбен мерейі өскен ата-анамыз, солымызда ата-анамыздың алдында құрақ ұшқанымызды көріп өскен, ата-ана ақысын өтеуде бізді өзіне үлгі тұтқан бала-шағамыз. Осылайша отбасы мүшелерінің арасында өзіне үйіріп алар сиқырлы бір күш пайда

болады. Бір-бірінің қамын ойлаған мұндай жанұяның Аллаh тағала берекесін арттырады. Отбасы ғанибеті дегеннің өзі осы емес пе?!

Атам қазақ Аллаh тағаланы Жаратушы Ием деп мойындап, мұсылмандық дүниетанымын тұрмыс-тіршілігіне арқау еткендіктен отбасы ұғымының қадір-қасиетіне бөлекше мән берген. Сондықтан кешегі қылышынан қан тамған дінсіздендіру, ұлтсыздандыру саясатының ызғары келмес бұрын қазақтың қара шаңырағында балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, іниге ілтипаттың орны бөлек болған. Үлкенге құрметті парыз санап, ата-анасы өз алдына, бүкіл жасы үлкен буынның алдынан кесе-көлденең өтпеуді кісіліктің келбеті деп түсінетін. Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық, аса құнды заңдылықтарға бағынатындықтан ой-толғамымен іс-әрекеті өзара үндесіп жататын. Ата мен бала өз міндеттерін дұрыс атқаруынан екі жағы да ләззаты мол, имандылығы терең тіршілігінің рахатын көретін. Екі жақ та бір-бірінің қамын ойлап, көңілін тауып, ризалықтарын білдіріп, амандық-саулығына тілеулес болатын. Содан болса керек, Бұхар жырау:

Тоғызыншы тілек тілеңіз
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа, – деп атаның қамын ойласа, аналарға деген тілегін одан да асырып:

Оныншы тілек тілеңіз
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,

Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа,[2] – деп жырлайды.

Халқымыз қашан да әкені шаңырақтың иесі, қамқоры, қорғаны деп таныған. Әке – отбасының асыраушысы.

Қарны ашып қарағымның қала ма деп,
Баланың ата қамқор шаруасында,[3] – дегендей, бала-шағасының нәпақасын тауып, солар кемтарлық көрмесін, оқысын, оқ, солын танысын деп қара терге малынған қайран әкелер! Осы қасиетіне орай Аллаһ тағала әкелердің отбасындағы рөлін бір саты жоғарылатып: *«...Дегенмен еркектер әйелдерден бір саты жоғары үстемдікке ие. Осының бәрі Аллаһтың құдіреті, даналығы арқылы орындалып жатады»*[4] – дейді. Ұлы Жаратушы Иенің әміріне құлдық ұрған халқымыз әкенің отбасындағы басшылық рөлін құрметпен бағалап «еркек – бас, әйел – мойын» деген. Әкеге шаңырақтың төрінен орын берген. «Отағасы» деп сыйлап, әке үкімін «айтылған сөз – атылған оқпен» тең көріп, қарсы шықпаған. Ақ жаулықты аналар да отағасының мәртебесін үнемі асқақтата көтеріп отырған.

Қазақ даласының тұрмыс-тіршілігінің айнасы іспеттес болған «Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов аналардың даналығын былай-

---

[2] Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. (жин: М. Жармұхамедұлы). 11-бет, Алматы, 1992.

[3] Бес ғасыр жырлайды. I, 270-бет, (I-II т.), Алматы, 1989.

[4] «Бақара» сүресі, 228-аят.

ша суреттейді: Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен бала Абай өзін күтіп тұрған туыстарын көреді. Бойын сағыныш билеген ол аттан түскен бетте амандасу үшін анасына қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар топқа қарай адымдай жөнеледі.[5] Осыдан келіп баланың көзінде әке асқар тауға айналса, әкенің көңілінде қайырымды ұрпаққа деген сүйіспеншілік алаулаған.

Шаңырақтың алтын босағасы, киелі тұтқасы – аналар. Халқымыз аналарды да аса құрметтеп қастерлеген. Ардақты аналарымыздың жүгі қай кезде де жеңіл болмаған. Олар өзінің жаратылысында адалдығы, еңбекқорлығы, шыдамдылығы, сезімталдығы, қанағатшылдығы, мейірімділігі, инабаттылығымен қандай қиындықты болса да табандылықпен жеңе біліп, жарқын болашаққа жол ашқан. Осы қасиеттерімен қазақтың сөз өнері мұрасының алтын қорынан іргелі орын алған Құртқа, Қарлыға, Баян, Ақжүніс, Қарашаш, Еңлік, Жібек, Домалақ ана, Айша бибі, Бопай ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды көптеген дана әрі дара тұлғалы аналарымызды халқымыз құрметтеп жырға қосқан, істерін өнеге, жолын нысаналы мәре етіп көрсеткен. Анаға деген сүйіспеншілікті асыл мұралар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған. Батырлар оның

[5] М. Әуезов. Абай жолы. I, 9-бет, Алматы, Жазушы, 2003.

алдында тізе бүгіп, небір марқасқа жандар ананың елі, жері, ұрпағы үшін көрсеткен жанкештілігіне тәнті болған. Ананы отбасының тынысына, елдің ырысына балаған.

Исі мұсылман халқымыз отбасында имандылық тәрбиемен көсегесі көгеріп ананың ақ сүтін ақтауды өзіне борыш санаған. Ананың көңіліне кірбің түсіріп, тілін алмауды, дауыс көтеруді кешірілмес күнә деп білген. «Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды» деген.

Батыр мінезді, кемеңгер Құнанбай қажының өзі бойындағы имандылық тәрбиенің ықпалымен әрбір ісін қарт анасының батасымен бастаған. Осы орайда «Абай жолы» эпопеясына қайта оралып, мына көрініске назар салайық: «Ұлжанның үйінің түстігіне, Күнке, Құдайберді, Айғыздар да жиналып отыр еді. Құнанбай Зереге қарап отырып, осы барлық туысына арнап аз сөз айтты. Онысы – ұзақ жолда көніліне көп келген мұң-уайымының үлкені еді.

Құнанбай өз басының жалғыздығын осы жолы қатты аңғарыпты. Аға, іниде серікке жарар медеу жоқ. Баланы ойласа, бәрі де жас. Және бір өкінгені – көп баланы үйлендіріп, немере сүйетін шағына жетсе де, сол қызықты өзіне-өзі іркіп, кешеңдетіп кепті. Енді сүйтіп, балаларының қызығын көрмек.

Бұған Зере бастаған бар шеше қуанып айтқаннан басқа қарсылық білдірген жоқ».[6]

Міне осылайша атам қазақ ананың отбасындағы орнын сыйлап, қастерлеп, мерейін асырған. Көңіліне

[6] М. Әуезов. Абай жолы. I, 228-бет.

қуаныш ұялатып, ақ батасын алуға талпынған. *«Аллаһтың разылығы – ата-ананың разылығында, Аллаһтың қаһары – ата-ананың ашуында»*[7] деген Пайғамбарымыздың хадисін өмірлік бағдаршамына айналдырған. Ата-ананың борышын өтеуді, оларды сыйлап-қадірлеуді мұсылмандық парыз деп түйген халқымыз ықылым заманнан:

«Балам деп бауырын езген ата-анаға,
Демеу боп тұралық та біз қасында.
Дүние бұл бір керуен сарай екен,
Не жетсін, шамаң келсе, сыйласуға.
Кезекпен келтіріпті күн көрсін деп,
Ұқсатып адамзаттың тұлғасына.
Қарызын ата-ананың өтеу парыз,
Адам боп жаралған соң ту басында»,[8] – деген даналық пайым жасайды.

Қазақы мұсылман отбасында ата-ана шаңырақтың шамшырағы, әрқайсысы өзіндік шоқтығы биік тұғырымен отбасының ұйытқысы. Аллаһ тағаланың адам баласына сыйлаған құнды нығметі. Осы нығметтің қадірін жете түсінген халқымыз: «Алты аға бірігіп – әке болмас, жеті жеңге бірігіп – ана болмас» – деп түйінді тұжырым жасаған

Өкінішке қарай, елімізде 70 жыл туын желбіреткен атеистік қоғамның салдарынан бойымыздағы асыл қасиеттердің жігі біртіндеп сөгіліп, орнына өз басының қамынан аспайтын шалағай түсініктер бой көтере бастады. Әке мен шешенің арасын тек дүниелік

[7] Бәйһақи. Шуабул-иман. VI, 177-бет.
[8] Бес ғасыр жырлайды. I, 270-бет.

мақсаттар байланыстырып, баланың тәрбиесі балабақша мен мектеп табалдырығынан ары аса алмай, кенжелеп қалды. Бойға берер жылуы жоқ қатал қоғамның тәрбиесімен мейірімге өгей өскен балалар әке-шешесіне тілазар, дауыс көтеріп, сөз қайтарудан қымсынбайтын, тіпті қол жұмсаудан тайынбайтын дәрежеге жетті. Ата-анасының жылы алақанын сезіне алмаған баланың көңілі жетім, қартайғанда баласынан мейірім-шапағат көре алмаған ата-ананың өзі жетім күйге түсті.

Өзіңнен туған ұл мен қыз

Сыйламаса сол қайғы,[9] – деп Төле бидің айтқанындай, қара шаңырақ мұсылмандық қасиетінен айрылып, көңілдерді мұң басты. Үлкенді сыйлау бар болғаны сөз жүзінде қалды.

Бала-бала деуменен мазалымыз,

Баладан болар білем ажалымыз,

Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,

Келін деген даяр тұр тажалымыз,[10] – деп қарттарды еңіреететіндей қатігездікке калай келдік?! «Ата-анаң жынды болса байлап бақ» деп үйреткен халқымыздың тарихында әке-шешесін қарттар үйіне, далаға тастау деген жаман әдет бұрын-соңды болмаған еді. Мұсылмандықтан алшақтаған қоғамның қажеттілігіне орай қарттар үйі ашылып, ішін сәбидей жаутаңдаған қауқарсыз қарттармен толтырып қойдық. Бұл – рухани тұрғыдан құлдырауымыздың белгісі емес пе?.

---

[9] Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 317-бет, Алматы, Санат, 1997

[10] Ақберен (XVIII-XX ғ-ғы қазақ ақын-жырауларының жырлары), құр: Қ. Сыдықов. Алматы, Жазушы, 1972.

Ата-ананың қадірін білмеген қоғам ұрпағынан сый күтпесін. Елдіктің бастауы – бесік. «Ел болам десең, бесігінді түзе», – деп бекер айтылмаған. Ұрпағымыз бесіктен белі шықпай жатып тілазарлық етпесін десек ата-анамызға деген сый-құрметімізді ой елегінен өткізгеніміз абзал. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде: *«Сендер әкелеріңе (ата-аналарыңа) жақсылық жасаңдар, балаларың да сендерге жақсылық жасасын»*[11] деп ғұмырлық өсиет етті. Ата-анамызға көрсеткен сый-құрметіміздің өтеуі балаларымыздан қайтатынын мәлімдейді. Құран Кәрімде айтылғандай: *«Жақсылықтың нәтижесі жақсылықтан басқа болушы ма еді?»*.[12] Бұл – құдіреті күшті Аллаһ тағаланың орнатқан заңы. Олай болса, шаңырағымыздың керегелері сыйластықпен керілсін десек, отбасымызға бақ қонып, берекесін берсін десек, ата-анамыздың алдында құрақ ұшып, мерейін өсірейік. Олардың ризашылығына бөленіп, ақ батасын алайық. Ал бұл жолда бізге жөн сілтейтін, бағыт-бағдар көрсететін Құран Кәрім мен Аллаһ елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистері екені даусыз. Себебі рухани құндылықтарымыздың негіздерін үйренуде біздің ең басты қайнар көзіміз – Құран мен сүннет. Осы екі қайнар көзде ата-ана ақысына қатысты айтылған ұстанымдар дініміздің аталмыш тақырыптағы тұжырымдарының айғақтары болып саналады. «Жұмақтың кілті – жанында» атты кітап Құран мен сүннеттің ата-ананың қадірі жайлы ұлық

[11] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. I, 299-бет; әл-Хаким, әл-Мустәдрәк, IV, 171-бет.

[12] «Рахман» сүресі, 60-аят.

ұстанымдарын жұртшылыққа жеткізуді мақсат етеді. Бұл кітапты дайындау барысында Фуркан Адилдің «Кудси ики варлык анне-баба» (Екі қастерлі жан – ата-ана) (Измир, 2006) атты кітабын басты қайнар көз ретінде қолдандық. Сонымен қатар өзге де мұсылман ғалымдарының еңбектерін, тәпсір кітаптарын қазақтың қабырғалы ақын-жазушыларының даналық пайымдауларымен ұштастырып тақырыптың тынысын кеңейтуге тырыстық.

I – ТАРАУ

ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕРДЕГІ АТА-АНАНЫҢ АҚЫСЫ

ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕРДЕГІ АТА-АНАНЫҢ АҚЫСЫ

Адам баласын жаратып, оған сана мен ақыл беріп, Жаратқанға құл болу секілді ұлы жауапкершілікті жүктеген Аллаһ тағала оны мына фәни дүниеде де ескерусіз қалдырмады. Пайғамбарлары арқылы оларға тура жолды көрсетті. Адамзатты тура жолға бастауы үшін пайғамбарларының кейбіріне парактар, кейбіреулеріне кітап жіберді. Соңғы пайғамбары Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақырғы кітап – қасиетті Құран Кәрімді нәсіп етті.

Адамзатқа жіберілген осы соңғы қасиетті кітапта шексіз мейірім иесі Аллаһ тағала ата-ананың ақысына ерекше назар аударған. Менің құзырыма ата-ана ақысын аяқ асты етіп емес, қайта олардың ризашылығына бөленіп, ақ батасын алып келіңдер деп бұйырған. Ал Ұлы Жаратушының ескерткен нәрселерін құрмет тұту – мұсылмандықтың белгісі.

Құран Кәрімде ата-ананың ақысына ерекше мән берілгені секілді Пайғамбарымыздың да бұған барынша ден қойғанын оның хадистерінен нақты көруге болады. Бүкіл ғаламға рақым ретінде жіберілген ардақты Елші үмбетіне сөздері мен істері арқылы кез-келген мәселеде үлгі болған. Пайғамбарымыз түрлі себептерге қатысты ата-ананың ақысына ерекше назар аударып, ескерту мен талап-тілектерін айтып отырған.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһқа деген сенім мен тәухид мәселесінен кейінгі ең көп көңіл бөлген мәселенің бірі – ата-ананың ақысы бола-

тын. Ислам діні келмей тұрып қараңғы түнекте адасып жүрген адамдарға күннің көзін айқара ашып, жарыққа қарай бастаған Аллаһтың ақырғы елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ата-ананы жаннаттың қақпасына һәм көлеңкесіне теңеген. Оларға жақсылық жасаудың қадір-қасиетін баяндаған. Үмбетін ата-ананы құрметтеуге шақырған. Төменде Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың хадистері негізінде осы екі абзал жанды қадір тұту жөніндегі мәселелер қозғалмақ.

Жаратқанға құлшылықтан кейінгі парыз

Барша адамзаттың жаратылу мақсұты – Аллаһ тағаланы тану және Оған құлшылық жасау. Өмірдің ең басты ақиқаты осы. Құранда бұл ақиқат, яғни Аллаһ тағаланы танып, Оған лайық түрде құлшылық ету жайлы баяндалған соң, ата-ананы сыйлап, оларға жақсылық жасау міндеті айтылады. Ұлы Жаратушы Иеміз адамдарға Өзіне құлшылық жасаумен қатар, ата-анаға құрмет көрсетуді бұйырады.

«Исра» сүресінің 23-аятында Аллаһ тағала :

«Раббың тек қана өзіне құлдық, ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды»,– деп, Аллаһ тағалаға құлшылық жасау тәрізді ата-анаға жақсылық жасаудың да парыз екенін мәлімдейді.

Аллаһ тағалаға құлшылық ету мен ата-анаға жақсылық жасаудың бір аятта, бірінен соң бірі баяндалуы – Аллаһ тағаланың ата-ананы қадірлеуге қаншалықты мән беретінін көрсетеді. Әрі бұл аятта Аллаһ тағалаға құлшылық пен ата-анаға жақсылық жасау арабшадағы «қада» етістігі арқылы берілген. «Қада» етістігінің. мағынасы «нақты үкім берді, бұйырды» дегенді білдіреді. Демек, Аллаһ тағалаға

құлшылық жасау адамдар үшін нақты үкіммен бұйырылған парыз болса, ата-анаға жақсылық жасау да сондай маңызды парыздың бірі. Бұл аятта «нақты үкім берді» деген етістіктің қолданылуының да өзіндік сыры бар: Аллаһ тағаланың алдында құлшылық жасамау үшін адамдардың айтатын ешқандай сылтауы жоқ. Себебі адам баласын жаратып, өміріндегі барлық нәрсені оған нәсіп еткен Аллаһ тағала. Сондай-ақ, ата-ана ақысын аяқ астына таптауға да ешкімнің құқығы жоқ. Себебі адам болып жаратылған күннен бастап өмірінің соңына дейін оған жанашырлық танытатын осы абзал жандар. Сондықтан Аллаһ тағала ата-ана ақысына қатысты да «нақты үкім бердім» дейді.

Аятта ата-анаға жасалатын жақсылық араб тіліндіге «ихсан» сөзімен берілген. Ихсан сөзінің мағынасы «ата-анаға құрмет көрсеткенде, қолғабыс жасағанда Аллаһты көріп тұрғандай шынайы әрекет ету» дегенді білдіреді. Сахаба Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) осы аяттың «ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды» деген бөлімін: «Ата-ананың қасында киіміңді сілкілеп қақпа, себебі киіміннен шыққан шаң-тозаң олардың мазасын алуы мүмкін», – деп тәпсірлейді. Осылайша ата-ананың көңіліне шаңның тозаңындай болсын кірбің түсіруге болмайтынын айтып, мәселенің қаншалықты жауапкершілікті қажет ететінін көрсетеді.

«Ниса» сүресінің 36-аятында да Аллаһ тағала құлдарына:

«Тек қана Аллаһқа ғибадат етіп, Оған еш нәрсені серік етіп қоспаңдар. Ата-анаға, туысқандарға,

жетімдерге, кедейлерге, жақын көршілерге, алыс көршілерге, жол серігіңе, ғаріп пен жолаушыларға, қол астыңдағыларға да жақсы қарым-қатынаста бол. Аллаһ тағала өзімшіл және мақтаншақтарды жақсы көрмейді», – деу арқылы ата-анаға құрмет көрсетуді бұйырады. Аятта Аллаһ тағала адамдарды бір-біріне жақсылық жасап, құрмет көрсетуге шақырады. Қоғамдық қатынастарда игілікті негіз етіп белгілейді де сол игіліктің төріне ата-ананы шығарады. Аллаһ тағалаға ғибадат етіп, Оған серік қоспау әмірінен кейін бірінші орында ата-анаға құрмет көрсетілу керек екендігі баяндалады.

«Сендерге Аллаһтың нені харам еткенін білдірейін. Оған (Аллаһқа) ешнәрсені серік қоспаңдар, ата-анаға жақсылық жасаңдар! Кедейліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер. Біз оларға да, сендерге де ризық береміз. Жасырын болсын, жария болсын, жамандыққа жуымаңдар. Нақақтан адам өлтірмеңдер. Ойлануларың үшін Аллаһ сендерге осыларды өсиет етеді»[13] – деген аятта да ата-ана ақысы Аллаһтың ақысынан кейін айтылады. Бұл аятта адам баласына жүктелетін екі ақы бірінен кейін бірі баяндалады. Алғашқысы – Аллаһтың ақысы. Аллаһтың ақысы дегенде ең бірінші ойға оралатыны – Оның жалғыз, дара екеніне сеніп, Оған ешқандай серік қоспау. Екіншісі – кісі ақысы. Ал кісі ақысында бірінші орында адам баласы үшін ата-ана алдындағы борышы тұрады. Осыған орай аятта ата-анаға жақсылық жасап, қайырлы ұрпақ болу міндеті дереу Аллаһтың ақысынан кейін айтылған.

[13] «Әнғам» сүресі, 151-аят.

Құран Кәрімдегі келесі аятта Аллаһ тағала Исраил ұрпақтарына да Өзіне құлшылық ету міндетінен кейін ата-анаға жақсылық жасауды бұйырғанын баяндайды:

«Бір кездері Исраил ұрпақтарынан: «Аллаһтан басқасына құлшылық қылмаңдар, ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар, жақындарыңа, жетімдерге, кедей-кепшіктерге қайырымды болыңдар, адамдарға жақсы сөздер айтыңдар, намаз оқыңдар, зекет беріңдер», – деп, уәделерін алған едік. Сол серттен көбің тайып кеттіңдер».[14]

Демек, ата-анаға құрмет тек қана хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне ғана емес, бізден бұрынғы пайғамбарлардың үмбеттеріне де өсиет етілген маңызды міндет екенін көреміз.

Сахаба Абдуллаһ ибн Мәсуд (р.а.) бір күні Пайғамбарымыздан: «Аллаһқа ең жағымды, ең сүйкімді нәрсе не?», – деп сұрағанда Аллаһ Елшісі оған былай деп жауап қатады: «Кешіктірілмей, уақытында оқылған намаз». Сахаба әрі қарай сұрағын жалғастыра түседі: «Уа, Аллаһтың Елшісі, ал одан кейінгі ең ізгі амал қайсысы?» дегенде Аллаһ расулы: «Ата-анаңа жақсылық жасау» – деп жауап қатады.[15]

Мән беріп қарайтын болсақ, Құранда Аллаһ тағала Өзіне құлшылықтан кейін ата-ананы қастерлеуді бұйырса, Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де Жаратушы Иенің үйретуімен ата-анаға жақсылық жасауды құлшылықтан кейінгі маңызды іс ретінде

[14] «Бақара» сүресі, 83-аят.

[15] Бухари. Жиһад. 1; Әдеп, 1; Муслим, Иман, 137-140.

қарайды. Сондықтан хадистерде де Аллаһ тағалаға құлшылықтан кейін ата-ана ақысы баяндалады.

Аллаһқа құлшылықтан кейін орындауымыз керек міндет ретінде айтылатындай бұл мәселенің қандай маңыздылығы бар? Бұл сұрақтың жауабын тәпсірші ғалымдар былай деп түсіндіреді:

1) Адамның дүниеге келуінде негізгі себеп – Аллаһ, жанама себеп – ата-ана.

2) Адам баласының материалдық және рухани жағынан өсіп, кемелденуі ең әуелі Аллаһ тағаланың нығметтеріне тиесілі болса, одан кейінгі орында ата-ананың жанкештілігі, өздерін сол жолда пида етуге даяр сүйіспеншілігі тұрады. Себебі ата-ана – баланың жарық дүниеге келуінде дәнекер әрі оның өсіп-жетілуін мойнына алатын тәрбиеші. Басқа адамдар баланың тәрбиесіне үлес қосқанымен, оның дүниеге келуіне себеп бола алмайды. Басқалары баланың өсіп-жетілуіне қамқорлық жасағанымен, әке-шешесі секілді шыбын жанын шүберекке түйіп, бары мен жоғын оның жолына сарп ете алмайды.

3) Аллаһ тағала құлдарына беретін нығметтері үшін ешқандай ақы талап етпейтіні секілді, ата-ана да баласының жолына төккен бар қажыр-қайраты, есіл еңбегі үшін түйірдей болсын ақы алуды ойламайды.

4) Аллаһ тағала құлдарын күнәһар болса да нығметтеріне бөлегені секілді, ата-ана да баласының тілазарлығына қарамастан өмірінің соңына дейін жанашыры болып өтеді.

5) Аллаһ тағала құлдарының жасаған жақсылықтарына Өзінің ұлықтығына тән сипатпен разы болып, сауабын молынан нәсіп ететіні секілді, ата-ана да баласының жетістігіне шын жүректен шаттанып,

асқар шыңға қол жеткізуі үшін әрдайым демеп отырады. Сондықтан қасиетті Құран кәрімде кісі ақысына қатысты мәселеде ең әуелі ата-ананың орны айтылып, аят пен хадистерде оларға құрметтің маңыздылығы Аллаһқа ғибадат етуден кейінгі ретте көрсетілген.

«Ұрпағым — жұбанышым»

Ата-анаға құрметтің өлшемін білдірген аяттардың бірінде Аллаһ тағала:

«Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде қартайса, оларға «ух» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және сыпайы сөйле...»,[16] – дейді.

Бұл аятта Аллаһ тағала ата-ананы неліктен «екеуі» деумен қатар **«олардың бірі»** деп бөліп айтқан? Осы сөздің өзінде терең сыр бар: «Бір жағынан алып қарағанда ата-ана бір-біріне өмірлік жолдас. Олар өмірдің тәттісін де, ащысын да бірге тартып, бірге бөліседі. Бірақ, барлық тіршілік иесінің басына келетіні секілді бір күні олардың да арасын өлім айырады. Өмірлік серігін жоғалтқан жан қара жамылып, қайғылы күндердің қойнауына енеді. Ол үшін бұл өмір қаңсырап қалған бос дүниедей көрінеді. Жалғыздыққа үйренісе алмай кейде о дүниелік болған жұбайының зиратына барып, ішіне бүккен қайғыдан көкірегі қарс айрылып, көз жасын көл қылады. Өзінің қайғысымен қоса дос-жарандарының, туған-туыстардың арасынан да бұл дүниемен қош айтысып жатқандар оның еңсесін одан әрі баса түседі. Сондықтан Құран бізге былай деп ескерту жасайды: «Осындай аянышты күйге түскен әкелеріне немесе аналарына баласы ретінде

[16] «Исра» сүресі, 23-24-аяттар.

қолдау көрсетіңдер. Жығылған үстіне жұдырық болмаңдар. Оларды қарттар үйіне жіберіп, көшелерде қаңғыртып, қайысқан қабырғасын қаңсыратпаңдар. Ол қазір ең ауыр күндерін басынан өткізуде. Айналасынан қайғысын бөлісетін дос іздейді. Өмірінің үмітіне айналған баласының өзіне көңіл бөлгенін қалайды. Немерелерінің басынан иіскеп қайғысын сейілтуге тырысады. Жалғыздық қасіретін ұмытып, өзін бақытты сезінгісі келеді».

Шын мәнінде Аллаһ тағала аятта «олардың бірі» деп бөліп көрсету арқылы, адамзатты, «өмір» деген ауырсоқпақта жолсерігінен айрылып, көңілі құлазыған қарттың ішкі жан дүниесін түсінуге шақырады. Өте сезімтал жүрекпен, шын пейілмен оларға қызмет көрсетуді бала-шағасынан талап етеді. Қартайған шағында көңілшек боп кететін қарт жан-жарынан айрылғанда тіпті қауқарсыз сәбидей қорғансыз күйге түседі. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

Неменеңе жетістің, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, – деп дөп басып, өлеңмен өрнек өргені тәрізді, қарттыққа бой алдырған жан, оның үстіне ғұмырлық серігінен айрылса, «күнінде асыл десең де, қартайған күнде ер жетімнің» күйін кешеді. Ондайда оның хал-ахуалын жиі сұрап, ас-суын әзірлеп, дәрі-дәрмегін уақытымен ұсынып, көрпе-жастығын жайлы етіп төсеп, отбасының қуанышты жаңалықтарын бөлісіп, әңгімелесіп, талап-тілегін сұрап отырған абзал. Сонда жалғыздықтан жабырқап жүрген қарттың жаны рахатқа бөленіп, бір жасап қалады. Іштей баласына елжіреп, батасын

беріп, ризашылығын білдіреді. Сондықтан дінімізде адам баласынан қай-кезде болмасын ата-анасына жұбаныш болу талап етілген.

Ата-анаға «үһ» деу – ең ауыр сөз

Жоғарыдағы аятты қайта қарастыратын болсақ:

«Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарында тұрған кезде қартайса, оларға «үһ» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле...»,[17] – делінген.

Ең әуелі аятта баланың ата-анасымен қандай қарым-қатынаста болып, оларға қалай сөйлеу керектігі көрсетілген. Перзенттің ата-анасына қарсы келуі, жекуі, ұрсуы, қол көтеруі, жүректеріне кірбің түсіруі, оларды жалғыз тастауы былай тұрсын, «үһ» деуіне де болмайды. Құран ата-анаға құрметсіздіктің ең өрескел түрін «үһ» деген сөзбен бейнелейді. Олардың алдында «үһ» деген сөзді айтудың өзіне тыйым салса, оларға қарсы сөз айтып, жекудің қаншалықты жиіркенішті екенін өіңіңіз-ақ пайымдай беріңіз.

Ата-анаға деген құрмет қоғамның да ұйытқысы болғандықтан Жаратушы Жаппар Иеміз Құранда бұған ерекше тоқталған. Сондықтан мұсылман пенде бұл мәселеге үстірт қарай алмайды. Алайда, дәл осы мәселеде тек қана діни және ұлттық тәрбиеден шеттеп қалғандар ғана емес, кейде өзін мұсылманмын деп, Исламның бүкіл құндылықтарын жан-жүрегіммен қабылдадым дегендердің өзі де қателікке ұрынып жататыны ащы шындық. Иман келтірген жан Жаратқан Иенің разылығына жетелейтін іс-әрекеттерді атқаруымен қатар, Оның разылық танытпаған амал-

[17] « Исра» сүресі, 23-аят.

дарын да жасап, жақсылық атаулыдан жұрдай болмауды да ескергені жөн. Бұл жөнінде мұсылман ойшылы Ф. Гүлен: «20 ғасырда елеусіз қалып, маңызсыз мәселелердің қатарына ысырылған құндылықтың бірі – ата-ана ақысы. Осы жайдың Батыста белең алуы қалыпты жайт деп қабылдасақ та, мұсылман әлемінде мұндай түсініктің орын алуы ақылға қонымсыз әрі таңқаларлық мәселе. Біріншіден, Құранда ата-ананы «уәлидәйн» деп бір сөзбен беріп, бір кісідей көрсетіп, олардың ақысын Аллаһ пен Аллаһ елшісінің ақысымен бір қатарда баяндайды. Сондықтан біздің мойнымызда осы ұмытылған немесе ұмыттырылған ақиқаттарымызды ұрпағымыздың қайтадан есіне түсіру міндеті тұр. Әсіресе білім беру саласында жүргендердің бәрінің бұл міндетті қоса атқарулары тиіс.

Бүгінде Ислам діні үшін өмірлік маңызы бар мәселелермен шұғылданып жүрмін деп, ата-ана ақысына немқұрайдылықпен қарайтын жандар да кездеседі. Бұл аса қауіпті қателік. Тіпті мұның дұрыс еместігін білмейтіндер немесе оны дұрыс емес деп қабылдамайтындар хақ жолдан тайып бара жатқандарын да сезбейді».[18] – дейді.

Кейбір жастар ата-анаға ақша жағынан қарасуды перзенттік борышын өтегендік деп біледі. Ал ата-ананың перзентінен күтетіні тек қана материалдық көмек пе? Өзіңнің күйбең тіршілігіңнің арасында ата-анаңа уақыт бөліп, жанына жиі барып, халжағдайын біліп, қасында отырып әңгімелессең, балашағаңды ертіп барып, бастарынан иіскетіп, көңілін

[18] Ф. Гулен. *Фасылдан-фасыла-3*. 104-105-б.

көншітсең, келінінің демдеген қою шайын ұсынып, мерейлендірсең, ата-анаң .Аллаһқа шүкіршілігін айтпай ма? Оның қазіргі бар арманы осы емес пе? Осы қызықты одан кем көріп, ат-ізін салмай кететін, сарғайтып, жолын тостыратын жастарға не деуге болады? Әлпештеп өсірген баласы қайырымсыз боп, тірідей суынып кеткен перзентін бір көруге зар болған әке-шешені не деп жұбатуға болады? «Баланың жаксысы – қызық, жаманы – күйік» – деген сөз осындайда айтылса керек.

Мейірімділік пен дұға

«Исра» сүресінің 23-24 аяттарының соңында былай делінеді: *«...оларға сыпайы сөйле. Мейіріммен құшақ жайып олар үшін былай деп дұға жаса: «О, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе бөлей гөр!».*

Ата-ананы ренжітпеуіміз, олардың көңіліне келетіндей сөздер айтпауымыз керек. Әрдайым көңілдерін жадыратып, жылы сөздер айтып, жарқын мінез танытып, олардың қас-кабағына қарап, хал-жағдайларын айтқызбай аңғарып, көңілдерін тауып, жағдайларын жасағанда кілем боп жайылып, төсек боп төселе білу қажет. Аллаһ тағаланың ата-ана ақысына қатысты қойған бір талабы – осы. «Иманы бардың белгісі – тілінен тамар шырасы» – деп Шортанбай ақынның айтқанындай, имандылығымыздың нышаны іспеттес әдептілігімізді ата-анамыздың алдында да ұмытпағанымыз абзал. Баласының сыпайы сөзі мен жылы қабағы – ата-анаға үлкен қуаныш. Ибраһим пайғамбар (а.с.) Құранда баяндалғандай, Аллаһқа сенбейтін әкесінің өзіне «Әкешім!» деп мейірлене

сөз бастаған. Демек, Ислам тарихындағы бұл ұлық оқиғаның бір ғибраты — ата-ананың алдындағы әдептілікті, мұсылмандықтың белгісін білдіреді.

Жоғарыдағы аятта Аллаһ тағала бізден ата-ананың алдында сыпайы сөйлеп, кішіпейіл болумен қатар, олар үшін әрдайым қол жайып дұға жасауымызды талап етеді. Біз Хақ тағаланың ұлылығын мойындап бас иеміз. Ал Жаратқан Ие ата-анамыздың алдында да біздің құрметпен бас июімізді қалайды. Аятта ата-анамызға деген борыштарлық сезімімізді оятып, оларға қалай дұға жасау керектігін: *«О, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміне бөлей гөр!»* – деп көрсетеді.

Құран Кәрімнің 114 жерінде Аллаһтың «Рахман» және «Рахим», яғни асқан мейірімді мен тым рақымды екендігі айтылады. Ал жоғарыдағы аятта бізден ата-анамыз үшін Аллаһ тағаланың осындай шексіз мейірімін тілей отырып дұға жасауымыз талап етілген. «Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміне бөлей гөр!» деп, дұғамызға Аллаһ тағаланың мейірімін арқау етуді үйретеді. Әрі «Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса» дей отырып, олардың осы уақытқа дейін біз үшін жасаған жақсылықтарын есімізге салып, осыны үнемі жадымыздан шығармауды ескертеді.

Сонымен қатар Құранда Аллаһ тағала «Ибраһим» сүресі 41-аятта Ибраһим пайғамбардың (а.с.): *«Ей, Раббымыз! Менің, ата-анамның және барлық мұсылмандардың қиямет күні күнәсін кешір!»* – деп ата-анасы үшін жасаған дұғасын бізге үлгі ретінде ұсынады. Тіпті пайғамбарымыз Мұстафаның (саллаллаһу

аләйһи уә сәлләм) үйретуі бойынша намазда біз осы дұғаны айтамыз. Демек мұсылманның миғражы іспеттес болған намазда, Аллаһ тағаланың алдында бас иіп, құлшылығымызды атқаруға тұрған кезімізде өміріміздегі ең асыл жандар – ата-анамызды да ұмытпай, олар үшін де тілек тілейміз. Ибраһим пайғамбардың Құранда айтылған баянды тілегімен намазымызды көркейтіп, күніне бес уақыт Аллаһ тағаланың алдында соның айтқандарын қайталап, намазымызды сол дұғамен тәмамдаймыз.

Ата-анаға құрмет – Пайғамбарға тән мінез

Пайғамбарлар жер бетінде Аллаһ тағаланың мұратына қарай өмір сүреді. Олардың сөйлеуі, күлуі, демалуы, күнделікті тіршілігі мен әлеуметтік қарым-қатынастары бейне-бір Аллаһтың рұқсатымен жасалып жатқан іс-әрекеттер секілді. Олар тікелей Аллаһ тағаланың ұлық тәрбиесімен өскен үлгілі адамдар. Пайғамбарымыз да (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде осыны меңзеп: *«Мені Раббым өзі тәрбиеледі, тәрбие болғанда да ең керемет үлгіде»*,[19] – дейді. Пайғамбарлар іс-әрекеттері мен көзқарастары арқылы бізге жол көрсетеді. Біз оларға қаншалықты ұқсасақ иләһи ахлақты соншалықты бойымызға сіңірген боламыз

Құран Кәрімде баяндалғандай хазрет Иса пайғамбардың (а.с.) анасына құрмет көрсету мәселесінде Аллаһтан әмір алғанын және осы қасиетімен адамдарға үлгі болғанын көреміз. Ол Аллаһ тағаланың бұл жақсылығын былай тілге тиек

[19] Мунауи. Фәйзул-қадир. I, 224-225-беттер; Ажлуни. Кәшфул-Хафа. I, 72-бет.

етеді: *«Қайда жүрсем де (Аллаһ) мені құтты, мүбәрәк етті. Өмірімнің соңына дейін маған намаз оқуды, зекет беруді парыз қылды. Анама мейірімді, қайырлы перзент етіп, ешуақытта дөрекілік пен бейбақтыққа ұрындырмады».*[20]

Олай болса ата-анаға құрмет – әу бастан пайғамбарларға тән қасиет. Аллаһ тағала пайғамбарлардың ата-аналарына көрсеткен құрметтерін Құранда баяндап, олардың осы әрекеттерін бізге үлгі ретінде ұсынады.

Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әкесі өзі әлі дүниеге келмей тұрғанда, ал анасы алты жасқа толған кезінде өмірден озған-ды. Сондықтан Пайғамбарымыздың көзі тірісінде ата-анасына көрсеткен құрметі жайлы дерек кездеспейді. Алайда Пайғамбарымыз өзінің сүт анасы хазірет Халимаға барынша құрмет көрсеткен. Бір күні Халиманың келгенін көріп, орнынан тұрып, өзінің шапанын оның астына төсеніш ретінде төсейді. Ол кезде тіпті Халиманың мұсылман болып-болмағандығы да беймәлім еді. Соған қарамастан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүт анасына деген құрметін осылайша білдіреді. Оған деген құрметінің белгісі ретінде «сахаба мазары» саналатын Мәдинадағы Бақи мазарлығынан оған да орын алғызады.

Құранда Сүлеймен пайғамбардың (а.с.) ата-анасы үшін:

«Уа, Раббым! Мені үнемі маған және ата-анама берген нығметтерің үшін шүкіршілік ететін құлдарыңнан ете гөр»[21] деп дұға еткендігі баяндала-

[20] «Мәриям» сүресі, 31-32-аяттар.

[21] « Нәмл» сүресі, 19-аят.

ды. Осылайша ол Аллаһ тағаланың ата-анасына берген жақсылықтарын ұмытпай, ата-анасының атынан шүкіршілік білдіруді өзіне борыш санайды.

«Мәриям» сүресінің 41-48 аяттарында баяндалғандай Ибраһим пайғамбар әкесі Азәрді тәухидке, бір Аллаһқа иман етуге шақырады, бірақ әкесі оның сөзін тыңдамайды. Сонда Аллаһқа сенбейтін әкесімен әңгімелесу барысында Ибраһим пайғамбардың қалай әрекет еткені Құранда былайша баяндалады:

*«Бір күні ол әкесіне былай деді: «**Әкешім!** Неліктен сарап, көр, саған ешқандай пайдасы жоқ нәрсеге табынасың? **Әкешім!** Ақиқатында сен бұрын-соңды естіп-білмеген бір ілім маған берілді. Олай болса, менің айтқандарыма құлақ сал, сені тура жолға бастайын. **Әкешім!** Шайтанға құлдық ете көрме. Себебі шайтан өте мейірімді Аллаһқа қарсы келді. **Әкешім!** Аллаһтың азабы басыңа келіп, шайтанның жетегінде кетесің бе деп қорқамын».*

Ибраһим пайғамбар (а.с.) мәңгілік бақыт пен мәңгілік өкініш секілді екі жолдың торабында тұрған әкесі үшін шыр-пыр болып, оны бақыт жағына қарай тартуға тырысады. Жоғарыдағы аятта ол төрт мәрте «Әкешім» деген сөзді қолданады. Әкесі оның сөзін тыңдамайтынына көзі жеткен кезде: *«Аман-сау бол. Раббымнан сен үшін кешірім сұраймын. Раббым маған жақсылығын нәсіп етеді»*, – дейді. Ибраһим пайғамбар осындай қиын кезеңнің өзінде әкесінің жүрегін жараламауға ерекше мән береді.

Міне, Құранда баяндалғандай және Ардақты Пайғамбарымыздың өмірінен көргеніміздей ата-ананы құрметтеу пайғамбарларға тән мінез болған.

Олар Аллаһтың жер бетіндегі елшілері бола тұра, ата-аналарын құрметтеуді естерінен бір сәт те шығармаған. Ұлы Жаратушы Иенің оларға берген тәрбиесі осындай мінсіз иләһи тәрбие болатын-ды. Аллаһ тағала Құранда өзінің сүйікті құлдарының осы ізгі істерін бізге үлгі-өнеге ретінде ұсынады.

Перзенттік қарыз

Ата-ананың ақысын өтедім деу – мүмкін емес. Себебі «адам жатырда пайда болған күннен бастап үнемі ата-ананың арқасына арқалаған жүгі болады. Ал ата-ананың баласына деген мейірімінің тереңдігі мен баланы өсіру жолында тартқан азаптарының мөлшерін анықтау мүмкін емес. Сондықтан оларды қадір тұтып, құрметтеу – адамдық борышымыз әрі міндетіміз».[22]

Оларға қаншалықты қарыздар екенімізді өлшеп біле алмаймыз. Көрген қиыншылықтарын тек қана өздері, сосын Аллаһ біледі. Сол себепті оларға жасаған барлық жақсылығымыз бізге жасағандарының қасында теңіздің тамшысындай болып қала бермек.

Ата-ананың ақысын өтеудің мүмкін еместігі жайында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: «Адам әкесінің алдындағы борышын өтей алмайды. Тек қана әкесі құлдыққа түсіп қалып, баласы оны құлдықтан құтқарса ғана борышын өтеген болуы мүмкін»,[23] – деп баяндайды.

Хадистегі айтылған жайт құлдық жүйе келмеске кеткен бүгінгі заманда ескіліктің қалдығындай көрінуі мүмкін. Себебі қазіргі таңда құлдық құрылымы

[22] Ф. Гулен. Өлчи ве йөлдаки ышыклар. 142-бет.

[23] Муслим. Итқ. 25; Әбу Дәуд. Әдеп. 120.

жойылған. Ал Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кезеңінде құлдық кең тараған әдет еді. Тіпті оның зиянды белгілері 18-19 ғасырларға дейін жалғасын тапты. Пайғамбарымыз өмір сүрген кезеңнің шарттарын ескере отырып ой талқысына салар болсақ, хадисте берілген мысал өте орынды. Себебі қай кезеңде болмасын адамзат үшін ең басты нәрсе – оның бас бостандығы. Адами қасиеттерін жоғалтпаған жан аштыққа, кедейлікке шыдауы мүмкін, бірақ құлдыққа шыдай алмайды. Аллаһ Тағала бізге таңдау еркін, шешім қабылдау қабілетін берген. Мұны ерік-жігер дейміз. Ерік-жігерді қолдану тек бостандық арқылы жүзеге асады. Бас бостандығынан айрылған адам өз еркінше шешім қабылдай алмайды. Мұндай адам әйтеуір кеудесінде жаны бар тірі өлік секілді. Еркіндік – Аллаһ тағаладан адам баласына жер бетінде халифа болу үшін берілген үлкен нығмет, баға жетпес қазына. Құлдықта жүрген адам бостандыққа қол жеткізсе, өмірге қайта келгендей болады. Өлім аузында жатқан дәрменсіз ауруға сіз бір дәрі беріп, сол дәрінің арқасында әлгі адамға шипа дарып, аяғынан тік тұрып кетсе, қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздамай ма? Бостандыққа қол жеткізген адамның қуанышы да сондай. Сондықтан ардақты Пайғамбарымыз «құлдықтан құтқарса ғана борышын өтеуі мүмкін», – деген. Яғни сондай қымбат сыйды тарту еткенде ғана перзент ата-ана алдындағы борышын өтеуі мүмкін. Алайда байқап отырғанымыздай Пайғамбарымыз бұл жерде «мүмкін» деген сөзді шегелеп айтқан.

Аллаһ елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбаттарынан нәр алып, сахаба деген абыройлы атаққа ие болған бақытты жандардың бірі – хазрет Муаз ибн Жәбәлдан

біреу «Перзенттің ата-ана алдындағы борышы қандай?» – деп сұраған екен. Сонда хазрет: «Малмүлкің мен бала-шағаңды сол жолда сарп етсең де олардың ақысын өтей алмайсың», – деп жауап беріпті.

Ананың ақ сүті

Аллаһ тағала жаратылыстағы өзге де тіршілік иелері іспетті адам баласын да жұбымен жаратқан. Ер мен әйелді екі жартыға теңесек, олар бір-бірінің кемшіліктерін толықтыруы арқылы, бір бүтінді құрайды. Алайда осы екі жартының да әрқайсысының жаратылыс ерекшеліктеріне сай бір-бірінен өзіндік артықшылықтары бар. Ер кісінің табиғатына тән қасиеттің бәрін әйел затынан талап ету сорақылық, ал нәзік жандыларға тән қасиетті шаңырақтың тірегі ер азаматтың бойынан іздеу – әділетсіздік болар еді. Мысалы баланы мейірім шуағына бөлеу – әкеден гөрі анаға тән қасиет. Бұл қасиет әйел затының нышаны іспеттес. Ана болу – ұлы сезім. Оны тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Осындай қасиетке ие болған аналар ата-аналық мәртебеде әкелерден бір саты жоғары тұрады. Әйел баласы бұл дәрежеге әйел болғандығынан емес, ана болғандығы үшін қол жеткізеді. Ана деген құрметті атты әйел заты жанқиярлық еңбегі арқылы аса қымбат бағаға сатып алады. Ол перзенті үшін тар құрсағын кеңейтіп, жүгі ауыр жүктілікті басынан өткізеді. Сәбиін тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймай, түн ұйқысын төрт бөліп, мұздай бесік таянып, баласын көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіреді. Өзі жемей, баласына жегізіп, өзі кимей, баласына кигізіп, аяғынан тік тұрғызады. Баласы қиналса,

ананың жүрегі сыздайды. Ұлттық тәрбиенің негізін қалаушылардың бірі Ыбырай атамыз бұл тақырыпты төмендегіше өлеңге қосқаны мәлім:

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргектеп,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Айдынды көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.[24]

Бізді құшағына басып, басымыздан иіскеп, еркелетіп сүйген, қайғы-мұңымызды бөліскен, өзі жемей бізге жегізген, өзі кимей, бізге кигізген, аштығы мен тоқтығын біздің аштығымыз бен тоқтығымыз арқылы сезінген, қуанышымыз бен бақытымыз үшін шыбын жанын шүберекке түйіп қиын-қыстау күндерге мойымаған, тұла бойымыздың сымбатты, ерік-жігеріміздің қайратты, ақылымыздың ұшқыр, ой-өрісіміздің терең болуы үшін бар қажыр-қайратын жұмсаған, осылардың бәрін атқару барысында ешқандай да бізден ақы күтпеген бір ғана адам бар, ол — ана. Сондықтан ана болу – аса лауазымды таққа отыру деген сөз. Бірақ, бұл патша тағындай емес. Ол басына алтыннан тәж кимейді, бірақ көңілдердің

[24] Ай, заман-ай, заман-ай, (Бес ғасыр жырлайды). құр: М. Мағауин; М. Байділдаев. II, 16-бет, I-II том, Алматы, 1991.

мәңгілік ханшайымына айналады. Ақындар ана махаббаты жайлы тебіренсе, қыл қалам шеберлері сия сауыттарын түгеседі. Ол – тәжі жоқ сұлтан. Перзентінің Хақ жолындағы талпыныстары мен иманының тереңдігіне қарай Аллаһ тағала ақыретте анаға күн шуағынан да жарқын тәжді кигізеді.

Риза бол анаңа
Михнат етіп сақтаған.
Тоғыз ай, он күн ішінде
Дүниеге сені шығарды,
Перзентті болды қуанды.
Періште көңіл пәктікпен,
Ақ сүтін сорып жұбандың,
Талай бөлдің ұйқысын,
Бесікте жылап мазалап.
Мәпелеп сені өсірді,
Тәрбиелеп, тазалап.
Және де көңілі шат болды,
Көтеріп алып сүйгенге,
Апыл-тапыл алдында
Аяқ басып жүргенге.
Шақырып еді балым деп,
Сүйіп еді жаным деп
Жылы шырай күлгенде.
Тәрбиелеп өсірді,

Еркелік қылсаң кешірді,[25] – деп, ақындарымыздың тебіренгеніндей, ана үшін өмірдің бар қызығы бала болып, сәбиін құшағына басып, бір сүюінің өзі оған бүкіл қиыншылықты ұмыттырады. Ұлы Жаратушымыз оның бойына мейірім сезімін дарытқан. Аллаһ

[25] Ақберен (XVIII-XX ғ-ғы қазақ ақын-жыраулардың жырлары). 117-118-беттер.

тағала Құранда осы мейірім қаһарманын былай деп суреттейді:

«Біз адам баласына ата-анасына жақсылық жасауды бұйырдық. Себебі ***анасы*** *оны қиындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртпашылықпен дүниеге әкелді. Құрсақ көтеру мен емшек емізіп бағу мерзімі отыз айға созылады».*[26]

«Біз адамдарға ата-анасымен жақсы қарым-қатынаста болуды бұйырдық. Себебі ***анасы*** *оны әлсіреген үстіне әлсіреп, қиыншылықтарға төзе отырып құрсағында көтеріп жүрді. Туғаннан кейін екі жыл емізеді. (Ей, Адамдар!) Алдымен Маған, сосын ата-аналарыңа алғыс айтыңдар. Соңында Маған қайта ораласыңдар».*[27]

Аяттарда анаға да, әкеге де жақсылық жасау өсиет етілгенімен, ананың тартатын мехнаты айрықша аталып өтеді. Осылайша ананың әкеден артық үш ерекшелігі баяндалады: жүктілік, босану және сүт емізу. Ия, олар бізді әуелі құрсағында, шыр етіп дүние есігін ашқан сәтімізден бастап құшағында, сосын арқасында, одан қалса өмірінің соңына дейін жүрегінде тасып өтеді. Сондықтан аналардың ақысы әкелердікінен де жоғары.

Осы аяттардың түсіндермесіне қатысы А. Әділбаев «Кемелдік кілті» атты еңбегінде былай дейді:

«Аятта: *«Анасы оны қиындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртпашылықпен дүниеге әкелді»* десе, Лұқпан сүресінің 14-аятында *«әлсіреген үстіне әлсіреп»* деп ананың балаға жүкті кезін көз алдымызға елестетеді. Ауыр бір жүк артып, әзер тыныс алып,

[26] «Аһқаф» сүресі, 15-16 аяттар.

[27] «Лұқпан» сүресі, 14-аят.

діңкесі әбден құрыған қайғылы қаһарманның аһылап-үһілегенін және босану кезіндегі жан қиналыстарын көз алдымызға келтіреді.

Сонымен қатар, бұл аятта ананың асыл да ардақты қасиетіне терең мән берген. Күн сайын даму үстіндегі медицинаның берген мәліметтері адамды еріксіз толғандырады. Баланың жатырға түсіп өсе бастауынан кейін ананың ағзасында көптеген өзгерістер болады. Күнделікті ішкен асын жей алмай, тіпті, оған қарай да алмай, айлар бойы қиналады. Ал баланың сүйектері қалыптасу кезеңінде ананың қанынан кальций артығымен бөлінгендіктен ана әлсірейді. Жатырындағы кішкентай нәрестенің өсуі үшін өзінің сүйегі еріп, содан бөлінген заттарды береді. Ағзадағы бұдан басқа да күрделі құбылыстардың қасында бұл айтқандарымыз өте мардымсыз мағлұматтар ғана. Оны тілмен айтып жеткізу қиын.

Баланың жарық дүниеге келуі кезіндегі ананың жан қиналысы да адам төзгісіз. Өзінің өміріне қауіп төнсе де перзентті дүниеге әкелуге бел байлайды. Бұның қиындығын аналар ғана жақсы біліп, сезіне алады.

Сәбиіне сүт емізген кездегі құбылыс ерекше көңіл бөлерлік. Баланы қолына алып алғаш емізген сәтінде Аллаһ Тағала оған бар қиындығын бірден ұмыттырып, алпыс екі тамыры иіген ананың көңілі мейірім мен сүйіспеншілікке толады. Көрген қиындықтарына қарамастан ана өзін бақытты сезінеді. Баланың қиындығынан жалықпайды, керісінше, перзентінің аман-сау өсіп жетілуін жан-тәнімен қалайды...

Баланың мойнында өмірде тартқан тауқыметіне қарай әкеге қарағанда шешенің ақысы көбірек. Өйткені,

ол баласын жатырында тоғыз ай көтеріп, қаншама қиындық көреді. Сәбиді дүниеге әкелу үстінде толғақ қысып жанын пида еткен аналар қаншама. Дүниеге әкелгеннен кейін де оны күндіз-түні мәпелеп, емізіп, түн ұйқысын төрт бөліп, бөбегі шыр етіп оянса коса оянатын нағыз мейірім қаһарманы емес пе?!»[28]

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көптеген хадистерінде ананы ардақтауды өсиет еткен. Бір күні Аллаһ Елшісінің жанына бір кісі келіп: «Ей, Аллаһтың Расулы, ең көп жақсылықты кімге жасайын?» – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз «Анаңа», – деп жауап қатады. Әлгі кісі сұрағын үш мәрте қайталап қояды. Үш мәртесінде де Аллаһ Елшісі: «Анаңа», – деп жауаптайды. Тек төртіншісінде ғана: «Әкеңе», – дейді.[29]

Пайғамбарымыз келесі хадисінде де: «Аллаһ тағала сендерге алдымен аналарына, сосын әкелеріңе, одан кейін барып туған-туыстарыңа жақсылық жасауды өсиет етеді»,[30] – деп, ананы бірінші орынға қояды. «Жаннат аналардың табандарының астында»,[31] – деген Аллаһ елшісі жаннатқа аналардың ризалығын алу арқылы баруға болатынын білдіреді. Хадистерден көріп отырғанымыздай, өмір атты даңғылдағы жолбастаушымыз хазрет Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да әкелерге қарағанда аналарды үш есе артық бағалаған. Ананың әкеден үш есе жоғары тұратындығын дін ғұламалары төмендегідей ерекшеліктері негізінде дәлелдейді:

• Жүктілік кезеңі

---

[28] А. Әділбаев. Кемелдік кілті. 58-бет, Алматы, 2009.

[29] Буһари. Әдеп. 2; Муслим. Бирр, 1.

[30] Ибн Мажә. Әдеп. 1; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Муснәд. IV, 132-бет.

[31] әл-Кудаи. Муснәдуш-Шихаб. I, 102-бет.

• Босану

• Емізу

Міне осы үш мәселеде ана барлық жауапкершілікті бір өзі көтеріп, аталмыш кезеңдерден кейін барып бала тәрбиесіне әкесі де өз үлесін қоса бастайды.

Жүктілік кезеңінде ана әрдайым сәбидің қамын ойлаумен жүреді. Құрсағындағы баласына кесірі тиіп кетпеуі үшін жесе де, ішсе де, жүрсе де, дәрі қабылдаса да аса сақтықпен әрекет етеді. Құрсақтағы сәби ананың бейне-бір әміршісі секілді. Ана үнемі бірінші орында соны ойлайды. Сосын аналардың басына «жүкті әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» деп суреттелетін, толғақ қысып, босанатын сәті келеді. Жарық дүниеге бір адамды әкелгенде, ана өзі мың өліп, мың тіріледі. Сәбиін өмірге әкелгеннен кейін ана тоғыз ай арқалаған жүгін белінен шешіп тастай алмайды. Керісінше жүгі одан сайын ауырлай түседі. Ананың жеке өмірі екінші орынға қарай ығысып, ендігі жерде өмірлік бағдарламасын жаңа қонағына қарай құрады. Бұл бағдарламаның сүт емізу кезеңінің өзі кейде екі жылға дейін жалғасады. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылады. Баяғы қамсыз ұйқысы көзден бұлбұл ұшады. Себебі оның сәби атты қадірлі қонағы әлі күн мен түнді айыра алмайды. Жаны қай кезде қаласа, сол сәтте «жылау» деген сиқырлы қаруымен анасын өзіне қаратып алады. Ал ана оның бұл шақыруына «басыма бәле болдың ғой», – демейді. Жүрегіндегі мейірімі оған бұл сөзді айтқызбайды. Аллаһ тағала аналарға осы ауыр жүкті көтере білу үшін мейірімді сый ретінде берген. Сәбиінің шақыруына жауап беруге ұмтылған ана алдынан қандай кедергі шыкса да, сәбиі үшін жанын пида етуге де даяр. Әке

түнде бала жыласа, дауысын естімеу үшін басқа бөлмеге барып жата алатын шығар. Ал ана ондайға бармайды. Ол сәбиі жыласа, түнгі ұйқының тәттілігін де елемей, жылы төсегінен атып тұрады. Әке күндіз түздегі жұмыстармен жүріп, балалардың у-шуынан құлағы тынышталады. Ал ана болса, күндіз-түні баласының қасында. Соның жағдайын жасап, күн демей-түн демей аялы алақанымен әлпештей түседі.

Ананың балаға деген осындай шексіз сүйіспеншілігін халқымыз аңызға айналдырған. Бір сұлуға ғашық болған жігіт, әлгі сұлудың ананың жүрегін алып келсең ғана саған жар боламын деген шартын орындамақ болады:

Сол қызға есі ауған жігіт мүлде,
Бүк түсіп жата алмады құрып күнде.
Ұйқыда бейқам жатқан сорлы ананың
Жүрегін жұлып алды тұрып түнде.

Сүюдің серті ме еді соның бәрі,
Ол, міне, қыздың шартын орындады.
Сүрініп кетсе жігіт келе жатып,
Жүрегі түсіп кеткен қолындағы.

Ананың кезі бар ма кекті болған,
Оқыста жүрек кетті түсіп қолдан.
Ұмтылса, топырақта жатқан жүрек:
«Құлыным, байқасаңшы», – депті оған...

Иә, тұла бойына мейірім тұнған ананың ақысын өтеу мүмкін бе?!

Ананың жанқиярлығын санамалап бітіре алмаймыз. Аллаһтың нөсерлетіп жаудырған нығметтерін теңіздерді сия, ормандарды қалам етіп алып жазуға

тырыссақ та жазып бітіре алмайтынымыз секілді, аналардың ақысын мәңгілік өмір сүрсек те өтей алмаймыз. Себебі олар бұл ақыны мәңгіліктің иесі – Аллаһ тағаладан алған.

Анасын иығына отырғызып, Қағбаны тауап жасатқан бір кісі Пайғамбарымыздан *«Анамның ақысын өтей алдым ба?»* деп сұрапты. Сонда Ардақты Елші (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Жоқ, бір толғағының да ақысын өтей алмадың»*, – деген екен.[32]

Пайғамбарымыздың тәрбиесін көрген сәнлақ сахабалар да ананың ақысына осылай қарайтын. Бір күні Абдуллаһ ибн Омар шешесін арқасына арқалап алып Қағбаны тауап жасап жүрген Йемендік бір кісіні көреді. Әлгі адам анасын арқалап жүріп: «Мен анамды арқама отырғызған бейшара түйемін», – деп күбірлеп жүр екен. Ибн Омарды көріп қалып, «Қалай ойлайсың, мен анамның ақ сүтін ақтай алдым ба?» – деп сұрайды. Сонда ибн Омар: «Жоқ, бұл әрекетіңмен анаңның сені өмірге әкелер кездегі толғақтарының біреуінің де ақысын өтей алмайсың», – деп жауап қатады.

Әділеттің ақ туына баланған хазрет Омарға бір кісі келіп: «Кәріліктен белі қайысқан анам бар. Оны арқамда арқалап, дәретін алдырамын. Ешқашан да бұл әрекетімді міндетсінген емеспін. Осы еңбегіммен анамның ақ сүтін өтеген болып саналам ба?» – деп сұрайды. Хазрет Омар: «Жоқ», – деп жауап береді. Әлгі адам: «Өзімді толығымен оған қызмет көрсетуге арнадым. Қалайша оның алдындағы борышымды өтей алмаймын?», – деп таң қалады. Сонда хазірет Омар

[32] С. Кутуб. *Фи Зылалил-Құр'ан.* (ауд: С. Учан, В Инже, М. Иолжу), (I-X том), VII, 29-б., Стамбул, 1991.

оған былай деп түсіндіреді: «Осы айтқандарыңды анаң да бір кездері сен үшін жасаған. Бірақ ол бұларды жасаған кезде сенің аман-есен өсуіңді қалап, ұзақ ғұмырлы болуыңды тілей отырып жасаған. Ал сен болсаң анаңа қызмет етіп жүргенде оның (көп ұзамай) қайтыс болатынын біліп жүресің».

Міне, жоғарыдағы аяттар мен хадистерден көріп отырғанымыздай, асыл аналардың ұлы махаббатын дініміз айрықша бағалаған. Аллаһ тағаланың өзі оларды үлгі ретінде ерекше атап өтіп, олардың ұрпағына бағышталған жанкештілігін қасиетті Кітабында тілге тиек еткен. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анаға жасаған жақсылығымыздың толғақ қысқан сәттегі бір тынысына да татымайтынын айтқан. Дініміз аналардың дәрежесін осылайша асқақтатқанда анаға деген құрметтен біздер қалайша кенде қалмақпыз!

Жақсылықты көздеген сен өсірген балаға,
Сүрінген бір кезде де сүйеу болған жан ана.
Не жетеді тағына, күндей етіп көтердің,
Ақ сүтіңді, анажан, немен ғана өтермін, – деп,

ақындарымыз жырлағандай, ананың ақ сүтін қайтсем өтеймін деп неге шарқ ұрмасқа?! Олардың өмірдегі ең ардақты жан екенін мойындап, ақ сүтін ақтауға неге талпынбасқа?!

Ата-ананың ризашылығы

Адам баласының ең жоғарғы мақсаты – Аллаһ тағаланың ризашылығына бөлену. Оның ризашылығының қасында басқа дүниелік атақ-даңқ, мансаптың бәрі түкке тұрғысыз. Өйткені олардың бәрі өткінші, ал Аллаһтың ризашылығы – мәңгілік. Сондықтан осы ұлық мәртебеге жетуді қалаған

жандардың қажетті шарттардың бәрін орындауға құлшынары анық.

Аллаһ тағала ризашылығы жайында Құран Кәрімде:

«Аллаһ мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдерге аяқтарының астынан өзендер ағып жатқан мәңгілік жаннаттар мен Адн жаннатында әсем сарайларды уәде етті. Дегенмен Аллаһтың ризашылығы бәрінен жоғары. Ұлы есендік осы»,[33] – дейді.

Аллаһ тағаланың салиқалы құлдарының бірі: «Оның ризашылығына қол жеткізген адам не жоғалтар дейсің, ал одан айырылып қалған жан не табар дейсің?», – деп ризашылықтың маңызын тілге тиек еткен.

Аллаһтың сүйікті құлдары бұл дәрежеге жету үшін қиыншылықтың бәріне де төзген және олардың ешқайсысы да осы жолға бас қойғандықтарына титтей де өкініш білдірмеген. Өйткені Жаратушы Жаппар Ие риза болса, бүкіл әлемнің наразылығы түкке тұрғысыз. Ол риза болса басқаларды да риза етеді. Ал Ол риза болмаса, бүкіл әлемнің риза болуы көк тиынға да татымайды.

Міне осындай ризашылыққа қол жеткізудің бір жолы – ата-анаға жақсылық жасау. Өйткені бұны айтқан ардақты Елшінің (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) өзі болатын. Ол: *«Күллі әлемді құдіретімен шыр айналдырған Жаратқан иені риза қылудың жолы – ата-ананың ризашылығын алуда. Ата-ананың лағынеті мен ашуы Жаратушының ашуланып, қаһарлануын тудырады»*[34],– деу арқылы үмбетіне ерекше ескерту жасаған.

---

[33] «Тәуба» сүресі, 72-аят.

[34] Бәйһақи. *Шуабул-иман. VI, 177-бет.*

Лұқпан хәкімнің баласына: «Балам! Ата-анасын риза еткен Рахманның да ризашылығын алмақ. Ата-анасын ренжітіп, жек көрінішті болғандар да Рахманды ренжітіп ашуландырған болады. Балам! Ата-анаң – жаннатқа кіретін есіктердің бірі. Егер олар сенен риза болған болса сол есік арқылы жаннатқа кіресің. Егер ризашылығын ала алмаған болсаң онда жаннатқа кіруіңе кедергі қойылып, оған кіре алмайсың», – деп өсиет еткендігі айтылады.

Әбу Дәрда (р.а.): «Аллаһ елшісінің «Әке (басқа бір риуаят бойынша ана) – жаннаттың ең ортаңғы қақпасы. Қаласаң бұл қақпаны сақта, қаламасаң сақтама», – дегенін естідім»,– дейді.[35]

Осы тақырыпшаны мұсылман ойшылы Ф. Гүленнің: «Хақ тағаланың мейіріміне бөленуіне себепкер болғаны үшін ата-анасын қастерлеген адамдар – осы дүниеде де, арғы дүниеде де жұлдызы оңынан туған ең бақытты жандар. Олардың тірі жүргендерін ауырсынып, қабақ шытқан адамдар азап тартпай қоймайды», – деген ұлағатты сөздерімен тәмәмдайық.

Ата-анаға қамқорлық

Перзент өз күнін өзі көріп кеткенге дейін ата-анасы түрлі қиындықтарды басынан өткізеді. Өзінен бұрын баласын ойлап қамыққан ата-ана баласы үшін жанын пида етуге бар. Жылдар бойы баласының қуанышымен қуанып, қайғысымен қайғырады. Осылайша уақыт артынан уақыт зымырап өтіп, бір күні әке мен шешенің өзі бағылып-қағылуға мұқтаж күйге түседі. Құранда қартайып, басқаның қолына қарайтын

[35] Тирмизи. *Бирр 3*; Ахмад ибн Ханбал. *Мүснәд, V, 197-бет.*

кезге жеткен адамның жағдайын: *«Кімге ұзақ өмір сыйласақ, оларды бәз-баяғы қалпына қайта түсіреміз (яғни күш-дәрменін азайтамыз)»*,[36] – деп, олардың қайтадан баяғы сәби кездеріндегідей әлсіз, қауқарсыз халге түсетінін баяндайды. «Дүние – кезек» дегендей, ендігі жерде ата-ананы бағып-қағу перзенттің мойнына жүктеледі. Перзент ата-анасының нәпақасын тауып, оларға қамқорлық жасауы тиіс. Сонда ғана ата-анасы басқа адамдардың алдында абыройы өсіп, баласының адал табысымен күн көріп, бақытқа кенеледі. Осы жайды тілге тиек еткен Базар жырау:

Баласы жақсы қандай-ды
Көңілінде арман қалмайды, – деп жырлайды.

Иә, әкені ақсақал дәрежесіне көтеретін – өзінің туған баласы. Осыған орай халқымыз өмірлік тәжірибесінен ой түйіп:

Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге апарар,
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын есікке апарар, – деген екен.

Қағб ибн Ужрә Пайғамбарымыздың кезіндегі бір оқиғаны былай баяндайды: «Бәріміз мешіттє жиналып отырғанда бақуатты әрі қайратты бір кісі кіріп келді. Сол жерде отырған сахабалар: «Уа, Аллаһтың Расулы! Мына адам Аллаһ тағаланың жолында қызмет етсе ғой!» – деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Егер бұл адам балаларының нәпақасын табумен шұғылданып жүрсе – Аллаһ тағаланың жолында жүргені. Егер кәрі әке-шешесінің нәпақасын тауып беріп жүрсе – Аллаһ тағаланың жолында жүргені. Арнамысын сақтай отырып жеке басының нәпақасын*

[36] «Ясин» сүресі, 68-аят..

тауып жүрсе – Аллаһ тағаланың жолында жүргені. Егер осы айтылғандар үшін емес, мақтаныш немесе басқалардан озу үшін жанталасып жүрсе, онда – шайтанның жолында жүргені»,– деді.»[37]

Демек, ата-ананың ас-ауқатын әзірлеп, жылы төсекте отырғызып, қажетінше киіндіріп жағдайын жасау – Аллаһ тағаланың жолында жүргендей абырой әкеледі. Олай болса перзент ретінде адамдардың бәрі ата-аналарының жағдайын ойлап, оларға жұмсалған шығынды Аллаһ тағала жолында жұмсалған садақа мен зекеттей көруі керек.

Ұзақ өмір, берекетті рызық

Бұл өмірде біз егістік алқабына егін егіп, астығын жинап алуға үміттеніп жүрген диқаншы іспеттеспіз. Ақылды диқаншы маусымы келгенде құнарлы топыраққа ең сапалы дәнді сеуіп, астығын молынан жинап алады. Ал біздің егістік алқабымыз – осы фәни дүниедегі тіршілігіміз.

Өмірін Аллаһ тағаланың көркем есімдерін тамашалаумен өткізіп, бұл дүниені егістік алқабындай қолданған адамдар ұзақ жасай бергілері келеді. Себебі олардың өмірі жайнаған гүлдей, жемісті бау-бақшадай. Адам үшін ең маңыздысы да артында осындай өмір қалдыру. Өмірін осылайша гүл-гүлістан ішінде өткізіп, берекетке кенелуді мақсат тұтқандар үшін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Кімде-кім омірінің ұзақ, рызығының мол және берекетті болуын қаласа ата-анасына жақсылық жасасын, туған-туыстарының да қамын ойласын»*[38], – деп өсиет айтады.

---

[37] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Кәбир. XIX, 129-бет.

[38] Ахмед ибн Ханбел. әл-Муснәд. III, 156; 266-беттер; әт-Табәрани, әл-Мужәмул-Әусат. IV, 32-бет.

Иә, ата-анаға жақсылық жасау – өмірдің ұзаруына және рызықтың берекеттенуіне себеп болғаны секілді сонымен қатар, Аллаһ тағалаға да шүкіршілік ету мағынасына келеді. Себебі Ұлы Жаратушы бізге Құран кәрімде: *«Әрі Маған, әрі әке-шешеңе алғыс айт!»*[39], – деп бұйырады. Перзент ата-анасына жақсылық жасау арқылы Аллаһқа да шүкіршілік айтқан болады. Құранда Жаппар Иеміз: *«Егер шүкіршілік етсеңдер Мен нығметтерімді одан сайын арттыра түсемін...»*[40] – дейді. Демек, Аллаһ тағалаға шүкіршілік етіп, ата-анасына адал болып, оларға қамқорлықтары үшін алғысын білдірген адамдар қайырлы өмір сүріп, молшылыққа кенеледі.

Қартайып, жас бала сияқты болып қалған ата-ана сырттан қарағанда балаларына ауыр жүк секілді көрінгенімен, негізінде Аллаһ тағаланың адамға сыйлаған құнды қазынасы. Оларға жасалған әрбір жақсылық қазған сайын алтын шығатын кенге ұқсайды. Адам баласы осылайша алдында жатқан алтындарды жинай-жинай қазынасы еш кемімейтін шексіз байлық Иесінің, Аллаһ тағаланың құзырына дейін келеді. Сол үшін де атам қазақ «Қариясы бар үйдің қазынасы бар», «Қариясы бар үйдің дариясы бар» деген емес пе?!

Айлығыңның аздығын желеу етіп, «әттең әке-шешем өздері бөлек тұрғанда ғой, ақша жинауыма болар еді» деген ойдан мүлдем аулақ болған жөн. Себебі қайдан білесің, олар болмаса мүмкін жағдайың одан да бетер болар ма еді? Асылында, ата-әже – үйдің берекеті, отбасыңа келер пәлекеттің қорғаушысы.

---

[39] «Лұқпан» сүресі, 14-аят.

[40] «Ибраһим» сүресі, 7-аят.

Себебі Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Белі бүгілген қарттарың болмағанда пәлекеттер бастарыңа сел секілді ағып келер еді»*,[41] – деген. Егер күн көрісің нашарлап, тарықсаң, оның себебі әке-шешең, ата-әжең емес, басқа күнәларың. Ешуақытта «Күн көрісіміз нашар, қолым қысқа», – деп айтушы болма, себебі солар үшін үйіңе келген берекет болмағанда, сенің күн көрісің одан да төмен болар еді.

Мейірімді, рақымды және өте жомарт Аллаһ тағала сәбилерді бұл дүниеге жіберген кезінде арқасынан рызықтарын да өте ғажайып түрде жіберіп, мәмелердің ұшынан ауыздарына бал ағызғаны секілді, сәби күйге қайта оралған, тіпті баладан да бетер мейірімді қажет ететін қарттардың рызықтарын да берекетімен жібереді. Мейірімі кең, шексіз жомарт Аллаһ тағала олардың күнін сараң адамға қаратпайды. *«Негізінен барлық жандының рызықтарын беретін – шексіз күш-қуат иесі Аллаһ тағала»*,[42] және *«Рызықтарын өздері таба алмайтын қаншама тіршілік иелері бар. Сендерге де, оларға да рызық беруші – Аллаһ»*,[43] – деген аяттар осы ақиқаттарды паш етсе, бір жағынан әлем де осы ақиқатқа куәгерлік етеді. Тіпті тек қарт кісілер ғана емес, адам баласына дос ретінде берілген мысық секілді кейбір жануарлардың рызықтары да үйге берекет ретінде енеді.

Егер бір жануардың үйге келуі берекетке себеп болатын болса, жаратылыс атаулының ең кереметі – адам, адамдардың ең қадірлісі – жүрегінде има-

[41] Мунауи. Фәйзул-Қадир. 1,266-аят.

[42] «Зарият» сүресі, 58-аят.

[43] «Анкәбут» сүресі, 60-аят.

ны бар адам, ал имандылардың ішінде ең құрметке лайығы – қариялар, қариялардың ішінде камқорлық пен сүйіспеншілікке лайығы – жақын туыстарың, туыстардың ішінде ішкі жан дүниеңді түсінетін, сені кіршіксіз жақсы көретін – ата-ананның сенің үйінде тұруы, шаңырағыңа Аллаһ тағала рақымдылығын жаудыруына, берекетін төгуіне бірден-бір себеп емес пе?!

Мұсылман ғұламаларының бірі былай деген екен: «Ақыреттік достарымның арасында Мұстафа Чавуш деген бір досым бар еді. Дінінде де, жұмыс бабында да үнемі жетістікке қол жеткізетін. Мұның сырын түсіне алмайтынмын. Оның сырын кейіннен түсіндім. Сөйтсем ол бауырымыз ата-анасын құрметтеп, олардың ақысына қарсы келмейді екен. Сондықтан бұл дүниеде Аллаһ тағаланың рақымдылығы мен берекетіне кенеліпті. Құдай қаласа ақыретінде де бақытты болар. Бақыт іздеген адам соған ұқсауы керек».

Иә, ана мен әке былай тұрсын үйдегі жан-жануарлардың өзі Аллаһ тағаланың рақымдылығы мен берекетіне себеп болады. Мысық екеш мысықты да рызықсыз қалдырмайтын Рәззақ Аллаһ тағала, белі бүгілген, аузынан дұғасы түспейтін ата-анамызға рызығын қалайша жібермесін?!

Көптеген хадистерде ата-ананы сыйлап, туған-туыстармен жақсы қарым-қатынаста болу – өмір жастың ұзаруына, берекеттің артуына себеп болады деп айтылады.

Пайғамбарымыздың асыл жұбайы Умму Сәләмә (р.а.) Аллаһ елшісінің аузынан мына хадисті естігенін айтады: *«Жасалған әрбір жақсылық адамды жаман*

жерден, басына келетін бәле-бәтерден сақтайды. Жасырын берілген садақа Аллаһ тағаланың ашуын басады. Туған-туыстарыңа барып, олармен арадағы қарым-қатынасты жалғастыру өмірді ұзартады. Жасалған әрбір жақсылық – садақа. Жақсылыққа жаны құштар жандар бұл дүниедегі секілді ақыретте де сол қасиеттерімен танылады. Жаман пиғылды жандар болса, ақыретте сол сипаттарымен аталады. Жаннатқа бірінші болып кіретіндер – қайырымдылықты көп жасап, соның жолын қуған жандар.»[44]

Келесі хадисінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Ата-анасын сыйлап, оларға қамқор болған перзенттерге сүйінші айтамын. Аллаһ олардың өмірін берекетті етеді»*[45] – деген. Иә, «Ата-ананды сыйласаң, көп жасарсың, сыйламасаң жан қинарсың» деген мақал текке айтылмаған.

Аллаһ тағала құлдың жасаған жақсылықтарының бірінің сый-ақысын дер кезінде береді. Бұл – туған-туысқандармен жақсы қарым-қатынас жасап, оларға ілтипат көрсету. Осы жақсылықты жасағандар Аллаһ тағаладан сый-ақысын алу үшін ақыретті күтпейді. Аллаһ тағала бұл жақсылығының қайтарымын осы дүниеде береді. Қалай дейсіз бе? Олар ата-аналарының үйіне барып, ағайыншылық татулықты нығайтқан сайын Аллаһ тағала оларды кедейліктен құтқара бастайды. Малдары мен табыстарының берекетін артты-

[44] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. VI, 163-бет.

[45] әл-Бухари. әл-Әдәбул-Муфрәд. I, 22-бет; әл-Хаким. әл-Мустәдрәк. IV, 170-бет.

рады. Балаларының санын көбейтіп, отбасына берекет жаудырады.[46]

Сахаба Сәлман Фариси (р.а.) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Басқа келетін қауіп-қатерге дұға ғана кедергі бола алады. Ал адамның ғұмырын ата-анаға жасалған қамқорлық қана ұзарта алады»,* – [47] деген хадисін баян етеді.

Аллаһ тағала ғаламдағы барлық нәрсені белгілі бір бағдарлама мен жоба бойынша жаратқан. Барлық тіршілік иесінің қашан туылатыны, қай кезде өлетіні, түрінің қандай болатыны, басынан кешетіндері және т.б. сол секілді барша мағлұматтар Аллаһтың шексіз ілімінің аясындағы әу бастан белгіленген жайттар. Мұны «жазмыштың жазуы», яғни «тағдыр» дейміз. Тағдырда жазылғандар уақыты келгенде іске асады. Ал дұға жасап, тілек тілеудің құдіреттілігі сонда, ол осы тағдырда жазылып, басымызға келейін деп тұрған оқиғалардың өзгеруіне себеп бола алады. Яғни бір адамның тағдырында «Құрт ауруынан қайтыс болады», – деп жазылған болса, шын көңілден жасалған дұға нәтижесінде Аллаһ тағала әлгі адамның дертіне шипа беріп, ұзақ өмір сүргізуі мүмкін. Дегенмен бұл өзгеріс те Аллаһ тағаланың ілімінің аясында іске асады. Бұған мысал ретінде Құранда баяндалған Жүніс пайғамбардың қауымының басынан кешкен оқиғасын көрсете аламыз.[48] Бұл қауым – Нинова деген халық еді. Саны жүз мыңға жететін бұл адамдарға Аллаһ

---

[46] әл-Хаким әт-Тирмизи. Нәуадирул-Усул. II, 190-бет; әл-Мунауи. Фәйзул-Қадир. V, 479-бет.

[47] Тирмизи. Қадәр. 6; әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Кәбир. VI, 251-бет.

[48] «Жүніс» сүресі, 98-аят.

тағала елші ретінде Жүніс пайғамбарды жіберген-ді. Бірақ қауымы оған сенбеді. Соның салдарынан Аллаһ тағала оларға азап ретінде түнерген қара бұлттарды жіберді. Нинова халқы төбелеріне азап бұлттарының шүйілгенін көргенде барып тәубелеріне келіп, жасағандарына өкінді. Аллаһ тағалаға шын дұға жасап жалбарынды. Жүніс пайғамбардың айтқандарына сеніп, іске асыратындарына уәде берді. Сонда Аллаһ тағала азап бұлттарын кері қайтарды. Яғни тағдырларында азапқа ұшырау жазыла тұра, Аллаһ тағала олардың шынайы түрде жасаған дұғаларын қабыл етіп, азаптан құтқарды.

Адам баласының ғұмыр жасы да Аллаһ тағаланың тағдырында жазылған. Ажалымыздың қай кезде келетіні біз туылмай тұрып белгіленіп қойған. Уақыты келгенде өлім періштесі әрбір адамның қонағы болады. Бірақ жоғарыдағы хадистерде баяндалғандай, ата-анамызға жасаған жақсылықтарымыз, олардың көңілінен шығып, риза етуіміз ғұмырымыздың ұзақ әрі берекетті болуына себін тигізеді. Аллаһ тағала кең пейіл жомарттығымен бізге Қадір түнін сыйға тартып, күрмеуі қысқа мына өмірде бір түнде сексен жылдық сауап жинау мүмкіншілігін бергені секілді ата-анамызға жақсылық жасау арқылы бізге ғұмырымызды ұзарту, берекеттендіру және жемісті өмірге қол жеткізуге жол ашқан.

Қажылық пен умраға тең сауап

Бір күні Аллаһ елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сахаба келіп: «Аллаһ тағала жолында қызмет еткім келеді. Бірақ қолымнан ешнәрсе келмейді», – дейді. Пайғамбарымыз одан: *«Әке-шешең тірі ме?»* – деп сұрайды. «Анам тірі», – деп жауап береді әлгі саха-

ба. Сонда Пайғамбарымыз қолдағы алтынның қадірін өсиеттеп: *«Олай болса анаңа құрмет көрсетуден бір сәт қол үзбе. Оның көңілін табудың жолдарын қарастыр. Егер осылай жасасаң қажылыққа да, умраға да барғандай сауап аласың. Аллаһ жолында жиһадқа қатысқандармен сауабың тең болады. Анаң саған дән риза болса, онда одан кейін үнемі тақуалықтан айрылма және анаңа да қолғабыс бол»*,[49] – дейді.

Аллаһ тағаланың мейірімі мен рақымы қандай кең десеңізші! Парыз еткен және құлдарының жасауын қалайтын амалдарды құлдары қолынан келмей жасай алмай жатса, шамалары келетін небір мүмкіншіліктер ұсынады. Сондықтан адам әке-шешесінің көзі тірісінде осындай мүмкіншіліктерді қолдан жіберіп алмағаны абзал. Бәріміз өмірге бір мәрте келеміз. Олай болса әке-шешеміз жанымызда тірі жүрген кезде оларды жаннатқа алып баратын пырақ деп біліп, Аллаһ тағаланың разылығын ата-ананың разылығынан іздеуіміз керек. Сахаба Абдуллаһ ибн Аббас бізге Пайғамбарымыздың былай дегенін баяндайды: *«Кімде-кім ата-анасына сүйіспеншілік пен жылы шырай танытып қараса, сол көзқарасының өзі оған «хажж-мәбрур» жасағандай сауапқа кенелтеді»*.[50] Хадистегі «хажж-мәбрур» деген сөз адамды анадан жаңа туылғандай күнәсіз, пәк күйге түсіретін, Аллаһтың ризашылығына сай орындалған қажылықты білдіреді. Демек ата-ананы қуантып,

[49] Әбу Яла. әл-Муснәд. V, 149-бет; әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. IV, 372-бет.

[50] әл-Мунауи. Фәйзул-Қадир. V, 483-бет.

мерейін өсіру – адамды сәбидей пәк, бейкүнә қалыпқа түсіретін сиқырлы амал.

Жаннатқа апарар пырақ

Әуелі Адам ата топырақтан жаратылып, содан кейін Хауа анамыз жаратылды. Олар ең алғашқы отбасы еді және жаннатта өмір сүретін. Кейіннен Аллаһ тағаланың хикметіне сай, олар ата жауымыз шайтанның азғыруымен ол мекеннен шығарылған болатын. Олар жаннаттан жер бетіне түсірілген кезде өкінішке қарай олардың қасында қайтадан сол баяғы шайтан бар еді. Адам ата мен Хауа анамыз жер бетіне түскеннен кейін олардың алдынан екі жол ашылды: біреуі нұрлы жол, екіншісі соңы қатерлі де қайғылы отқа апарар жол. Қияметке дейін осы дүниеге келетін адамдар осылардың біреуімен жол тартады. Я жаннаттың төріне шықпақ, я тамұқтың шыңырауына құламақ. Қысқаша қайырар болсақ, біз өзіміздің әуел баста уысымыздан шығарып алған мекенімізге қайта бару жолында шайтанның өзімен немесе оның әскерлерімен өмір бақи күресіп өтеміз. Бұл жолда егер бойымыздағы асыл қасиеттерімізді шыңдап адамзатқа пайдалы бола білсек, шайтанның қызғаныштан өзегі өртеніп аласұрады. Егер де нәпсінің жетегінде кетіп жаман жолға түссек, шайтанның қуаныштан көкке ұшары ақиқат. Бір адамның болса да жаннатқа кіруі оны қайғы мұңға салып, жердің түбіне батырса, бір адамның жаһаннамға кетуі оны шексіз қуантады. Міне, адам баласының алдында ашылған осы екі жол бар. Осы жолдармен талай адам жүріп өтіп, арғы дүниеге аттанып та үлгірді.

Жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы болған біздің алдымызда да осы екі жол тұр. Біз де осы жолмен

міндетті түрде жүріп өтіп, арғы жаққа аттанарымыз бұлтартпас шындық. Ал бұл дүниенің есігінен шығып, арғы дүниенің босағасын аттап басқаннан кейін артқа қайта оралу жоқ. Сондықтан да бұл дүниеде барымызды салып нұрлы жолға түсіп, сол жолдан таймай мәңгілік жаннатқа жетудің қамын жасауымыз керек. Өйткені ол жер – біздің алғашқы ата мекеніміз. Бірақ бұл жолда алдымыздан кедергілер мен асуы қиын белестердің де шығатындығын әсте естен шығармағанымыз жөн.

Уысымыздан шығарып алған құтты мекенімізге қайта кіру үшін жүректе жаннатқа кіруге берілетін иман деген «рұқсат қағазы» болуы керек. Имансыз ол өлкеге кіре алмаймыз. Жүрекке иман ұялаған соң жаннатқа барудың жолын жеңілдетін басқа да себептер бар. Олардың ең маңыздылары намаз оқу, садақа беру және адамзаттың игілігі жолында мандай тер төгу т.б. сияқты ізгі істер.

Өз кезегінде ата-анаға жақсылық жасау да адамды жаннатқа апарар пырақ міндетін атқарады. Жаннаттағы сыйға қол жеткізе білу үшін әуелі иманды болмақ және осы иманымыздың дәлелі ретінде әке-шешеге жақсылық жасау қажет. Егер оларды ренжітіп, теріс батасын алған болсақ онда жаннатқа кіруіміз екіталай. Өйткені, олардың ризашылығын алу бізді Жаратушымыздың разылығына бөлейді. Оларды ренжіту – Жасағанды ренжітумен тең. Айша анамыздың (р.а.) бізге жеткізген бір хабарында Пайғамбарымыз түсінде өзінің жаннатқа кіргенін көргендігін және ол жерде біреудің Құран оқыған даусын естігенін айтқан екен. Пайғамбарымыз жаннаттағылардан: «Бұл кісі кім», – деп сұрағанда олар: «Хариса ибн Нұғман»,

– деп жауап қатады. Бұл сахаба – Бәдір, Ұхұд, Хәндак және тағы басқа шайқастардың бәріне қатысқан ансар (мәдиналық) және алдыңғы қатарлы сахабалардың бірі болатын. Ол өзінің алдыңғы қатарлы болуымен қатар Пайғамбарымыз осы түсін көргеннен кейін оның жаннатқа кіруінің себебін: *«Міне ата-анаға жақсылық жасаудың қайтарымы осы»*,– дейді. Осы айтқанын үш рет қайталағаннан кейін Пайғамбарымыз: *«Өйткені Хариса анасын қатты құметтейтін және анасының ақ батасын алуға ерекше мән беретін»*,– [51] деген болатын.

Иә, Пайғамбарымыз бізге жаннатың кілтінің қайда екенін осы хадисі арқылы нұсқап тұр. Аңсаған құтты мекенімізге жеткіміз келсе әке шешеміздің көзі тірісінде оларға құрақ ұшып қызмет етіп, аяқ-қолынан жармасып ұстасақ олар бізді жаннатқа жетелемек.

Әбу Һурайра (р.а.) ардақты Пайғамбарымыздан: *«Ата-анасының бірі немесе екеуі қолында тұрып қартайған шағында жәннәтқа кіре алмағанның жағдайы қандай өкінішті (бұл сөзді үш рет қайталап айтады)»*[52], – деген хадисін жеткізген.

Бұл хадиске назар аударсақ пайғамбарымыз үш рет «рағима әнфу» яғни «қандай өкінішті» деген сөзді үш рет қайталаған. Араб тіліндегі бұл сөз тіркесі «қандай өкінішті» деген мағынамен қатар «Сазайын тартсын, маңдайымен жер сүзсін» дегенді де білдіреді. Көріп отырғанымыздай Пайғамбарымыз бұл мәселенің қаншалықты маңызды екендігін айтып, ерекше ескерту жасаған. Адамзаттың ардақтысы, ақыретке дейін

---

[51] Әбу Иаглә. *әл-Муснәд. VII, 399-бет*; Нәсәи. *әс-Сунәнул-кубра. V, 65-бет*

[52] Муслим. *Бирр. 8*; Ахмад ибн Ханбал. *Муснәд. II, 346-бет.*

келетін адамзат баласының жаңылтпас жөн сілтеушісі Пайғамбарымыз бұл хадисті сонау миғраждан оралғаннан кейін айтқан болатын. Миғражда оған қандай амалдардың жаннатқа, кайсысының тозаққа апаратыны анық көрсетілген-ді.

«Исра» сүресінің 23-аятын түсіндіру барысында айтқан нәрселерді еске түсірер болсақ, осы хадистің сол аяттарды айқындай түсетініне көз жеткіземіз. Ата-ананың екеуі немесе біреуінің қолымызда тұрып қартаюы жүк емес, керісінше олар бізді жаннатқа апарар пырақ деп білгеніміз абзал. Мұны әуелі он сегіз мың ғаламның Жаратушысының Өзі және өмірінде өтірік айтып көрмеген адамзаттың мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтып тұрса күн демей, түн демей әке-шешенің алғысына бөленудің жолын қарастыруымыз қажет.

Пайғамбарымыз жоғарыдағы хадисінде ата-анасын риза ете алмаумен қатар «рамазан айына жете тұрып рақым айының берекесінен мақұрым қалған және пайғамбарымыздың аты аталған кезде Оған салауат айтпаған адамды да қосып «жағдайлары қандай өкінішті» деп үш рет айтқан болатын. Бажайлап қарар болсақ Аллаһ тағала Өзінің сүйген құлдарына сансыз жақсылық жасауымен қатар жаннатқа кіре білу үшін осындай мүмкіншіліктер ұсынған. Ал осындай тамаша мүмкіндіктер қолында бола тұрып уысынан шығарып алған адамдардың жағдайы шынында да «қандай өкінішті!».

Тәйлиә деген бір кісі Омар ибн Хаттабтың баласы Абдуллаһқа (р.а.) анасы қолында тұратынын айтқан кезде ол: «Егер анаңа мейірімді болып, ренжітпесең, тамағын ішкізіп, қарнын тойдырсаң және үлкен

күналардан аулақ болсаң жаннатқа кіруге үміт артсаң болады»,– деген.

Харис әл-Уқәйли анасы қайтыс болған кезде егіле жылапты. Бұған таңырқай қарағандарға: «Мен жыламай кім жылайды, айтындаршы! Анам бақилық болғаннан кейін мен үшін жаннатқа кіретін есіктердің бірі жабылды ғой!» – деген көрінеді.

Ибн Аббастың жеткізуі бойынша Пайғамбарымыз әке-шешеге жақсылық жасау арқылы жаннатқа кіруге болатынын: «Қандай да бір кісі егер ата-анасы оған риза болған күйде таң атырып, кеш батырса оған жаннатка кіру үшін екі есік ашылады. Егер де керісінше ата-анасын ренжіткен болса, жаһаннамға кіретін екі есік ашылады. Егер ата-анасының бірі тірі болса, онда бір есік ашылады»,– деп айтқан.

Пайғамбарымыздан:

– Егер әке-шешесі баласын қағып-соғып оған жамандық жасаса да оларға бала жақсы қарауы тиіс пе? – деп сұрағанда ол:

– Иә, олардан жамандық көрсе де[53], – деп үш рет қайталап айту арқылы қандай жағдайда болса да жақсылық жасау керектігін баса айтқан.

Күнәдан арылу

Ата-анаға жақсылық жасау адамға көптеген қайырлы қақпалардың ашылуына себеп болумен қатар, жолындағы кедергілерді де жояды. Әсіресе бұл өткен өмірінде күнәға белшесінен батып, содан арылудың жолын іздеп жүрген жандарға таптырмас мүмкіншілік. Өткен өмірінде бетке дақ болатын күнәларды жасап, кейіннен осы жасағандарына

[53] Ибн Хажар. Лисанул-мизан. III, 376-бет.

өкінген, өкінгенмен қолдан келер қайран жоқ, енді оны қалай жуып-шаямын деп жүрген адамдар қаншама. Міне, осылай дәрменсіз күйге түскен адам баласына мейірімі мол Аллаһ тағала қалтарыстан шығу жолын ұсынады. Аллаһтың разылығына қол жеткізгіңіз, амал дәптеріңіздегі күнәларды жойғыңыз келсе, қара шаңырағыңыздағы киелі жандарды, яғни ата-анаңызды қуантыңыз. Себебі олардың қуанышқа кенелуі – сіздің күнәңыздың жойылуына бірден-бір себеп болмақ.

Байқаусызда үлкен күнәға бой алдырып қойған бір сахаба, өкініштен өзегі өртеніп, Пайғамбарымыздың жанына келіп, үлкен күнә жасағанын, тәубесінің қабыл болып-болмайтынын сұрайды. Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Ата-анаң тірі ме?»*, – деп сұрайды. Сахаба ата-анасының қайтыс болып кеткенін өкінішпен білдіреді. *«Онда нағашы әпкең тірі ме?»*, – деп сұрайды Пайғамбарымыз. «Иә, тірі», – деп қуана жауап береді сахаба. Пайғамбарымыз: *«Олай болса, нағашы әпкеңе жақсылық жасап, оны қадір тұт»*, – дейді.

Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«Нағашы әпке – анаңмен бірдей»*,[54] – деп, анасынан айрылған адамдарға екінші жақсылық көзін ашқан. Ең бастысы сіз өзіңізді жақсылық жасауға бейімдеп, соған қарай ұмтылсаңыз болғаны. Ондай кезде Аллаһ тағала сіздің алдыңыздан жақсылық жасау жолдарын молынан ашады. Пайғамбарымыз нағашы әпкелерді де ұмытпай, оларға жақсылық жасалуын қалаған. Осылайша ол бізге күнәларды жоюдың жолын көрсеткен. Сонымен қатар махшәр күні Аллаһ тағаланың алдына ақ маңдай, жарқын жүзбен баруымызды тілеген.

[54] Бухари. Сулх, 6; Мәғази, 43;

Жоғарыда баяндалған жайға ұқсас бір оқиғаны сахаба Ата ибн Ясар былай деп әңгімелейді: «Бір күні сахабалардың ішінде ең саңлақтарының бірі – Абдуллаһ ибн Аббастың жанына бір кісі келді. Келген кісі: «Мен бір әйелмен үйленуге келісіп қойған едім. Бірақ ол уәдесінде тұрмады. Мені тастап, басқа біреумен үйленіп кетті. Содан мен өшпенділікпен әлгі әйелді өлтірдім. Менің жағдайым туралы не айтасыз, тәубам қабыл бола ма?» – деп сұрайды». Абдуллаһ ибн Аббас «Анаң тірі ме?» – деп сұрады. Келген кісі «Жоқ», – деп жауап қатты. Сонда Абдуллаһ ибн Аббас: «Олай болса Аллаһқа шын көңілден тәубе ет және Оның разылығына жетелейтін істерді істеуге тырыс», – деді. Абдуллаһ ибн Аббастың қасына барып, оның әлгі кісіден неге анасы жайлы сұрағанын білгім келді. Сонда ол: «Аллаһ тағалаға жақын болып Оның сүйген құлдарының арасына кіру жолында анаға жақсылық жасау және оның ақ батасын алудан артық ешқандай жол білмеймін»[55], – деп жауап беріпті.

Әбу Науфал осыған ұқсас бір оқиғаны былайша баяндайды:

«Күндердің бірінде хазірет Омарға (р.а.) бір кісі келіп, қылмыс істегенін айтты. Омар «Қандай өкінішті! Ол қылмысты біле тұра жасадың ба, әлде байқаусызда болды ма?» – деп сұрады. Әлгі кісі байқаусызда жасағанын айтты. Сол кезде Омар одан «әке-шешең тірі ме?» деп сұрады. Ол әкесінің көзі тірі екенін айтқан кезде Омар оған: «Уақыт оздырмай әкеңнің жанына бар және оған қызмет жаса. Оның ризашылығын алу үшін барынды сал», – деп кеңес

[55] Бухари, Әдәбул-муфрад. I, 15-бет; Байхақи. Шуабул-иман. VI, 205-бет.

берді және сөзінің соңын: «Аллаһтың атымен ант ішейін! Егер де анасы тірі болып оған қызмет жасаған болса, тозақ отына кірмейтіндігіне үміт арта алар едім»,– деп тәмамдайды».

Ата-ананы тыңдау – нәпіл ғибадаттан үстем

Аллаһ тағаланың құлдарына қойған талаптары бар. Бұларды міндетті түрде орындаулары керек. Мұны парыз дейді. Бес уақыт намаз оқу, рамазан айында ораза ұстау, шамасы келетіндердің қажылыққа баруы секілді құлшылықтар парыз ғибадаттар. Парыз құлшылықтарды орындағандарға зор сауаптар жазылады. Орындамағандар күнә істеген болып саналады.

Парыздар – Аллаһ тағала тарапынан құлдары үшін бекітілген ең негізгі ғибадаттар. Парыздарды орындағаннан кейін қосымша ғибадаттарды да орындауға болады. Осы қосымша ғибадаттарды «нәпіл ғибадаттар» дейміз. Мысалы аукатты адамға өмірінде бір мәрте қажылыққа бару парыз болса, шамасы келіп тағы да баруы нәпіл ғибадат болып табылады. Адам баласының нәпіл ғибадаттармен өміріне сән кіргізуі нұр үстіне нұр. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистерінде баяндалғандай, құлдарды Аллаһ тағалаға ең көп жақындататын парыз амалдар. Егер құл парыздарын орындап, қосымша нәпіл ғибадаттарды да орындауға тырысса, ол құлдың рухани дәрежесі көтеріліп, жүрсе де, сөйлесе де, не істесе де тек қана Аллаһ тағаланың разылығы үшін әрекет ете бастайды. Әрбір әрекеті Аллаһ тағаланың қалауына сай орындалған құлдың барлық іс-қимылы ғибадат ретінде қабыл болады. Мұндай адамдар әрдайым айналасындағыларға сырттан қарағанда-ақ Аллаһ тағаланы естеріне түсіріп

тұратын нұрлы жолбастаушыға айналады. Көшеде, базарда жүргенде оның жүзіне қараған адамның ойына Аллаһ тағала оралады. Ол адам үнсіз тұрса да дене пішімі, бет әлпеті Аллаһ тағаланы еске түсіріп тұрады.[56] Нәпіл ғибадаттар құлдың діни өміріндегі кем-кетіктерді толтырады. Оны Аллаһ тағалаға жақындатып, Жаратқанның құдіретімен дарыған бөлекше ізгі мінезін кемелдендіруге сеп болады. Нәпіл ғибадаттардың діндегі орны осыншалық маңызды болғанына қарамастан ата-ана ақысы одан да бір сүйем биік тұрады. Осыған байланысты бір оқиға былай баяндалады: бір күні Хишам ибн Хассан ғұлама Хасан Басриден: «Құран үйреніп жүрген едім. Сондықтан үйге кеш қайтамын. Құптан намазына дейін анам мені үйде күтіп отырады. Осы әрекетім дұрыс па?» – деп сұрайды. Сонда Хасан Басри: «Құптанның уақытында үйінде болып, анаңды қуантып, оған көңіл бөлуінді нәпіл ғибадат ретінде жасалған қажылықтың сауабынан артық көремін», – деген екен.

Малики мәзхабының имамы Малик ибн Әнәс ата-анасының рұқсатынсыз нәпіл қажылыққа баруға болмайтынын айтады. Ғалым имам Ғазали: «Халал немесе харам екені анықталмаған шүбәлі мәселелерде ата-ананы тыңдау – парыз. Ал Аллаһ тағаланың нақты харам деп үкім берген мәселелерінде ата-ананы тыңдау парыз емес. Ата-анаң өздерімен бірге отырып тамақтануыңды талап етсе, олардың айтқанын орындауың керек. Сол секілді, нәпіл ғибадат мақсатымен саяхатқа шығарда міндетті түрде олардың рұқсатын алуың керек. Сен үшін парыз болып саналатын қажылық жасауда ата-анаң қарсы бо-

[56] Бухари. Риқақ, 38.

лып тұрса, кешіктіргенің абзал. Ғылым-білім үйрену мақсатымен де жолға шығатын болсаң, олардан рұқсат алуың керек»[57] – дейді.

Демек, имам Ғазали де ата-ананы тыңдауды нәпіл ғибадаттан үстем деп қарайды. Оның көзқарасы бойынша тіпті егер бір адамға парыз қажылықты өтеуге ата-анасы қарсы болса, қажылығын кешіктіріп, кейіннен баруына болады дейді ғұлама.

Ата-ананың рұқсаты ма әлде жиһад па?

Ғаламның жаратылысындағы асыл мақсат – Аллаһ тағаланың көркем есімдеріне айна болу. Бұл айналардан Ұлы Жаратушы Өзінің өнерін тамашалайды, әрі біздің сол өнерге деген таңданысымыздан ләззат алады. Ал осы өнер туындылары ішінде жаратылыс әуенін нақышына келтіріп шырқайтын – адам баласы. Ғажайып өнер туындыларына сәт сайын жаңасын қосып тұратын Аллаһ тағала, адам ретінде біздің өз міндетімізді атқарғанымызды қалайды. Яғни: «Мен адамдарды басқа мақсат үшін емес, тек қана Маған құлшылық етсін деп жараттым»[58], – деген аятында айтылғандай бізден Оны тануымызды, таныған сайын Оған деген құрметіміз бен ғибадатқа деген құлшынысымыздың арта түскенін қалайды. Сонымен қатар осы құрмет пен ғибадатқа деген құштарлықтың тек өзіміздің бойымызда болуын ғана емес, мәңгілік бақыт мекені жаннатқа кіруге арқау боларлық иман ақиқаттарын өзге де жандарға жеткізуімізді талап етеді. Бұл міндетті діни әдебиетте «'Ила'у кәлиматуллаһ» дейді. Аллаһ тағала бұл ең

[57] әл-Ғазали. Ихияу Улумид-Дин. I I, 218-бет.

[58] «Тур» сүреесі, 56-аят.

ұлық міндетті адамзат атаулының ішіндегі таңдаулы құлдары – пайғамбарларға жүктеген.

'Ила'у кәлиматуллаһ осыншалық маңызды болғанына қарамастан Пайғамбарымыз кей кездері ата-анаға қарауды осы міндеттен де жоғары қойған. Бір күні йемендік бір кісі Аллаһ елшісінің (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) жиһадқа шақыруын естіп, жолдың ұзақтығына қарамастан әскер сабына қосылу үшін Пайғамбарымызға келеді. Сонда Пайғамбарымыз одан артында қалған туған-туыстарының жайын сұрайды. Әлгі кісі үйінде ата-анасының бар екенін айтады. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм): «Маған келер кезде олардан рұқсат сұрадың ба?» – дейді. «Жоқ», – деп жауап қатады жолаушы. Пайғамбарымыз: «Олай болса дереу қайта орал да, рұқсат сұра. Егер саған рұқсат берсе 'ила'у кәлиматуллаһ қызметі үшін осында келуіңе болады. Егер рұқсат бермесе, олардың қасында қалып, көңілдерін табуға тырыс, оларға қызмет ет», – дейді.

Осы мәселеге қатысты сахаба Муауия ибн Жахимә (р.а.) басынан өткен бір оқиғаны былай баяндайды: «Аллаһ Елшісінің қасына келіп: «Уа, Аллаһтың расулы! Аллаһ тағаланың разылығы үшін және ақыретте жүзім жарқын болсын деген ниетпен өзіңізбен бірге жиһадқа қатысқым келеді», – деген тілегімді айттым. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм): «Анаң тірі ме?» – деп сұрады. «Иә», – деген жауабымды ести сала: «Анаңның қасына бар да, оған жәрдемдес!», – деді. Бірнеше күннен кейін Аллаһ елшісінің жанына барып, әлгі тілегімді қайталадым. Бұл жолы да: «Анаңның қасына бар да, оған жәрдемдес», – деп қайтарып жіберді. Сәтін тауып үшінші рет алдына бардым. «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ разылығы

үшін және ақыреттегі жағдайымды ойлап, өзіңізбен бірге жиһадқа қатысқым келеді», – дедім. Үшіншісінде де: «Анаң тірі ме?» – деп сұрады. «Иә», – дегенімде: «Анаңа бар, оған қызмет ет. Сен басыңа қонып тұрған бақты теуіп тұрсың. Оның аяғының астына төсеніші бол. Себебі жаннат – аналардың табанының астында», – деп мені кері қайтарды».[59]

Сахаба Әбу Усамә (р.а.) Пайғамбарымыздың бір хадисін былай баяндайды: «Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Хайбәр қамалын меңзеп: «Залым халық тұратын мына қамалды алуға дайындалыңдар. Құдай қаласа, жеңіске жетуді сендерге нәсіп етеді. Кімнің аты асау немесе арық болса бізге қосылмай-ақ қойсын», – деді. Аллаһ Елшісінің әмірін естіген Әбу Һурәйрә (р.а.) үйіне жүгіріп барып: «Анашым, жиһадқа қажет керек-жарақтарымды әзірле, Расулуллаһ соғысқа дайындалуды бұйырды», – дейді. Сонда анасы: «Сенен басқа қасымда ешкімім жоқ екенін, сенсіз бір жерге де шыға алмайтынымды біле тұра кетпекпісің?» – деп ренішін білдірді. Әбу Һурәйрә болса: «Аллаһ Елшісінің қасында болуым керек», – деп, анасының ренішінің орынсыз екенін білдірмек болды. Анасы «осыдан егер балам кететін болса, ақ сүтімді кешпеймін» деп Аллаһтың атымен ант ішті. Ұлына білдірмей сыртқа шығып, Пайғамбарымыздың қасына келді де, үйде болған әңгімені баяндады. Аллаһ елшісі кейуанаға: «Сіз ешнәрсеге алаң болмай қайта беріңіз», – деп шығарып салды. Біраздан кейін Пайғамбарымыздың қасына Әбу Һурәйрә келді. Пайғамбарымыз оған теріс бұрылды. Әбу Һурәйрә әбіржіп: «Уа, Аллаһтың расулы! Маған теріс бұрылғаныңызды көріп тұрмын, мен

[59] Ибн Мажә. Жиһад, 12.

жайлы бір нәрсе естідіңіз бе?», – деп сұрады. Сонда Аллаһ Елшісі (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм): «Анаң ақ сүтімді кешпеймін десе де, өз райыңнан қайтпай тұрсың. Сендер әке-шешелеріңнің немесе олардың біреуінің қасында болған кезде өздеріңнің Аллаһ тағаланың жолында екендеріңді білмейсіңдер ме? Кімде-кім ата-анасын аялап, оларға қызмет етсе, олардың бұл қызметі – Аллаһ тағаланың жолында жиһад еткенмен тең», – деді. Әбу Һурәйрә болса осы оқиғадан соң: «Пайғамбарымыздың әлгіндей сөзінен кейін, анам қайтыс болғанға дейін екі жыл бойы ешқандай соғысқа қатыспадым», – [60] деген екен.

Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) өзі куә болған бір оқиғаны былай баяндайды: «Бір әйел қасына ұлын ертіп, Пайғамбарымыздың жанына келді. Ұлы жиһадқа қатыспақ ниетте болғанымен анасы оған қарсылық білдіреді. Істің байыбына барған Аллаһ елшісі (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) жігітке: «Анаңның қасында қал. Жиһадқа қатысқандай сауап аласың», –деді».[61]

Әрбір мұсылман үшін Хақ дінді таратудан артық ұлық міндеттің жоқ екендігі әмбеге аян. Қасиетті Құранда бұл мәселе тайға таңба басқандай айқын баяндалған. Алайда үйінде ата-анасына қарайтын ешкім болмай, ата-анасы баласының көмегіне қатты мұқтаж болған жағдайларда Пайғамбарымыз ата-анаға қамқорлықты бірінші орынға шығарған. Ата-анасына қарап, үйінде қалған жандардың жиһадқа қатыспаса да қатысқандармен бірдей сауапқа кенелуінің бір хикметі осыдан болса керек.

---

[60] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Кәбир. VIII, 228-бет.

[61] Ибнул-Жәузи. әл-Иләлул-Мутәнәһия. II, 522-бет.

Ата-анасының көңілін тапқан адамның дұғасы қабыл

Абдуллаһ ибн Омардың (р.а.) жеткізген хадисінде Пайғамбарымыз бағзы замандардағы үш кісінің басынан өткен мына бір оқиғаны баяндау арқылы бізге аса маңызды ақиқатты білдірген:

«Сендерден бұрын өмір сүрген үмбеттердің арасында үш кісі жолға шықты. Кеш түсіп кеткендіктен бір үңгірге барып түнеуге мәжбүр болды. Таудан домалап түскен үлкен бір жартас үңгірдің аузын бітеп қалады. Араларындағы біреуі «бізді бұл жағдайдан жақсы амалдарымызды шапағатшы ете отырып, Аллаһқа жасаған дұғаларымыз құтқаруы мүмкін», – дейді. Сол кезде бірінші адам: «Менің әбден қартайған әке-шешем бар еді. Мен оларға қатты қамқорлық жасайтынмын. Кеш болса, олардың қарнын тойдырмай тұрып бала-шағама да, малдарыма да ешнәрсе бермейтінмін. Бір күні отын алып келу үшін алыс жолға шығуға мәжбүр болдым. Үйге қайтып келгенімде екеуі де ұйықтап қалған екен. Сүт сауып әкелдім, қарасам әлі оянбапты. Олардан бұрын ешкімге ішкізіп-жегізуді қаламадым. Кеш болып кеткендіктен бала-шағам аштықтан аяғыма оратылып жатты. Мен болса сүт құйылған ыдысымды ұстаған күйі олардың оянғанын күттім. Өстіп жүргенде таң да атты. «Уа, Жаратқан Ием! Бұны Өзіңнің разылығың үшін жасағанымды білесің, үңгіріміздің аузын жауып қалған мына жартастың аузын аша гөр!», – деді. Тас шамалы жылжыды. Бірақ денелері сыырлықтай емес еді..»[62]. Бұл хадистің

[62] Бухари. *Әнбиә. 53, Харс. 13, Әдәб. 5*; Муслим. *Зикр. 100*

ары қарай жалғасы бар. Бірақ біз тақырыбымызға қатысты бөлігін ғана алып отырмыз. Бұл жерден біздің ұғарымыз – ата-анаға жасаған жақсылығымыз үшін Аллаһтың да бізге жақсылық жіберетіні және ата-анасының ақ батасын алған адамдардың жасаған дұғасының қабыл болатындығы.

Шүбәсіз қабыл болар дұға

Аллаһ тағала шарттары мен әдебіне сай жасаған дұғаға міндетті түрде жауап береді. Алайда жауап берер кезде біздің қалауымызға қарай емес, Өзінің қалауы мен хикметіне орай шешім қабылдайды. Өйткені пенде өзі үшін түбінде ненің қайырлы екенін біле бермейді. Жақсылық дегені жамандық, ал жамандық секілді көрінген жағдайлардың ол үшін жақсылық болуы бек мүмкін. Аллаһ тағала кейбір дұғаларға сол сәт жауап берсе, кейбір дұғаларды кейінге қалдырады.

Жаратқан Иеміз міндетті түрде жауап беретін дұғалардың бірі – ата-ананың баласы үшін жасаған дұғасы. Осыған қатысты бір оқиғаны Пайғамбарымыз хадисінде былай деп баяндайды: *«Үш кісінің тысында ешкім бесікте болған кезінде сөйлеген емес. Олардың әуелгісі хазрет Иса (алейһис-сәлам), екіншісі Исраилұлдары дәуірінде өмір сүрген Жүрәйж деген діндар адам жайында куәлік еткен сәби. Жүрәйж ғибадат жасауға берілген тақуа бір құл еді. Бір шіркеуге бекініп алып намаз оқумен болды. Бір кезде анасы қасына келіп: «Әй, Жүрәйж! Бері кел, саған айтарым бар»,– деп баласын шақырды. Жүрәйж «Уа, Аллаһ тағалам! Намазды таңдайын ба, әлде анамды ма?» деп ойлады да намазын жалғастыруға шешім қабылдады. Анасы қайта-қайта шақырды. Баласынан жауап ала алмаған соң ең соңында «Аллаһым, балам*

жаман пиғылды әйелдің кесірін көрмей қайтыс болмасын!» деп қарғады. Исраилұлдары өзара Жүрәйжтің тақуалығын, құлшылығын әңгіме ететін. Сол өңірде жаман жүріспен аты шыққан бір сұлу әйел бар еді. Әлгі әйел: «Қаласаңдар, мен оны жолынан тайдырып берейін», – деді айналасындағыларға. Сөйтіп, Жүрәйжтің басын айналдырмақ болды. Бірақ Жүрәйж оған сыр бермеді. Сонда әйел бір қойшыға барды. Бұл қойшы Жүрәйжтің шіркеуінің түбінде тұратын. Әлгі әйел сол қойшыдан бала туып, баласын Жүрәйжтің баласы деп жария салды. Өз құлақтарына өздері сенбеген халық ашумен Жүрәйжті шіркеуінен қуып шығып, шіркеуді қиратып, өзін соққыға жықты. «Сендерге не болған?» – деп сұрады Жүрәйж түкке түсінбей. «Мына жезөкше туған баласының сенен екенін айтады, бұған қалай дәтің барды!» – дейді ашулы халық. Жүрәйж: «Бала қайда, оны маған алып келіңдер», – дейді. Адамдар құндақтаулы нәрестені алып келеді. Жүрәйж: «Мені босатыңдар, намазымды оқып алайын», – дейді. Сөйтіп намазын оқиды. Намазын бітіре сала нәрестенің қасына келіп: «Әй, бала, сенің әкең кім?» – деп сұрайды. Сонда құндақтағы сәби: «Пәленше деген қойшы», – деп жауап қатады. Мұны естіген халық Жүрәйжке келіп: «Сенің шіркеуіңді алтыннан соғамыз,» – дейді. Жүрәйж болса: «Жоқ, қажет емес, бұрынғыдай кірпіштен қалаңдар», – дейді. Халық қайтадан шіркеу салады...».[63]

Хадистен байқағанымыздай Жүрәйжтің анасының оған жасаған дұғасы қабыл болған. Бірақ Жүрәйж Аллаһтың сүйікті құлы болғандықтан, Жаратқанның

[63] Бухари. *Шәрикә. 35, Әнбиә. 48*; Муслим. *Бирр. 7,8*

оған сыйға тартқан кереметінің арқасында жабылған жаладан құтылып, өзін ақтап алады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келесі хадисінде дұғасы қабыл болатын кісілер жайлы айтады: «Үш кісінің дұғасы міндетті түрде қабыл болады: жәбірленушінің, жолаушының және ата-ананың баласы үшін жасаған дұғасы».[64]

Хазірет Әнәс риуаят еткен хадисте дұғасы қабыл болатын кісілер деп келесі адамдар аталады: «Әкенің баласы үшін жасаған дұғасы, ауыз бекітіп, ораза ұстаған адамның дұғасы және жолаушының дұғасы».

Ханбәли мәзхабының имамы Ахмад ибн Ханбәлдің ұлы Абдуррахман әкесінен естіген бір оқиғаны баян етеді: «Ертеде бір әйел Махләд ибн Хусәйн деген имамға келіп, ұлының Римдіктердің қолына түсіп қалғанын айтады. Ұлын тұтқындықтан құтқару үшін құн төлеуі керек, бірақ байғұс анада ондай ақша болмайды. Сол үшін имамға келіп, өзіне ақша жағынан көмектесе алатын адам тауып беруін өтініп, жәрдем сұрайды. Қайғыдан қан жұтқан қасіретті ананың күндіз-түні ойлағаны – ұлы. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылған әйелдің ішкі жан күйзелісін көрген Махләд ибн Хусәйн біразға дейін үнсіз отырып қалады. Бар ынта-жігерімен Аллаһқа қол жайып, шынайы ықыласпен дұға жасайды. Ал әйел болса, үздіксіз баласының тілеуін тілеумен болады. Бірнеше күннен кейін әлгі әйел жанына баласын ертіп имамның қасына келеді. Қуаныштан имамға алғысын жаудырып болар емес. Баласы тұтқындықтан босап келіпті. Ұлынан имамға тұтқындықтан қалай құтылғанын айтып беруін сұрайды. Баласы басынан өткендерді ба-

[64] Тирмизи. Бирр. 7; Дәауат. 47; Ибн Мажә. Дұға. 11.

яндай бастайды: «Бірнеше тұтқын Рим патшасының түрмесінде едік. Күндіз қара жұмысқа жегіп, қараңғы түскенде зынданға қайта әкеп қамайтын. Бір күні қайтып келе жатқанда аяғымдағы кісен өзінен-өзі үзіліп жерге түсіп қалды. Күзетші: «Кісеніңді неге үзесің?» – деп дүрсе қоя берді. «Мен үзген жоқпын, өзі үзіліп қалды», – дедім. Күзетші таңқалып, қасындағы серігін шақырды. Екеуі темірші шақырып, кісенді қайта тақпақ болды. Сөйтіп темірші шақырып, кісенді тақтырды. Бірнеше қадам басқанымда кісен қайтадан үзілді. Күзетшілер бұған таң қалып, мұны дін қызметкеріне көрсетті. Дін қызметкері: «Анаң тірі ме?» – деп сұрады. «Иә, анам тірі» – деп жауап бердім. Дін қызметкері «Кісеннің кіліттенбей жатқаны анасының қабыл болған дұғасынан болса керек», – деп мені тұтқындықтан босатты. Жол азығымды да қолыма ұстатып, өзімді мұсылмандардың жеріне дейін апарып тастады». Бір қызығы, жігіттің аяғындағы кісеннің шешіліп қала берген уақыты – имам мен анасының дұға жасаған уақытына дөп келген екен.

Міне, қабыл болған дұға. Бұдан басқа өмірде өзіміз куә болып жүрген ата-ананың баласы үшін жасаған осындай қаншама қабыл болған дұғалары бар. Пайғамбарымыз да (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ата-ананың жасаған дұғаларының Аллаһ тағалағатікелейжететінін айтады. Демек, ақыретке дейін қаншама дұғалар әлі қабыл болады деген сөз. Сондықтан ата-анамыздың ыстық лебізі мен ықыласына бөленіп, қайыр дұғасын алып қалуға тырысайық. Жақсылықтың жаршысы болуға тырысып, Аллаһ тағаланың жолында қызмет мақсатымен ізгілік істеріне құлшына кіріскенде де үнемі ата-анамыздың дұғасын өзімізге сүйеніш етсек,

Аллаһ та жетістіктерін аямасы сөзсіз. Басымызға күн туғанда ата-анамызбен бірге отырып, Аллаһтан тілек тілесек Аллаһ тағала тілегімізді қабыл етеді. Себебі ақ жаулықты аналарымыз, ақ сақалды әкелеріміз және күнәдан пәк бүлдіршіндеріміз дұғаларымыздың қабыл болуы үшін бізге шапағат бұлағы. Осы алтын қазыналардың қадірін білгеніміз абзал.

Ата-ана ешқашан баласына жамандық тілемейді. Сөйте тұра ата-анасына қан құстырған балалар баршылық. Адамдық қасиетін жоғалтқан мұндай перзенттерді ата-ананың қарғысынан сақтасын. Себебі ата-ананың дұғасы да, қарғысы да дереу қабыл болады. Ал қарғысқа ұшыраған баланың көсегесі көгермейді.

Аллаһ тағаланың мейірімінен мақұрым қалу

Аят пен хадистерде айтылғандай Аллаһ тағала ата-ана ақысына үлкен мән береді. Өзінің ақысынан кейінгі ақыны ата-анаға берген. Екі дүниеде де бақытты болғысы келгендер ата-анасының көңілінен шығып, алғыстарына бөленуі тиіс. Аллаһ тағала ата-ана ақысына осыншалықты мән берген болса, біз де оның маңызын терең түсініп, аяқ асты етпеуіміз керек. Осы талпынысымыз үшін Аллаһ тағаланың бізге ақыретте молынан сый берері анық. Керісінше Аллаһ тағаланың бұл әмірін құлағына ілмей, ата-анасын зар жылатқандарға ақыретте Аллаһ тағала назарын салмайды.

Ақыретте Аллаһ тағаланың алдында есеп беретін махшәр күнін көз алдымызға бір елестетіп көрейік. «Үмбетім, үмбетім», – деп біз үшін шыр-пыр болған Пайғамбарымыздан(саллаллаһуаләйһиуәсәлләм)басқаадамдардың бәрі қарақан басының қамын ойлап жанталасады. Бұл

өмірде жан досым деп жүрген адамдардың да бір-біріне көмегі тимей, әрқайсысы өз есесбінің уайымын жеп, қайғырады. Адам баласы қандай дәрменсіз десеңізші! Осы кезеңде оны уайымның қара терінен құтқаратын тек қана Аллаһ тағала болмақ. Ал уайымның қара теріне малынып тұрған адамдардың арасында Аллаһ тағаланың назарынан мақрұм қалған пенделер де бар. Олар — ата-аналарын қартайған шағында көшеге тентіретіп немесе қарттар үйіне тастағандар. Аллаһ тағала олардың қайырымсыз істегендерін алдарынан шығарады. Ата-анасы қартайып түкке қаукары қалмай, баласының қамқорына барынша мұқтаж болған кезде қалайша баласы одан теріс айналып кеткен болса, енді ақыретте, дүниеде істеген әрбір әрекетінің есебін беретін махшәр күнінде, адамдар Аллаһ тағаладан кешірім мен мейірім күтіп тұрған кезде, олар бейшаралық күйге түседі. Ол адам өзіне қамқоршы таба алмай, жалғыз қалған ата-анасынан да бетер күй кешеді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында бір хадисінде: *«Аллаһ тағаланың құлдары арасында кейбіреулері бар, Аллаһ ақырет күні олармен сөйлеспейді, оларды ақтамайды, тіпті оларға жылы шырай да танытпайды»,* – дейді. Сонда Пайғамбарымызды тыңдап отырған сахабалар: «Ей, Аллаһтың елшісі, бұлар кімдер?» – деп сұраған екен. Пайғамбарымыз: *«Ата-анасына қарамай, тастап кеткен баласы, сәбиін бағып-қақпай, жетімсіреткен ана, біреу өзіне қанша жақсылық жасағанмен, жақсылықты түсінбей, жақсылыққа жамандық жасаған адам»,* – деп жауап қайтарыпты.[65]

[65] Ахмед ибн Ханбел. әл-Муснәд. III, 440-бет.

Хазірет Әлиден (р.а.) айналасындағылар: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа ешкімге айтпай, тек саған ғана айтқан хадисі бар ма?» – деп сұрағанда, «Иә, бар», – деп, қылышын қынынан шығарып, оның жүзіне өрнектеліп жазылған: *«Аллаһ тағаланың есімін айтпай мал бауыздаған адамға Аллаһ лағынет етсін...Ата-анасына қарсы келіп, лағынет айтқан адамға Аллаһ лағынет етсін...»*, – [66] деген сөздерді оқыпты.

Дана адамдар осы тұрғыда: «Байқа, ата-анасын сыйламаған адамдармен дос болма. Өзі үшін бар өмірін сарп еткен ата-анасына жақсылық жасамаған адамның саған жақсылық жасауы мүмкін емес», – деген екен.

Атаңа не көрсетсең, алдыңа сол келер

Баланың өсу барысында ата-ананың іс-әрекеті үлгі болмақ. Ата-анасының сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы бәрі де баланың мінез-құлқының қалыптасуына айрықша әсер етпек. Сондықтан ата-ана баласының жанында аса сақ, жаман әдеттерден аулақ болғаны жөн.

Адам өзінің әке-шешесіне қандай қарым-катынас жасаса, алдағы уақытта оның балалары да өзіне солай қарауы заңды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демей ме халқымыз. Аллаһ ешқашан құлдарына жамандық тілемейді. Жамандықты тілеп алатын құлдарының өзі. «Амалына қарай табары» демекші, адам баласы іс-әрекетіне қарай жемісін алады.

---

[66] Муслим. Әдаһи. 43; Ахмед ибн Ханбел. әл-Муснәд. I, 118, 152-беттер.

Қоғамда ең жан түршігерлік көріністердің бірі – адамның кәрі әке-шешесіне жекіп, дөрекі сөз қайтарып, қасиетсіздік танытуы. Осы көріністер баланың санасына сыналап сінген жағдайда әке-шешесіне де соны жасауы кәдік. Адам өзінің қарт әке-шешесін сыйламай, өмірдегі ең құрметті жандарды қадірлемесе, баласы да қадірлі жан деген ұғымды білмей өседі. Туған әке-шешесін сыйламаған адамның өзгені сыйлауы мүмкін бе? Бұл болса баланың санасында ешкімді сыйлаудың қажеті жоқ деген түсінікті қалыптастырады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Сендер әкелеріңе жақсылық жасаңдар, балаларың да сендерге жақсылық жасасын. Сендер ар-намыстарыңды сақтаңдар, әйелдерің де ар-намысты болсын»*[67], – деген. «Не ексең, соны орасың» дегендей кейде адам баласы басына келген қиыншылықтар мен қайғы-қасіреттердің себебі не екен деп ойға батса, әрбір қасіреттің астарында бір себеп барын байқайды. Тағдыр әрдайым әділетті түрде үкім береді. Құранда *«Жақсылықтың нәтижесі жақсылықтан басқа не болады?»*[68] – деп, жақсылық жасаушының ізгілікке тап болатыны айтылады. Осыған орай жамандық жасаушы да жамандыққа тап болады. Ата-анаға жамандық жасалса, оның есесі міндетті түрде өз баласынан солай қайтады. Мәшһүр ғұлама Мәуләна Жәлаләддин Руми: «Бұл дүние тауға ұқсайды. Істеріміз болса дауыс секілді. Дауысымыз әдемі болса да, жаман болса да, жаңғырық боп өзімізге қайта естіледі», – деп,

[67] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. I, 299-бет; әл-Хаким. әл-Мустәдрәк. IV, 171-бет.

[68] «Рахман» сүресі, 60-аят.

адамның жасаған іс-әрекеттерінің бір күні міндетті түрде алдынан шығатынын айтады.

«Ей, адам! Ақыл-есіңді жина! Егер саған ажал келіп, өлмесең, онда бір күні қартаясың. «әл-жәзау мин жинсил-амал» (жаза – істеген амалыңа сай қайтарылады) қағидасы бойынша, сен ата-анаңа құрмет көрсетпесең, сенің балаң да саған қамқорлық жасамайды. Егер ақыретің жемісті болсын десең, міне саған маңызды қазына: Ата-анаңа қызмет ет, ризашылығын ал. Егер осы дүнием жемісті болсын десең, онда тағы да айтарым: ата-анаңды қуанышқа кенелт, солардың арқасында өмірің тыныш, рызығың берекетті болсын. Әйтпесе, оларды қор көрсең, ажалын тілесең, олардың кірбің көңіліне қаяу түсірсең, Құранда айтылғандай *«Осы дүниеде де, ақыретте де құр қол қалғандардың»*[69] кейпін киесің. Егер Аллаһ тағаланың рақымын қаласаң, Рақымды Аллаһтың шаңырағыңдағы аманаттарына рақымдылық таныт».[70]

«Ата-ана – адам баласының ең әуелі құрмет көрсетуі тиіс қастерлі жандар. Олардың алдында ізеттілік танытпаған, құрметтемеген адам Аллаһ тағалаға қарсы шыққан болып саналады. Оларға жәбір-жапа көрсетіп, әбіржіткендер ерте ме, кеш пе, өздері де солардың кебін киеді».[71] Халқымыз бұл мәселенің бүкіл мәнін «Атаңа не келтірсең, алдыңа сол келер» деп бір ауыз сөзге сыйдырған. Осы жерде аталмыш тақырыптың түйіні ретінде шағын әңгімені беруді жөн көріп отырмыз:

---

[69] «Хажж» сүресі, 11-аят.

[70] Мектубат. 272-бет.

[71] Ф. Гүлен. Ғұмырлық өлшемдер. 160-бет, А., 2007.

Бір жас жігіт үйленгелі бері үйінде бірге тұрып келе жатқан әкесі үшін әйелімен ылғи да қырықпышақ болып сөзге келіп қалатын. Арадағы ұрыс-керіске әйелінің қайын атасына тыжырына қарап, үйге артық адам керек емес деп жақтырмай қарайтын шайпау мінезі себеп болатын. Кейде сондай бір ұрыстардың адам айтса нанғысыз бас бермей кететін кездері де жиі орын алатын. Ондайда жанжалды ушықтырып, жан алқымнан алатын әйелі үйді басына көтере: «Не бұл үйден мен кетем, не әкең кетсін!» деп долылыққа басатын.

Әйелімен ажырасуға дәті барар емес. Үйде бірге тұрып жатқан әкесі үшін лап ете қап, өршіп ала жөнелетін ұрыс-керістер болмаса, былайғы өмірі тыптыныш-тұғын. Осы әйелге кезінде қолы әрең жеткен еді, үйдегілерді қалай әрең көндіріп еді десейші?! Әйеліне өлердей ғашық болғаны соншалық, әлі де қатты жақсы көретін. Енді міне, шақшадай басы шарадай болып, не істерін білмей дал болып отырған оның есіне бұл тығырықтан алып шығар бір ғана жол түсті. Ол – кезінде аң аулауға керек болар деп тұрғызған таудағы күркесымақ ағаш үйге әкесін апарып орналастырсам деген ой еді. Аптасына бір рет соғып, тамағын апарып беріп, керектісін жеткізіп тұрса, күнде құлақ етін жемей үйде әйелі де тыныш табар деген үміт еді.

Әкесіне керекті бар заттарды дайындағаннан кейін төсекке таңылған әкесін көтеріп әкеп жеңіл көлікке отырғызды. Баласы да барам деп етегіне жармаса кеткендіктен оны да машинаға отырғызып, жолға бірге ала шықты.

Қақаған қыс айы. Даладағы үскірік аяз бет қаратар емес. Қарсы алдарынан құйындатып борай

соққан қардан жолды әрең-әрең көріп келе жатты. Қасында отырған кішкене баласы әкесінен қайда бара жатқандықтарын мазалап, қанша сұраса да еш жауап ала алмады. Ал өзін қайда апара жатқандығын бірден ұққан көкірегі ояу қарт іштей егіле жылап, көзінен сорғалай аққан жасын жеңімен сүрткен күйі немересі мен баласына білдірмеуге тырысты.

Бірнеше сағат жол жүріп таудағы үйге де келіп жетті-ау. Бұл жерге ат басын бұрмағалы да біраз уақыт болыпты. Үйсымақ ағаш күркенің әбден тозғаны соншалық, төбесінен су ағып, еденге тастаған тақтайлардың кейбір тұстары шіри бастапты. Күркенің бір бұрышын тазалап болғаннан кейін машинадағы төсекті әкеліп, сол бұрышқа жайлап орналастырды. Артынша басқа да заттарды өз орындарына реттестіріп қойғаннан кейін ең соңынан әкесін түсіріп әкеп, әлгі төсекке жатқызды. Ал, үй деп әкелген күркесі үйден гөрі далаға көбірек ұқсайды. Едені сыз, суық күркеде әкесі төсекке басы тимей жатып-ақ тісі-тісіне тимей сақылдап, жаурай бастады. Денесі қалшылдап, тоңа бастаған әкесіне қарап тұрып «Ертең жылырақ көрпе-жастықтар әкеліп берермін» деп ойлады. Бірақ, өзегін өртеген қалың ой мен еңсесін зіл ғып басқан мұннан біртүрлі арыла алмады. Ол осылайша өзін күнәлі сезініп тұрғанда, әкесінің ішкі жан дүниесінде ала-сапыран дауыл тұрып, көңілі астан-кестен күйде еді. Қаншама жыл барын аузына тосып, аялап баққан баласы қартайып, әл-ауқатынан айырылып, мына-дай қауқарсыз күйге түскен шағында қадір-құрмет көрсетудің орнына өзін тірідей көміп, қыстың көзі қырауда ессіз далаға тастап кетіп бара жатқан жоқ па?! Бұл не, ит-құсқа жем болсын дегені ме, жоқ,

әлде, аязда аштан қатып өлсін дегені ме?! Бұдан өткен бақытсыздық, бұдан асқан масқаралық болар ма?! Осындай қорқынышты әрі сұрықсыз ойлар жетегінде іштей қатты мүжілген карт онысын сыртқа сездірмеуге тырысып бақты. Болған жайттан ешнәрсе ұқпаған тек қарттың немересі ғана. Кіп-кішкентай бала жүрегі, әйтеуір, атасынан айрылып бара жатқанды ғана сезіп, көңілін қорқыныш биледі.

Қайтатын уақыт та таяды. Қоштасарда әкесінің төсегіне еңкейіп, оны құшақтаған бойда өксігін баса алмай көп жылады. «Мені кешіршi» дегендей бетінен, көзінен, қолдарынан қимай-қимай көп сүйді. Екеуі де көз жастарына ие бола алмай, әкелі-балалы құшақтасқан күйі күңірене іштей егілді. «Осыған мәжбүр болдым, әке, қайтейін» дегендей ұлы артқа қайта-қайта көз тастап, кішкене баласының қолынан дедектете жетектеген күйі күркеден алыстай берді.

Көлікке келіп отырды. Қайтар жолға бет алғаннан-ақ қасына ерте келген кішкене баласы «Атамды суық жерге неге тастап кеттің?» деп ал кеп жыласын. Баласына не деп жауап берерін білмеген әке байғұстың басы қатып, састы. «Шешең осылай болуын қалады» деп айта алмады. Баласы бір уақытта жұлып алғандай «Сен картайғанда мен де сені осында әкелем бе?» дегенде, төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей қалш-қалш еткен күйі тұрды да қалды. Бірден көлігін кері қайта бұрды. Күркеге жете бере «Әке, мені кеш?!» деп әке құшағына қарай далақтап жүгіріп, тамағына тығылған ащы өксікке ие бола алмады. Мойнынан тас қып құшақтады. Кемсеңдеген әке мен кешірім тілеген ұлдың құшақтары көпке дейін айырылмады. Өз қателігін енді ұққан баласы «Жаза бас-

тым, жаңылдым, әке, мені кеш» деп аяғына бас ұрып кешірім сұрағанда, әкесі оған еш күтпеген мағыналы жауап қайтарды:

– Сенің қайтып келетініңді білгенмін, балам. Сен мені тауға әкеп тастап кететіндей мен өз әкемді қартайған шағында тауға апарып тастаған жоқпын ғой. Мені тауға алуын алып келсең де, дәтің шыдап тастап кетпейтініңді, қайта оралатынынды білгенмін, балам, – деген еді қарт сонда...

II– ТАРАУ

БАЛАНЫҢ АТА-АНАНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

БАЛАНЫҢ АТА-АНАНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Адам баласын басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін негізгі қасиеттердің бірі – ата-анасымен арадағы қатынасының мәңгілік жалғасуында. Басқа жан-жануарлар белгілі бір уақытқа дейін ата-анасының қасында болып, сосын олардан мүлдем бөлініп кетеді. Ал адам баласының ата-анасымен байланысы құрсақтағы кезеңнен басталып ақыретте де жалғасады. Баласының жасаған әрбір жақсылығы ата-анасы үшін де сауап болып жазылады. Құранды оқып-үйренген, оны жаттаған, әмірлеріне бойсұнып, өмірінің негізгі ұстанымдарына айналдырған жандардың ата-аналарына ақыретте тәж кигізілетіні хадистерден мәлім. Осылайша ақыретте де арадағы байланыс жалғаса бермек.

Адам өмірі екі бөлімнен тұрады: бұл дүние және ақырет. Олай болса ата-анамыз бұл дүниеде өмір сүріп жатқан кезінде және ақыретке аттанып кеткеннен кейін де олардың алдында өтейтін борыштарымыз бар.

1. Ата-ананың көзі тірісіндегі борышымыз

Ата-ана алдындағы борыштарымыздың бір бөлімі олар өмір сүріп жатқан кезеңге қатысты. Сөзіміз, іс-әрекетіміз және көзқарасымызбен біз олардың өмірін жұмаққа айналдырсақ – перзенттік борышы-

мызды өтеп Аллаһ тағалаға шүкірлік еткен боламыз. Сонымен қатар Ұлы Жаратушының разылығына кенелеміз. Ата-анамыздың көзі тірісінде орындайтын міндеттеріміз төмендегідей:

Ата-анаға жиі барып тұру

Ата-анамыздың көзі тірісінде атқаратын ең маңызды міндеттеріміздің бірі – егер олардан бөлек тұратын болсақ, үйлеріне барып, хал-жағдайларын біліп тұру. Білім іздеп не жұмыс бабымен олардан бөлек тұруымыз мүмкін. Ондай жағдайда шамамыз келгенінше жиі-жиі ата-ананың жанынан табылып немесе үнемі телефонмен хабарласып, жағдайларын біліп тұрған абзал. Бала-шағасының жағдайын біліп, жақсы екенін естігенде олардың қарт жүректері лүпілдеп, қуанып қалады. Көңілі орнына түсіп, жаны жай табады. Ал олардың қуанышына себепші болу – Аллаһ тағаланы қуантумен бірдей.

Ата-анамен байланысты үзіп тастау – жаннаттан мақұрым қалудың бір себебі. Сонымен қатар ата-анасына бұлай жасаған адамды айналасындағылар да құп көрмейді. Олармен байланысты үзудің жазасын Аллаһ тағала пендесіне бұл дүниеде де, ақыретте де тарттырады..

Ата-анаға көмек

Ата-анамыздың көзі тірісінде оларға қолқабыс болып, қызмет ету, көңілдерінен шығу өте маңызды әрі діни тұрғыдан парыз. Осылайша қартайып қаусаған шағында оларға жайлы өмір жағдайын жасаған боламыз. Мұндай ізгі әрекеттің жаннат қақпасының кілтін қолға түсіруге себеп болары анық.

Оларға қызмет ету арқылы берекетті әрі қайырлы өмірге қол жеткіземіз. Мынаны естен шығармағанымыз абзал: Аллаһ тағаланың разылығына жетелейтін жол – ата-ананың ризашылығына бөлену арқылы ашылады. Аллаһ тағаланың азабы мен қаһарына ұшыраудың ең маңызды себептерінің бірі – ата-ананы жалғызсыратып қараусыз қалдыру. Ата-ана біз үшін Аллаһ тағаланың аманаты болғандықтан, олардың көңілдеріне қаяу түсіріп, жүректерін жаралау – үлкен күнә. Мұндай адамдарға Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Олар орны толмас өкінішке ұрынып, опық жейді!»* – деген ескертуін жасайды.

Сахаба Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.): «Әлсіз, бейшара құл ұр да жық қатігез иесінің алдында қалай құрдай жорғаласа, сен де ата-ананның алдында сондай бол», – деп бізге ата-ананың алдында өзімізді қалай ұстауымыз керектігін көрсетеді. Ата-ананың екеуінің де ақысы өте маңызды болғанымен, сый-құрмет пен қамқорлыққа ие болу жағынан ана бір қадам алда тұрады.

Ата-анамыз басқа дінді ұстанса немесе дінсіз болса да оларға қызмет ету міндетіміз. Олардың басқа дінді ұстануы ақысын аяққа таптауға себеп емес. Олардың напақасын тауып, материалдық көмегімізді көрсетіп, үйлеріне барып тұруымыз қажет.

Бір күні Мұса пайғамбар Аллаһ тағаладан жаннаттағы көршісінің кім болатынын сұрапты. Сөйтсе көршісі қасап екен. Әлгі қасапты тауып алып, сыртынан бақылап қараса, қасап ет пісіріп, піскен ет пен сорпасын жүдеу тартқан бір әйелге ішкізіп-жегізеді. Үсті-басын тазалап береді. Мұса пайғамбар қасаптың қасына келіп, әйелдің кім екенін сұрағанда:

«Бұл – менің анам. Кәрілік жеңіп, қауқарынан айрылды. Күніге оған өстіп қараймын», – дейді. Сол кезде Мұса пайғамбар қарт ананың: «Уа, Раббым, ұлымды жаннатта Мұса пайғамбарға көрші ете гөр!» – деген батасын естиді. Сонда Мұса пайғамбар қасапқа: «Саған сүйінші хабарым бар. Аллаh тағала сені жаннатта Мұса пайғамбармен көрші етті», – дейді.

Қарт кісілерге қарау өте үлкен сауапқа қол жеткізумен қатар сол қарттардың әсіресе ата-анаңның дұғасын алып, көңілінен шығып, жан-тәніңмен қызмет ету[72] әрі бұл өмірде, әрі арғы дүниеде бақытты болуға[73] жол ашатыны көптеген хадистерде айтылып, өмірде де шындыққа айналып отыр. Қарт әке-шешесін алақанына салып аялаған перзент кейін өзі қартайғанда баласынан да сондай жақсылық көретіні, ал керісінше, сор маңдай перзент әке-шешесінің жанжүрегіне қаяу түсірсе, ақырет азабымен қоса бұл дүниеде де түрлі бәле-жалаға ұшырап, сазайын тартатыны көптеген оқиғалармен расталған.[74]

Тек қана қарттарға, сәбилерге, туысқандарына ғана емес, егер мұсылманның кеудесіне иманның нұрымен себілген «мұсылманды бауырым деп қарау» сезімі болса, онда алдынан шыққан ауру қартқа да шынайы көңілімен қызмет етуі – Ислам дінінің талабы.

---

[72] Бухари. Әдеп. 1-6; Муслим. Бирр. 1-6, 9, 10.

[73] Муслим. Бирр. 9; Тирмизи. Дәауат. 110; әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. IX, 16-бет; Бәйхаки. Шуабул-Иман. VII, 463-бет.

[74] Муслим. Әдахи. 45; Ахмед ибн Ханбел. Муснәд. I, 118; 152-беттер.

Ата-анамыз орта жастан асқаннан-ақ ауру-сырқауларының артуы өмір шындығы. Сондықтан олар ауырып қалып жатса, қарауға қиынсынбай, емдетіп, дәрі-дәрмегін беріп, жағдайларын жасауымыз – мұсылмандық әрі перзенттік борышымыз. Осы жайында дін ғұламаларының бірі былай дейді: «Сырқат адамды күтіп-баптаған кісіге үлкен сауаптар жазылады. Ауру адамның хал-жағдайын сұрау, жанына барып тұру – сүннет[75] әрі күнәлардың өтемі болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: «Ауру адамдардың дұғасын алыңыз, олардың дұғасы қабыл болады»,[76] – деген. Әсіресе туған-туысың, ата-анаң ауырып қалған болса, оларға қарау ғибадат болып есептеледі. Сауабы да мол. Ауру адамдарды қуантып, көңілін аулау – өте маңызды садақа. Ата-анасы ауырғанда жараланған жүрегіне жамау болып, қайыр дұғасын алған перзент қандай бақытты!.. Ата-анасының өзіне жасаған ұшан-теңіз бейнетінің есесіне олар ауырып, төсек тартып жатып қалғанда қас-қабағына қарап, жағдайын жасаған парасатты перзентке періштелердің өзі «Мәшәаллаһ, Бәрәкаллаһ», – деп қол соғады».

Қартайғанда және ауырып қалған кездерінде ата-анаға міндетті түрде қарауымыз керек. Егер өзіміз қарай алмайтын болсақ, ақылы түрде қарайтын адам тапқанымыз абзал. Олардың дәрі-дәрмегін уақытымен жеткізіп, қал-ахуалдарын, нендей талап-тілектері барын жиі сұрап-біліп отыру керек.

Қырға шықса белім деп,

---

[75] Бухари. Илим. 39; Муслим. Сәлам. 47.

[76] Ибн Мәжа. Жәнаиз. 1; әл-Бәйхаки. Шуабул-Иман. VI, 541-бет.

Ойға түссе тізем деп,
Келін менен балаға
Қонақ болған уақытта,
Басынан билік кеткен соң,
Кемпір менен шал жетім,[77] – деп Қашаған жыраудың жыр жолына төккеніндей, қарттардың жетімсіреген көңілін аулап, қызметтеріне құрақ ұшу келін үшін де Аллаһтың разылығына қарай жетелейтін бір жол. Әрі келіннің оларға өзінің ата-анасындай қарауы – көргендіктің белгісі. Себебі басына күн туып, өзі де келінінің қолына қарап қалуы мүмкін. Жұбайының осындай игі ісін күйеуі де бағалап, оған алғысын білдірсе нұр үстіне нұр.

Ата-ананы тыңдау

Ата-ананың дінге қайшы келмейтін тілектерінің бәрін орындауымыз керек. Тұрмыс-тіршілігімізде олармен ақылдасып, пікірлерін тыңдап, көңілдеріне қаяу түсірмегеніміз абзал. Егер ата-ана Аллаһ тағаланың тыйым салған нәрселерін жасауды талап етсе, оны орындау міндетті емес. Себебі адам баласы үшін Аллаһ тағаланың ақысы бірінші орында тұрады.

Сахаба Әнәс ибн Малик Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні сахабаларына Аллаһ тағаланың Мұса пайғамбарға берген әмірлері жайлы әңгімелегенін баяндайды. «Ей, Мұса! Егер жер бетінде «Лә иләһә иллаллаһ» деп шәһәдат сөзін (куәгерлік сөзін) айтатын адам болмаса, жер бетін тозаққа айналдырар едім. Ей, Мұса, жер бетінде

[77] Ақберен (XVIII-XX ғ-ғы қазақ ақын жырауларының жырлары), 120-бет.

Маған құлшылық жасайтын адам болмағанда, Маған қарсы келген адамдарға ешқандай мүмкіншілік берместен жерді жойып жіберер едім. Ей, Мұса, Маған иман етіп, жалғыз екенімді қабылдаған адам – Мен үшін жаратылыстардың ішіндегі ең сүйкімдісі. Ей, Мұса, ата-анасына қарсы келген перзенттің аузынан шығатын бір сөз бар. Ол сөз – егер жер бетіндегі бүкіл құм түйіршектерімен өлшенсе, таразыны тең басатын ауыр сөз». Сонда Мұса пайғамбар: «Уа, мені шексіз нығметке бөлеген мейірімді Раббым! Ол қандай сөз?» – деп сұрайды. Аллаһ тағала: «Ата-анасы баласына бір нәрсені бұйырғанда баласының оларға «Жоқ» деп жауап беруі», – дейді».[78]

Ата-анасы бір нәрсені қаласа, баласы: «Айтсаңыз болды, орындаймын. Тағы басқа айтарыңыз бар ма?» – деп, айтқанын екі етпеуі керек. Керісінше «Жоқ» деп, болымсыз түрде жауап беру – Аллаһ тағаланың қаһарын тудыратын ең ауыр сөз.

Ата-ана залым, жауыз болса да, дін тұрғысынан басқа көзқарасты ұстанса да баласы ретінде оларды сыйлап, әдеппен тіл қатуымыз керек. Алдыңғы бөлімде Құран кәрімде баяндалған Ибраһим пайғамбар мен пұтқа табынатын әкесі Азәр арасындағы диалогты айтқан болатынбыз. Сол диалогта Ибраһим пайғамбар әкесінің алдында жұмсақ мінез танытып, қаншалықты құрмет көрсетсе де, әкесі оны таспен ұрып қорқытпақшы болады. Ибраһим пайғамбар әкесінің қорқытқанына, ұрсып-жекігеніне қарамастан, кетіп бара жатқанда әкесі үшін Аллаһ тағаладан кешірім сұрап, дұға жасайтынын айтады. Осы мысалдың өзі

[78] Әбу Нуайм. Хилятул-Әулия. II, 343-бет.

бізге ата-анамыздың алдында өзімізді қалай ұстау керектігін көрсетеді.[79]

Ардақты Пайғамбарымыз: «Егер бір адам Аллаһ тағалаға қарсы келуге шақырса, бұл мәселеде ол адамға мойынсұнуға болмайды» – деген. Демек, ата-анамыз бізді Аллаһқа қарсы келуге жол ашатын бір іске шақырса, онда олардың бұл әміріне мойынсұнбауымыз керек. Ал оның тысында кез-келген мәселеде ата-анаға құрмет көрсетуге міндеттіміз.

Әбу Бәкір Сыддықтың қызы Әсманың (р.а.) басынан өткен мына бір оқиға бұл мәселеде бізге керемет үлгі боларлық. Әсманың анасының аты Қуиәйла еді. Ол Аллаһқа сенбейтін мүшрік болатын. Бір күні ол қызын көріп кетейін деген мақсатпен Мәдинаға келеді. Шешесі келген кезде Әсма Пайғамбарымыздан:

Анаммен кездесейін бе?– деп сұрағанда Аллаһ елшісі:

Әрине кездес әрі оған сыпайылық танытып, жақсы қарым-қатынаста бол,– деген болатын.

Осы оқиғаға орай Аллаһтан: *«Аллаһ дін үшін сендермен соғысып, ел-жұрттарыңнан қуғындамағандарға жақсылық жасап, әділдікпен қатынас жасауларыңа тыйым салмайды. Расында Аллаһ турашылдарды жақсы көреді»*[80] деген аят келіп түсті.

Аллаһ тағала: *«Біз адамдарға ата-анасына жақсылық жасауды бұйырдық. Егер олар сенің білмеген нәрселеріңде Маған ортақ қосуға мәжбүрлесе, оларға бағынба. Қайтып оралатын жерлерің – Менің құзырым. Сол кезде сендерге істеген нәрселеріңді түгел*

[79] «Мәриям» сүресі, 41-48-аяттар.

[80] «Мумтәхина» сүресі, 8-аят

айтып беремін»[81] – деп, ата-анаға жақсылық жасауды бұйырады. Тек қана олар баласын жамандыққа жетелеп, Аллаһ тағаланы тануға кедергі жасап, Одан басқа құдірет бар деп, серік қосуға үгіттер болса ғана оларды тыңдамауға болады. Өйткені Ұлы Жаратушыға серік қосу – үлкен күнә. Оған ешкім өз баласын мәжбүрлей алмайды.

Табиғиндардың арасында әйгілі ғұлама Хасан әл-Басридан ата-ананы тыңдау жайлы сұрақ сұралған кезде ол: *«Аллаһ тағаланың әміріне қарсы шығатын іс болмаса болғаны, басқа істердің барлығында оларға бағынып, қолыңдағы бар мал-байлығыңды солар үшін жұмсауың – ата-анаға жасалған жақсылық болмақ»*,– деп жауап берген көрінеді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) өзінің ата-анасына деген құрметін білдіру мақсатында былай дейді: «Егер ата-анам немесе екеуінің біреуі қазір тірі болғанда, мен құптан намазына тұрып, Фатиха сүресін оқи бастағанда, әкем мені «Мұхаммед», – деп шақырса, мен дереу: «Не бұйырасыз?» – дер едім».[82]

Санлақ сахаба Әбу Һурәйра (р.а.) бір күні жолда Әбу Ғассан деген кісіні кездестіреді. Әбу Ғассанның артынан әкесі келе жатыр екен. Әбу Һурәйра арқасынан келе жатқан адамның кім екенін сұрайды. Әбу Ғассан әкесі екенін айтқанда, Әбу Һурәйра: «Сен дұрыс істемедің, Пайғамбарымыздың сүннетіне сай әрекет етпедің. Жолда жүрген кезіңде әкеңнің алдында жүрме. Әкеңнің артында немесе оң жағында жүр. Жүрген кезде әкең екеуіңнің орталарында басқа

[81] «Анкәбут» сүресі, 8-аят.

[82] әл-Бәйхаки. Шуабул-Иман. VI, 195-бет.

адамның жүруіне жол берме. Тамақ жеп отырғанда әкең жеп қалар деген ниетпен өзіңе ұнап отырған етке қол созба. Алдымен әкеңнің тамақ жеуін күт. Әкеңе ала көзіңмен қарап, көңіліне кірбің түсірме. Әкең отырмайынша сен де отырма. Әкең ұйықтамайынша сен де ұйықтама», – деген өсиетін айтады.

Мухаммед ибн Сирин сахабалардың басынан өткен бір оқиғаны былай деп баяндайды: «Осман ибн Аффан (р.а.) халифа болған кезінде құрма ағашының құны мың дирхамға дейін көтерілді. Құрма ағашының құны осылай шарықтап тұрған кезде сахаба Усамә (р.а.) бір құрма ағашын жарып, ортасынан өзегін шығарып анасына жегізді. Айналасындағылар: «Неге бұлай еттің. Бір құрма ағашының құны мың дирхам ғой», – деп сұрағанда, Усамә: «Анам құрма ағашының өзегін жегісі келді. Егер ол менің қолымнан келетін бір нәрсені қаласа, тілегін бұлжытпай орындаймын», – деп жауап берді».[83]

Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) сайыпқыран сахабасы Әбуд-Дәрдаға мына өсиеттерді айтқан болатын:

«Ұсақталып, туралып, отқа жағылсаң да Аллаһ тағалаға еш нәрсені серік етіп қоспа. Біле тұра парыз намаздарды тәрк етпе. Ешқашан мас қылатын ішімдік ішпе. Себебі ол жамандықтың қайнар көзі. Ата-анаңның тілін ал. Оларды сыйла. Олар саған бұл өмірге қатысты бір нәрсені бұйырса, дереу орында. Қоғамдағы бірлікті, тыныштықты бұзбау үшін сенікі дұрыс болып тұрса да басшыға қарсы келме. Өлетініңді

[83] әл-Хаким. әл-Мустәдрәк. III, 689-бет; әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Кәбир. I, 158-бет.

біліп тұрсаң да, қасыңдағы майдандастарың қашып кетсе де, соғыстан қашпа. Қолыңда барыңды отбасың үшін жұмса, оларды керек-жарақпен қамтамасыз ет. Отбасы мүшелерін ұрып-соғып, дөрекілік танытпа. Олар тек Аллаһ тағаладан қорықсын. Олардың бойына осы сенімді сіңіріп, ар-ождандарын сақтай алатындай етіп тәрбиеле».[84]

Ата-анаға ізетті болу

Ата-ананың жүрегі әсіресе қартайған шағында нәзік шыныдай, көңілшек бола бастайды. Сондықтан олардың жан дүниесіне мән бере отырып, байқап сөйлеп, көңілдеріне кірбің түсіретін әрекеттерден аулақ болғанымыз жөн. Оларға үнемі сүйіспеншілік пен мейірімділік танытып, жұмсақ мінез көрсетіп, кішіпейіл болу керек.

Көзқарастарымыздың өзі көңілдеріне қаяу түсірмеуі керек. Ғұламалар ата-анаға ала көзбен қараудың өзін күнә деп санаған. Олардың жүзіне мейірім мен сүйіспеншілікпен қарауға құлшылық сауабы жазылады. Исра сүресі 23 және 24-аяттарда: *«... Оларға жекіме, оларға сыпайы сөйле»* деп айтылғандай оларға жекімей жылы сөйлеуге міндеттіміз.

Әун ибн Абдуллаһты бір ретінде анасы шақырған болатын. Ол анасына жауап берді. Бірақ байқаусызда даусы көтіріңкі шығып кетеді. Осы әрекетіне іштей қынжылып, қателігін жуып шаю үшін екі құлды азат еткен екен.

Айша анамыз (р.а.) өмірінде ата-анасына ерекше көңіл бөліп қараған екі кісіні таныған айтады. Олардың бірі – Пайғамбарымыздың күйеу баласы,

[84] әл-Бухари. әл-Әдәбул-Муфрәд. I, 20-бет.

үшінші халифа Осман (р.а.), екіншісі – Хариса ибн Нұғман (р.а.).

Османның (р.а.): «Мұсылман болғалы бері анама дұрыстап көңіл бөле алмадым» деген сөздері – оның анасын қаншалықты құрмет тұтқанының белгісі. Яғни, анама қаншалықты құрмет көрсетуге тырыссам да де жеткілікті бола қоймас, оның ақысын өтей алмаспын деген ниетпен айтқан еді.

Хариса ибн Нұғман болса, анасының тамағын өзі ішкізетін, басын да тазалап беретін. Тіпті анасының айтқандарын түсінбей қалған кездері одан қайталап сұрауға ұялып, шығып кеткеннен соң қасында болғандардан «анам не деді» деп сұрайды екен.

Әбу Һурайра (р.а.) да анасын ерекше құрметтейтін сахабалардың бірі еді. Ол үйінен шығарда да, кірерде де әрдайым анасына:

– Анашым, Аллаһ тағаланың мейірімі мен берекесі жаусын!,– дейді екен. Анасы да баласына:

– Құлыным менің, саған да Аллаһ тағаланың мейірімі мен берекесі жаусын!,– деп ризашылығын танытатын. Ал Әбу Һурайра болса:

– Кішкентай кезімде маған жалықпай қарап, тәрбиелегеніндей Аллаһ тағала да сізге мейірімін төксін!, – деп дұға еткенде анасы оған:

– Құлыным, Сен маған қаншалықты жақсылық жасасаң, Аллаһ тағалам саған рақымдылық танытып, мейірімін жаудырсын!, – деп жауап беретін.

Баянды құрметтің белгілері

Кез келген бала үшін құрметке лайық адамдардың қатарында ең әуелі ата-анасы тұрады. Ал оларға деген құрметтің шекарасын Құран ата-анаға «үһ» деп те айтпаңдар» деу арқылы сызған болатын.

Ата-анамыздың касында аяқтарымызды айкастырып қойып отыру, шалқамыздан түсіп жату, дауыс көтере сөйлеу, құрдастарымыз секілді аттарын атау көргенсіздік және тәрбиесіздік болып табылады. Сондықтан олардың қасында әрекеттерімізге қатты мұқият болуымыз керек. Осыған орай Айша анамыз мына бір оқиғаны жеткізеді:

«Пайғамбарымызға (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) түр-әлпеті әрі мінез-құлқы жағынан қызы Фатимадан артық ұқсайтын адамды көрген емеспін. Фатима келген кезде Пайғамбарымыз орнынан тұрып, қызының бетінен сүйіп, орын беретін. Дәл сол секілді Аллаh елшісі Фәтиманың жанына бара қалғанда ол да орнынан тұрып, әкесінің бетінен сүйіп, орын беретін»[85].

Амр ибн Зүбәйр ата-анасына көзін аларта қарап көңіліне кірбің түсірген адамдардың бұл ісінің тәрбиесіздік және күнә екенін айтатын.

Мұхаммед ибн Сирин болса жүріп келе жатқан кезде ата-анасының алдына шығып алғандардың ата-анасына қарсы келген болып саналатындықтарын айтқан. Ол көшеде келе жатқан кезде баласы әке-шешесінің алдына олардың алдынан зиянды нәрсе немесе кедергіні алып тастау үшін ғана шыға алады және әке-шешесіне аттарын атап сөйлеу көргенсіздік болып табылады дейді ғұлама.

Хафса атты бір әйел мен баласы Хұзәйлдің қарым-қатынасы да осы тақырыпқа қатысты бізге өте жақсы үлгі. Хұзәйл жаз айларында қамыс жинап, олардың қабығын аршып кептіретін. Өйткені қабығы аршылған қамыс жанған кезде түтіні шығып иістеп кетпейді.

[85] Әбу Дәуд. Әдәб. 144; Тирмизи. Манақыб. 60

Қыс басталған кезде анасының үйіне барып, анасы намаз оқып тұрғанда жаурамасын деп қамыс жағып тұратын. Қамыс жайлап жанып анасының арқасын жылытып, әрі түтіндеп исі шықпағандықтан мазасын да алмайтын. Анасы ұлына: «Құлыным, үйіңе қайт! Түнде жанұяңмен бірге болуың керек», – дегенде баласы: «Анашым, олардың қандай қажеттіліктері бар екенін мен жақсы білемін, сіз қам жемеңіз», – деп жауап береді екен. Хұзәйл күніге таңертең анасына ерте сауылған сүт жіберетін. Хафса баласына: «Балам, менің күндіз сүт ішпейтінімді білесің ғой», – деп сүт жіберіп әуре болмай-ақ қоюы керектігін айтатын. Баласы болса: «Асыл анам! Ең дәмді сүт түні бойы желінде тұрып таңертең сауылған сүт. Бұл сүтті ішуге ең лайықты сізсіз деп ойлап, оны ешкімге беруге қимаймын. Қаласаңыз өзіңіз ішерсіз, болмаса қалаған бір адамыңызға берерсіз», – деп жауап беретін. Баласы қайтыс болғаннан кейінгі сезімдерін Хафса былай тілге тиек еткен-ді: «Жаным, құлыным, Хақ тағаланың құзырына құстай ұшты. Оны қатты сағынғаным соншалықты, жүрегім сыздап, қан жылайтынмын. Іштегі қайғы өзегімді өртейтін. Дертіме шипа болсын деп Құран оқитынмын. «Нахл» сүресіндегі: *«Сендердегі нәрселер өткінші, Аллаһтың қасындағылар мәңгілік. Біз сабыр сақтағандарға ең жақсы іс-әрекеттеріне сый ретінде жаннатты тарту етеміз, жамандықтарын кешіреміз»,* – [86] деген аят қайғымды басуға себеп болды».

Фадыл ибн Яхиа әкесін қатты құрметтейтін. Тағдыр жазып, екеуі түрмеге бірге түсіп қалады.

[86] «Нахл» сүресі, 96-аят.

Фадылдың әкесі дәретін үнемі жылы сумен алатын. Түрменің күзетшілері түрмеге отын кіргізуге рұқсат бермегендіктен, су ысытуға мүмкіндіктері болмайды. Аязды күндердің бірі еді. Әкесі ұйықтап қалған кезде Фадыл бір жез ыдыс алып, оған су құяды. Ыдысты таң атқанға дейін көз ілмей жанып тұрған шамның үстіне ұстап тұрады. Таңертең әкесіне жылы сумен дәрет алғызғанына қуанып, өзін бақытты сезінеді.

Танымал мұсылман ойшылдарының бірі Ф. Гүлен болса: «Өмірімде бір рет болса да әкемнің туған әрі қазіргі жатқан жері Қорыжық ауылына қарай аяғымды созып жатқан емеспін»,[87] – деп ата-анасына деген құрметін баяндайды.

Иә, Ислам нәрімен сусындап, мұсылмандықты бойына сіңірген жандардың ата-аналарына көрсеткен құрметтері бізге әрдайым ғибрат.

Ұйықтап жатқанда мазаларын алмау

Ата-ананың мазасын алатын нәрселерден де сақтанған жөн. Әсіресе қартайған кезде адамдар тым сезімтал келеді. Кез-келген әрекеттен мазасы қашуы мүмкін. Сондықтан үйде олар ұйықтап жатқанда айқайлап сөйлеп немесе тарсыл-гүрсіл дыбыстар шығарып олардың мазасын алмаған жөн.

Алдыңғы бөлімде үңгірді паналап, үңгірдің аузы жабылып қалған үш кісі жайлы айтылған болатын. Олардың араларындағы біреуі ата-анасын құрметтегені соншалық, алып келген сүтін оларға беру үшін таң атқанға дейін оянғанын күткені және осы амалды Аллаһтың ризашылығына бөлену үшін жасағандығын айтып Жаратқанға дұға еткен кезде

[87] Ф. Гүлен. Күчүк дүниям. 41-бет, Стамбул, 2006.

үңгірдің аузының кішкене ашылғандығы айтылған болатын. Яғни Аллаһ тағала оның осы амалына ризашылығын білдірген-ді.

Тақуалығымен танымал Аллаһтың әулие құлдарының бірі Бәйәзид әл-Бистамидың басынан өткен мына бір оқиға да ғибрат аларлық: Суық қыс күндерінің бірі болатын. Түннің бір уақытында анасы баласынан су әкеліп беруін сұрайды. Бәйәзид әл-Бистами орнынан атып тұрып, су құятын ыдысты қолына алады. Қараса ыдыста су қалмаған екен. Сыртқа шығып ыдысқа су толтырып әкеледі. Суды ұсынайын десе анасы қайта ұйықтап кетіпті. Оятуға қимайды. Бәлкім оянып қалар деп басында ұзақ уақыт күтіп тұрады. Бір кезде анасы көзін ашып: «су» дейді. Түнгі ызғарлы суықтан ыдыстың сыртына мұз қатып, Бәйәзид әл-Бистамидың қолы ыдысқа жабысып қалған екен. Мұны көрген анасы «Балам, ыдысты неге жерге қоймай қолыңда ұстап тұрсың?» деп аңтарыла сұраған кезде баласы: «Анашым, оянған кезіңізде бірден суды ұсына қояйын деп күтіп тұрған едім», – дейді. Сол кезде анасы риза болып, көңілі босап: «Уа, Жаратқан ием, мен ұлыма ризамын, Сен де риза бола гөр!» – деп ыстық ықыласпен дұға еткен екен. Кім білсін, бәлкім анасының осы дұғасы үшін Аллаһ тағала оған осындай жоғары мәртебеге қол жеткізуді нәсіп еткен болар.

Қастарына кіру үшін рұқсат сұрау

Ата-ананың өздеріне тән жеке өмірлері бар. Сондықтан олардың қасына рұқсатсыз баса көктеп кіру әрі тәрбиелік тұрғыдан, әрі діни тұрғыдан әдепсіздік болып саналады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннеті бойынша бір жерге кіру үшін есікті үш рет қағу, егер ешқандай жауап келмесе кірмеу керектігі айтылған. Сол сияқты әке-шешеміздің бөлмесіне кірер кезде де осы қағиданы сақтау керек. Өйткені рұқсатыз олардың қасына кіру жайсыздыққа жол ашып, олардың ренішін тудыруы мүмкін.

Абдуллаһ ибн Мәсғұдтан (р.а.) бір кісі келіп анасының қасына кіру үшін рұқсат алу керек пе, жоқ па деп сұрайды. Сонда ол: «Кез келген сәтте ананды көру үшін оның қасына рұқсат алмастан кіруге болмайды»,[88]– деп жауап берген.

Сахаба Хұзәйфадан (р.а.) бір кісі анасының қасына рұқсатсыз кіруге болып-болмайтынын сұраған кезде ол да осы мәндес жауап берген болатын[89].

Ата-ана үшін дұға жасау

Ата-ананыңкөзітірісіндебаласыныңміндеттерінің бірі – олардың бұл дүниеде жақсы өмір сүруі үшін қолынан келгенін жасауымен қатар ақыретте де бақытты болуы үшін тырысып бағу. Өйткені адам баласы үшін тура жолды табудан асқан ұлық сый жоқ. Ал бұл сыйға қол жеткізуге кейде жақсы кісілер, рухани ұстаздар себеп болғаны сияқты өзінің баласы да себепкер болуы мүмкін.

Қазіргі таңда өздері иманның шырын дәмін татқанымен, әке-шешесі руханияттан мүлдем бейхабар қаншама жандар бар. Ата-анасы иманның ләззәтін татып көрмеген. Жаратушыға бас иіп құлшылық жасау мен ораза айында оразаның берекетін сезбе-

[88] Бухари. Әдәбул-муфрад. I, 364-бет.

[89] Бухари. Әдәбул-муфрад. I, 364-бет.

ген жандарға Аллаһ тағаланы танытып, иман нәрін татқызу – баланың ең басты міндетерінің бірі болса керек.

Иә, дәл осылай Ибраһим пайғамбар да пұтқа табынатын әкесінің Аллаһқа иман келтіріп, шынайы бақытқа қол жеткізуі үшін қолынан келгенін жасап баққан-ды. Мәриям сүресінде осы ұлы пайғамбардың ынтасы былай баяндалады: *«Кітапта Ибраһимді де есіңе ал! Ол шындығында өзі де сөзі де тура бір пайғамбар еді. Бір күні ол әкесіне былай деді: «Әкешім! Неліктен сарап, көр, саған ешқандай пайдасы жоқ нәрсеге табынасың? Әкешім! Ақиқатында сен бұрынсоңды естіп-білмеген бір ілім маған берілді. Олай болса, менің айтқандарыма құлақ сал, сені тура жолға бастайын. Әкешім! Шайтанға құлдық ете көрме. Себебі шайтан өте мейірімді Аллаһқа қарсы келді. Әкешім! Аллаһтың азабы басыңа келіп, шайтанға жақтас болып кетесің бе деп қорқамын.»*[90]

Атақты сахаба Әбу Һурайраның (р.а.) да анасының мұсылман болу үшін жасағандары да ерекше үлгі боларлық. Ол анасының қалай мұсылман болғанын былайша жеткізеді:

«Меніңанампұтқатабынатынмүшірікеді.Меноны Аллаһ тағалаға иман етуге үгіттейтінмін. Бір күні осы өтінішімді қайталағанымда ол Пағамбарымыз жайлы құлаққа жағымсыз сөздер айтты. Бұған шыдай алмай, екі көзім жасқа толып, булығып Пайғамбарымыздың қасына бардым да: «Уа, Аллаһтың елшісі! Үнемі анамды мұсылман болуға шақырамын. Бірақ ол менің бұл тілегіме әрдайым қарсылық танытады. Бүгін тағы

[90] «Мәриям» сүресі, 41-45-аяттар.

да мұсылман болыңыз деп өтінгенімде ол сіз жайлы жағымсыз сөздер айтып көңілімді қалдырды. Өтінемін, анамның мұсылман болуы үшін дұға жасаңызшы!» – дедім. Пайғамбарымыз менің бұл ынтамды көріп: «Уа, Ұлы Аллаһ! Әбу Һурайраның анасына тура жол нәсіп ете гөр!», – деп қол жайып дұға етті. Бұл сүйінші хабарды жеткізейін деп анамның қасына құстай ұштым. Үйге келсем есік жабық тұр екен. Есіктің арғы жағынан анамның аяғының дыбыстарын естідім. Ол маған: «Күте тұр, Әбу Һурайра, қазір келемін»,– деді. Үйдің ішінен судың салдырлаған даусы естілді. Ғұсыл құйынып, киімдерін киіп, орамалын асыға тағып анам есікті ашты да маған: «Әй, Әбу Һурайра! «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан әбдуһу уә расулуһу» деп мұсылман болғандығын жария етті. Мен бұл жолы қуаныштан көз жасымды тыя алмай, Пайғамбарымыздың қасына құстай ұштым. Пайғамбарымызға «Сүйінші, уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ тағала дұғаңызды қабыл алды. Анама тура жол нәсіп етті», – деп қуанышты хабарды жеткіздім. Мұны естіген кезде Пайғамбарымыз Аллаһқа мадақ айтып, ұлықтады. Тағы да жақсы нәрселер айтты. Мен Пайғамбарымыздан қайтадан: «Уа, Аллаһтың елшісі! Анам мен мені мұсылмандар жақсы көрсін және бізге де оларды жақсы көргізсін деп дұға етсеңіз екен!» – деп қиыла өтіндім. Сонда пайғамбарымыз: «Уа, Аллаһ тағалам! Мына құлыңды және анасын мұсылман құлдарыңа жақсы көргіз. Олардың жүрегінде де мұсылмандарға деген сүйіспеншілік отын жаға көр!», – деп дұға жасады. Осы дұғадан кейін мені көріп

атымды естіген мұсылмандардың бәрінің мені жақсы көргендігіне куә болдым»[91].

Иә, Пайғамбарымыздың дұғасының қасиеттілігін қараңыз! Сол кезде Әбу Һурайраны мұсылмандар қалайша жақсы көрген болса, қазіргі таңда да мұсылмандар Адамзаттың мақтан тұтар тұлғасы, ғаламның рақым нұры ардақты Пайғамбарымыздан ең көп хадис жеткізген осы қастерлі тұлғаны жақсы көріп құрмет тұтуда және қиямет қайымға дейін де осылай болмақ. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде: «Менің сахабаларым көктегі жұлдыздар іспетті. Қайсысының соңынан ілессеңдер де тура жолды табасыңдар», – деп мадақтайды. Хазрет Әбу Һурәйраның анасы үшін шыр-пыр болып, жатса-тұрса оның мұсылмандықты қабылдауын тілеуі бізге де бойымызға серпін беріп, осы жолда қажырлы еңбек етуге жетелейді. Ата-анамызға жасаған дұғамызда табандылық көрсетуді үйретеді.

2. Ата-ана дүниеден өткеннен кейінгі артында қалған балаларының міндеттері

Ата-ананың алдындағы міндеттеріміз осы өмірмен ғана шектелмейді. Олар қайтыс болғаннан кейін де кейбір міндеттер жалғаса бермек. Төменгі тараушалар осы тақырыпқа байланысты мағлұматтар бермек.

---

[91] Муслим. Фәдаилус-сахаба. 158; Ахмад ибн Ханбәл. Мүснәд. II, 319-бет.

Өсиеттерін орындау

Әке-шешесі қайтыс болғаннан кейін де балалары оларға жақсылықтарын арнай алады. Баланың осы жақсылықтардың бірі – олардың өсиеттерін орындау.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған ерекше назар аударған. Бір кісі Аллаһ елшісіне келіп:

«Уа, Пайғамбарым! Әке-шешем қайтыс болып кеткеннен кейін оларға жақысылық жасау мүмкіндігі бар ма? Оларға қандай жақсылық жасай аламын?»,– деп сұраған кезде ол: *«Иә, бар»* деді де сөзін әрі қарай жалғап: *«Олар үшін дұға жасау, Аллаһ тағаладан олардың күнәларын кешіруін тілеу, өсиеттерін орындау, әке-шешеңнің артта қалған ағайын-туыстарымен туыстық қатынастарды үзбеу, әке-шешеңнің достарын да жақсылық жасап көңілдерін жадырату»*,[92] – деді.

Әлгі кісі Пайғамбарымыздың аузынан әке-шешесіне жақсылық жасаудың қашан да кеш емес екендігін естіп қуанғаннан: «Уа, Аллаһтың елшісі, бұл мүмкіндіктер шынында да көп екен, қандай керемет!» дегенде, Пайғамбарымыз: *«Осы айтқан нәрселерімді орында»*[93], – деп сөздерін тәмәмдаған болатын.

Олар үшін дұға етіп Аллаһтан кешірім тілеу

Мұсылман құлдың өмірінде дұға аса маңызды құлшылық екені белгілі. Ата-анамыздың көзі тірісінде олар үшін қаншалықты дұға етсек, олар о дүнисге аттанып кеткеннен кейін де оларға жасар жақсылығымыз арттарынан дұға ету болмақ. Сондықтан да біз намаздағы соңғы отырысымыз-

[92] Әбу Дәуд. Әдәб. 119; Ибн Мажә. Әдәб. 2.

[93] Ибн Хиббан. әс-Сахих. II, 162-бет.

да үнемі Ибраһим пайғамбардың тілегеніндей Раббымызға: *«Уа, Раббымыз! Мені және әке-шешемді және бүкіл мұсылмандарды қиямет күні кешіре гөр!»*[94],– деп дұға етеміз.

Хазрет Әбу Бәкірдің (р.а.) немересі Ұруа ибн Зүбәйр нәпіл намаздарының сәждесінде: «Аллаһ тағалам, Зүбәйр ибн Әууам және Әсма бинт Әби Бәкірді кешіре гөр!», – деп әке-шешесі үшін дұға етеді екен.

Ханафи мазхабының имамы Әбу Ханифаның әйгілі шәкірттерінің бірі Әбу Юсуф намаздарынан кейін үнемі: «Аллаһым, әке-шешемді және ұстазым Әбу Ханифаның қателіктері болса кешіре гөр!», – деп дұға жасағаны баяндалады.[95]

Әнәс ибн Мәликтің жеткізген бір хадисінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Қайтыс болып қабірде жатқан мына жеті топтың сауаптары жалғасып тұрады: Ғалым (ғылым үйреткен адам), адамдардың пайдасы үшін канал қазып су жүргізген, бұлақтың көзін ашқан, ағаш отырғызған, мешіт салғызған, артында мұра ретінде Құран қалдырған және өзінің артынан дұға етіп кешірім тілеу үшін ізгі ұрпақ қалдырғандар»*[96],– деген болатын.

Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге мәңгі ағып тұратын жеті қайырлы арна барын айтады. Бұл арнаның бірі – артыннан дұға жасап тұратын салиқалы ұрпақ. Ата-ананың осылайша амал дәптері жабылмай, мәңгілікке жақсылықтары жазыла бермек.

---

[94] «Ибраһим» сүресі, 41-аят.

[95] Ф. Адил. Кудси ики варлык анне-баба. 137-бет.

[96] әл-Мунзири. әт-Тарғиб уәт-Тәрхиб. III, 255-бет; әл-Мунауи. Фәйзул-қадир. IV, 87-бет.

Хазрет Әбу Һурәйрә (р.а.) Пайғамбарымыздың мына хадисін баяндайды: *«Адам қайтыс болғанда үш арна тысында басқа жақсылық амалдарының бәрі тоқтап қалады. Жалғасатын үш амал: садақа-и жария (Сауабы тоқтамай жалғаса беретін садақа), адамдарға пайдалы ілім, ата-анасы үшін дұға жасайтын салиқалы перзент.»*[97]

Пайғамбарымыз келесі хадисінде: *«Аллаһ тағала салиқалы құлының жаннаттағы мақамын жоғарылатады. Салиқалы құл мұны көргенде таң қалып: «Ей, Мейірімді Раббым! Дәрежем неге жоғарылап жатыр», – деп сұрайды. Сонда Аллаһ тағала: «Ұлыңның сен үшін жасаған дұғаларының есебінен дәрежең көтеріліп жатыр», – деп жауап береді.»*[98]

Муаз Ибн Жәбәл риуаят еткен бір хадисте де Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) әсіресе балаларына Құран үйретіп, Құран тәрбиесімен өсірген ата-аналарға: «Қиямет күні Құранды оқып және ондағы әмірлерге бағынып, тыйымдардан бойын аулақ салып, күнделікті өмірінде, тәжірибе жүзінде іске асырғандардың ата-анасына ақыретте тәж кигізіледі. Бұл тәждің айналаға шағылыса түскен сәулесі күннің сәулесінен де жарық. Әке-шешесінің осы тәжді киюіне себеп болған бала, Құранда айтылғандарды орындаса, қиямет күні өздерін не күтіп тұрғанын, олар үшін не дайындалғанын білсе ғой»[99] деп мәңгілік сүйінші хабарын айтқан.

---

[97] Муслим. Уасиәт. 14; Тирмизи. Ахкам. 36.

[98] Ибн Мажә. Әдеп. 1; Ахмед ибн Ханбел. әл-Муснәд. II, 509-бет.

[99] Әбу Дәуд. Утр. 14; Ахмед ибн Ханбел. әл-Муснәд. III, 440-бет.

Әбу Қахил риуят еткен бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Ата-анасының тірі кезінде немесе қайтыс болғаннан кейін жақсылық жасағанға, Аллаһ қиямет күнінде ризашылық танытатынына уәде етеді. Халық сонда «Әй, Аллаһтың елшісі! Ата-анамыз қайтыс болған соң оларға қандай жақсылық жасай аламыз?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз оларға: «Ата-аналарыңа дұға бағыштау, Аллаһ тағаладан күнәсының кешірілуін сұрау және басқалардың ата-анасын балағаттамау арқылы. Себебі басқаның ата-анасын балағаттасаңдар, олар да сендердің ата-аналарыңды балағаттайды»*[100] –деген екен.

Ал, Абдуллаһ Ибн Аббас болса, Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған ата-анасына балаларының жақсылығы туралы бір риуаятында: *«Қабірде жатқан мәйіттің жағдайы теңізге батып бара жатып, жанталасып көмекке біреулерді шақырған адамның жағдайына ұқсайды. Мәйіт қабірінде анасынан, әкесінен, бауырларынан немесе достарынан өзі үшін дұға жасап, кешірім тілегенін қалайды. Осы аталған адамдар мәйіт үшін дұға жасап, сол дұғаның сауабы өліге жеткенде, мәйіт дүниенің бәрі өзіне сыйға тартылғандай қуанады. Аллаһ тағала қабірде жатқан мәйіттерге жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың олар үшін жасаған дұғаларын таудай етіп жеткізеді. Жер бетіндегі адамдардың көрде жатқан мәйіттерге*

[100] әт-Таберани. әл-Мужәмул-Кәбир. XVIII, 362-бет; әл-Мунзири. әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб. IV, 132-бет.

бере алатын сыйлығы – ол үшін кешірім тілеу»,[101] – дегенін айтады.

Олардың атынан садақа беру

Перзент ретінде ата-анамыздың артынан жасай алатын ең ізгі істеріміздің бірі – олардың атынан садақа беру. Бір пақырды тойдыру, шәкірттің білім алуына септігін тигізіп жәрдемақы беру, шипа іздеген ауруға материалдық көмек көрсету деген сияқты садақа түріндегі құлшылықтарымыздан келетін сауапты ата-аналарымызға бағыштай аламыз. Аллаһ тағаланың қазынасы шексіз. Әрі ғибадат дегеніміз нұрлы сәуле секілді, жасалған жақсылық бір сәтте бірнеше адамның амал дәптеріне жазылады. Ең бастысы біз жақсылық жасауға ниеттенгенімізде оларды да ниетімізге ортақ етсек болғаны. Осыны хадисінде баяндаған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Ата-анаңыз мұсылман болса садақа ретінде жасаған ғибадаттарыңызда ата-анаңызды да қосып, олардың рухтарына сыйлық жіберіңдер. Сендердің сауаптарыңнан ешнәрсе кеміместен оларға да бірдей сауаптар жазылады.»*[102]

Абдуллаһ ибн Аббастың риуаят етуі бойынша сахаба Сағд ибн Убадәнің анасы өзі жоқта қайтыс болады. Хазрет Сағд Пайғамбарымыздың қасына келіп: «Ей, Аллаһтың елшісі, анам мен жоқта бақиға аттанды. Оның атынан садақа берсем сауабы маған да жазыла ма?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «Иә», – деп жауап береді. Сонда Сағд Пайғамбарымызға қарап тұрып: «Уа, Аллаһтың расулы, Сен өзің куә болғайсың!

[101] әл-Бәйхаки. Шуабул-Иман. VI, 203-бет.

[102] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. VII, 92-бет.

Мына бау-бақшамды анамның атынан садақа ретінде беремін», – дейді.[103]

Сахаба Сағд анасының атынан бау-бақшасын садақа ретінде беру арқылы анасының рухына сауап жолдайды. Себебі бақшадан пайдаланған әрбір адамның дұғасының сауабы Сағдтың анасының да амал дәптеріне көшіріледі. Мұндай садақаларға діни әдебиетте «садақа-и жария», яғни сауабы тоқтамастан жалғаса беретін садақа дейді. Ата-ананың атынан мешіт, аурухана, мектеп, монша, су көзі, асхана т.б. салдырып, халықтың игілігіне ұсыну садақа-и жария болып саналады. Себебі көпшіліктің пайдасына ұсынылған әлгіндей мекендер халыққа қызмет көрсеткен күннен бастап салдырған адамға және сауабы бағышталған адамға бірдей толассыз ағып жатқан арнаның суы іспеттес сауаптар толқыны ағып келе береді. Әрбір адамның арманы осы өмірден өтіп бара жатқанда артында өзіне жақсылығы жазылып тұратын осындай садақа қалдыру болса керек. Осылайша қабірінде жатқан кезінде әрі адамдардың алғыстілектерін алады, әрі екінші мәрте оралуы мүмкін емес мына өмірден сауаптардың ағып келіп жатуына жағдай жасаған болады.

Қажылық және өзге де құлшылықтарының қазасын өтеу

Ата-анамыз парыз құлшылықтарын аурусырқау, жағдайы келмеу т.б. себептерге байланысты өтей алмаған болуы мүмкін. Мұндай жағдайда артында қалған перзенттері олардың орнына кейбір

[103] Бухари. Уәсая. 15; 20; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Муснәд. I, 370-бет.

құлшылықтарды өкіл ретінде атқара алады. Дінімізде әсіресе материалдық шығыны бар қажылық және зекет секілді құлшылықтарда өкілдік мүмкіншілігін таниды. Алайда қайтқенде де парыздарды адамның өз жеке басының орындағаны абзал.

Бір күні Жуһәйнә тайпасынан бір әйел келіп Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Анам қажылық жасауға ниеттеніп еді, бірақ қажылығын өтей алмастан қайтыс болып кетті. Оның орнына қажылығын өтесем бола ма? – деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Иә, өтесең болады», – деп жауап қатты. Сосын әлгі әйелге қарап: «Егер анаңның мойнында бір қарызы болса оны өтер ме едің?» – деп сұрады. Әйел: «Әрине, өтеймін» – деп жауап берді. Сонда пайғамбарымыз: «Олай болса Аллаһ тағаланың ақысы саналатын қажылықты да өте. Өйткені ақысын өтеу жағынан бірінші кезекте Аллаһ тағала тұрады. Алдымен Аллаһ тағаланың ақысын өтеңдер», – деп түсіндірді.[104]

Абдуллаһ ибн Аббас бұл жайында бір оқиғаны былай баяндайды: «Фадл ибн Аббас (р.а.) Аллаһ елшісінің атына міңгесіп келе жатқан-ды. Хасамә тайпасындағы бір әйел Пайғамбарымыздың алдынан шығып: «Ей, Аллаһтың елшісі, Аллаһ тағала әмір еткен қажылық құлшылығы әкеме парыз болды. Бірақ оның атқа мінер қауқары жоқ. Мен оның орнына өкіл ретінде қажылық жасасам бола ма?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Иә», – деп жауап қатты. Бұл оқиға Уәда қажылығында болды».[105]

---

[104] Бухари. Сайд. 22; Әйман. 30; Итисам. 12; Муслим. Сиям. 154-156.

[105] Бухари. Хажж. 1; Сайд. 24; Муслим. Хажж. 407.

Бұл жерде сұрақ қойған әйелдің әкесінің көзі тірі болса да, қажылық жасауға шамасы келмейтіндіктен Пайғамбарымыз оған өкілдік жасауға рұқсат берген. Демек тек қана қайтыс болғанда емес, көзі тірісінде қажылық жасауға шамалары келмейтін болса, олардың орнына қажылық жасауға болады.

Осыған ұқсас тағы бір оқиғада бір әйел Пайғамбарымыздан былай деп сұрайды: «Ей, Аллаһтың елшісі! Мен анама бір күн тарту еткен едім. Қазір анам қайтыс болды.» Пайғамбарымыз: «Садақа ретінде берген нәрсеңнің сауабын міндетті түрде аласың. Мирас жолымен әлгі күн қайтадан сенікі болады», – деді. Әлгі әйел: «Ей, Аллаһтың расулы, анамның бір айлық қарыз оразасы бар еді, оның орнына тұтсам бола ма?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Анаңның орнына тұт», – деп жауап берді. Әйел қайтадан: «Анам ешқашан қажылық жасамады. Оның орнына қажылық жасасам бола ма?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Иә, оның орнына қажылық жаса», – деп жауап қатты.[106]

Осыған байланысты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: «Кім ата-анасының орнына қажылық жасап немесе олардың қарызын төлесе, қиямет күні салиқалы (әбрар) құлдармен бірге тірілтіледі», – деген.[107]

---

[106] Муслим. Сиям. 157; Әбу Дәуд. Зекет. 24; Уәсая. 12.

[107] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. VIII, 11-бет; әд-Даракутни. әс-Сунән. II, 260-бет.

Туысқандардан қол үзбей, ата-ананың достарымен сыйластықты арттыру

Діни әдебиетте туысқандармен араласып, олардан қол үзбеуді «силатур-рахм» дейді. Бұл – Аллаһ тағаланың ерекше мән берген мәселелерінің бірі. Себебі хадистерде: «Туысқандарға ат ізін салмай кеткен адамға Аллаһ тағаланың рақымы түспейді»,[108] – делінген.

Ата-анамыз қайтыс болғаннан кейін де әкеміздің бауырларымен, олардың бала-шағаларымен, нағашы жұртымызбен араласып тұру әрі мұсылмандық борышымыз, әрі ата-анамызды сыйлағандығымыздың белгісі. Осы борышқа адалдықпен қараған адамға Аллаһ тағала сыйын асырып береді.

Сахаба Әбу Һурәйрә Пайғамбарымыздың осы жайында былай дегенін баяндайды: *«Аллаһ тағала барлық нәрсені жаратқан кезде силатур-рахм (туысқандық қатынас) орнынан түрегеліп: «Сенің алдыңдағы осы тұрысым – силатур-рахмды үзген адамнан қашып, Саған сыйынғандығым», деді. Аллаһ тағала: «Жарайды, саған мән берген адамды қолдасам, саған мән бермей кеткен адамға рақымымды түсірмей қойсам ырзасың ба?» – деп сұрады. Силатур-рахм: «Иә, ырзамын», – деп жауап берді. Сонда Аллаһ тағала: «Онда саған осы құқық беріледі», – деді. Осыларды баяндағаннан кейін Аллаһ елшісі* (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)*: «Қаласаңдар осыған дәлел болатын мына аятты оқыңдар: «Ей, мұнафықтар, егер сендердің қолдарыңа билік тисе, елде қырғын шығарып, тәртіпті бұзып,*

[108] әл-Бухари. әл-Әдәбул-Муфрәд. I, 36-бет; әл-Мунауи. Фәйзул-Қадир. III, 23-бет.

туысқандармен қарым-қатынасты парша-парша етесіңдер. Міне бұлар Аллаһ тағаланың лағнетіне ұшырып құлақтары саңырау, көздері соқыр болған адамдар»[109] *– дейді».*[110]

Туысқандардан қол үзбей, туысқандық қарым-қатынасқа терең мән беріп қарайтын адамға Аллаһ тағала разы болады. Ал туысқандарына ат ізін салмай кеткен адамдар Аллаһ тағаланың рақымы мен мейірімінен мақұрым қалады. Сонымен қатар хадистің соңында Пайғамбарымыздың мұнафықтарға қатысты айтылған аятты оқуы – туысқандарынан қол үзген адамдардың бойында бір мұнафықтық (екіжүзділік) қасиет барын байқатады.

Бір күні сахаба Абдуллаһ ибн Омар шалғай жатқан ауылда өмір сүретін бір бәдәуи кісімен кездесіп қалады. Абдуллаһ ибн Омар онымен амандасып, атына мінгізіп, басындағы сәлдесін әлгі кісіге кигізеді. Қасында тұрған Абдуллаһ ибн Динар: «Аллаһтың нұры жауғыр, әлгі адам шөлде өмір сүретін бәдәуи емес пе? Олар азға да қанағат етеді ғой», – дегенде, Абдуллаһ ибн Омар: «Бұл кісінің әкесі әкемнің (Омар ибн Хаттаб) досы еді. Мен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Ең құптарлық жақсылық – баланың әкесінің достарымен қарым-қатынасын үзбеуі»,* – дегенін естіген едім.[111]

Абдуллаһ ибн Омар Пайғамбарымыздың осыған ұқсас тағы бір хадисін риуаят етеді: *«Әкеңнің достықтарын жалғастыр. Олармен байланысыңды үзбе. Әйтпесе Аллаһ тағала сенің нұрыңды*

[109] «Мухаммед» сүреді, 22-аят.

[110] Бухари. Тәфсиру Сурә. 1; Әдеп. 13; Муслим. Бирр. 16.

[111] Муслим. Бирр. 11-13; Тирмизи. Бирр. 5.

сөндіреді».[112] Пайғамбарымыздың осы тағылымына сәйкес иісі мұсылман халқымыз: «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген екен.

Бірде хазрет Омардың да былай дегені бар еді: «Қабірде жатқан әкесін куантқысы келген адам әкесінің бауырларымен, достарымен қарым-қатынасын үзбесін, олардың үйіне барып тұрсын», – деп, перзенттің бойында о дүниелік болған әкенің осындай бір ақысы барын айтады. Мұсылман ғұламасы Қады Ияз туысқандармен қатынас жайында былай дейді: «Силатур-рахм – әрбір адамның мойнындағы борышы. Хадистерден байқағанымыздай, туысқандармен байланысын үзу – үлкен күнә. Алайда силатур-рахмның дәрежелері бар. Оның ең төменгі дәрежесі – туысқандармен байланысты үзбеу, олармен сөйлесіп, сәлемдесу. Силатур-рахм міндетін атқару адамның мүмкіншіліктеріне қарай өзгереді. Ол кей жағдайда уәжіп, кейде мұстахап (жай ғана сауапты іс) болады. Егер адам силатур-рахмды кәміл дәрежеде орындамаса да, әйтеуір туысқандарымен азды-көпті сыйласып тұрса, хадисте айтылған: «Қаты», яғни туысқандарымен байланысын мүлдем үзген адам» санатына кірмейді. Дегенмен мүмкіншіліктері бола тұра туысқандарына көңіл бөлмеген адамға силатур-рахм міндетін атқарды деп те айтуға болмайды».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде : *«Туысқандарымен байланысын үзген адам жаннатқа кіре алмайды»*,[113] – деген.

---

[112] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. VIII, 279-бет; әл-Бухари. әл-Әдәбул-Муфрәд. I, 29-бет.

[113] Бухари. Әдеп. 2; Муслим. Бирр. 18-19.

Хадистегі «жаннатқа кіре алмайды» деген сөз ол адамның ешқашан жаннатқа кірмейтінін білдірмейді. Дегенмен алғаш жаннатка кірушілердің санатынан бола алмайды, Аллаһ тағаланың берген жазасын өтегеннен кейін ғана жаннатқа кіре алады деп түсінген жөн.

Өкінішке қарай, біз көбінесе тек қана өзімізге келген адамдардың үйіне барып, біздің жағдайымызды сұраған адамның ғана жағдайын сұраймыз. Ал нағыз силатур-рахм дегеніміз бізге ат ізін салмаған туыстарға өзіміз барып, бізбен қатынасын үзгендерімен өзіміз байланыс құрып, осы әдетті әрдайым жалғастыруымыз. Үйімізге келіп-кеткен туыстарға біздің де баруымыз силатур-рахм емес, олардың инабаттылығына әдептілікпен жауап беру деген сөз. Сондықтан хабар-ошарсыз кеткен туыстарымызды өзіміз іздеп, хал-жағдайларын білуіміз, арадағы туысқандық байланысымызды нығайтуымыз керек. Себебі Пайғамбарымыз бізге осыны өсиет еткен.

Ата-ананың қабіріне барып тұру

Ата-анамыз қайтыс болғаннан кейінгі ақысы – жиі-жиі қабірлерінің басына бару. Кез-келген жерде біз оларға Құран оқып бағыштап, дұға арнай аламыз. Дегенмен қабірлерінің басына бару олар үшін де, біз үшін де үлкен ізгілік. Себебі Пайғамбарымыз (саллаллаһу алэйһи уэ сэллэм): «Қабірлердің басына барыңдар. Қабір сендерге өлімді еске түсіреді»,[114] – деген. Қабірлердің басына бару – бізге де қабірге кіретінімізді еске салып, етек-жеңімізді жиюға, ішкі жан дүние мен ойпікірімізді електен өткізуге жол ашады әрі баратын

[114] Муслим. Жәнайз. 105; Ибн Мажә. Жәнайз. 47.

жеріміздің қара жердің қойнауы екенін, бұл дүниенің өткінші екенін еске салады.

Бұрынғы аталарымыз өлімді әрдайым естен шығармаған. Сондықтан Шортанбай ақын:

Жалаңаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?[115] – деп өлеңіне қосқан. Ал Әріп Тәңірбергенұлы:

Өлімнің жанды затқа болмағы хақ,
Өлімге өлшеулі дем арналған шақ.
Тірлікті босқа өткізбей ғапылатпен,
Өлімді ойлау керек осынан-ақ...
Өлімнен бұрын, өлмек қамын ойла,
Санаулы аз өмірді босқа жойма,[116] – деп ой түйген.

Қазіргі таңда адамдар өлімді көп ойлай бермейді. Тіпті өлімді өзіне жақындатқысы келмейді. Дегенмен өлім – хақ. Бізге де бір күні кезек келеді. Бұл дүниедегі арман-тілектеріміз бітпесе де Әзірейілдің тырнағына ілінеміз. Сонда өзімізбен бірге байлық ретінде тек қана жүрегімізде, рухымызда, ниеттерімізде бар нәрселерді ғана алып кете аламыз. Жамбыл атамыз осы ақиқатты әсем тілмен жырына былай деп төккен екен:

Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?
Дәулетіңнен не пайда

[115] Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. 46-бет, (құр: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі), Алматы, 1993.

[116] Ай, заман-ай, заман-ай. II, 224-бет.

Таусылмайтын көрінген!
Жалғыз мұраң сол болар
Қол қайырым берілген.
Басқа дүние бәрі де
Көмілмейді кебінмен,[117]

Сахаба Әбу Һурәйрә Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анасының мазарына барып, жылағанын және қасына еріп барғандардың да Оған қосылып жылағанын баяндайды. Қалайша жыламасын! Пайғамбарымыздың саңлақ сахабалары Ол қуанса, жүректері жарылып кете жаздайтын, ол қайғырса, олардың да көңілін мұң шалып қайғыратын. Тіпті ғаламның өзі Ол қуанғанда қуанып, көзінен жас тамса, қосылып жылайтын. Себебі Ол болмаса әлем Ұлы Жаратушысын тани алмас, өмірлері салтанатқа айналмас еді ғой. Сондықтан көктегі періштелерден бастап, теңіздегі балыққа дейін Онымен тығыз байланыста болатын.

Хазірет Айша анамыз әкесі Әбу Бәкірден (р.а.) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына хадисін естігенін баяндайды: *«Ата-анасының немесе біреуінің қабірінің басына жұма күні барып, Ясин сүресін оқыған адамның кіші күнәлары кешіріледі».*[118]

Сахаба Абдуллаһ ибн Омар Пайғамбарымыздан естіген сүйінші хабарын былай деп жеткізеді: *«Анасының немесе туысқандарының біреуінің қабіріне барған адамға хажж мәбрур (анасынан жаңа туғандай күнәсіз халге келтіретін қажылық) жасағандай сауап жазылады. Өмірінің соңына дейін өлгендерінің*

[117] *Ө. Күмісбаев.* Жамбыл және Шығыс әдебиеті. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (28), 2004.

[118] әл-Мунауи. Фәйзул-Қадир. VI, 141-бет.

басына барып тұрған адам қайтыс болғаннан кейін періштелер оның қабіріне барып тұрады.»[119]

Осман ибн Сәудәнің анасы өте діндар, тақуа кісі болатын. Айналасындағылар оны осы қасиетіне байланысты «Рахибә» деп атайтын. Осман ибн Сәудә анасы қайтыс болғаннан кейін әр жұма күні қабіріне баратын. Анасы мен сол мазардағы өлілердің рухтарына арнап дұға жасап, Аллаһ тағаладан олар үшін кешірім тілейтін. Бір күні түсінде анасын көреді. Анасына: «Анашым, жағдайың қалай?» – деп сұрайды. Анасы: «Балам, қабір әлемінің өзіне тән қиыншылығы бар. Алайда Аллаһқа шүкір, мен бәрзах өлкесінің (қабірге енген сәттен ақыретке дейін жалғасатын кезең) әсемдігін тамашалаудамын. Ақыретке дейін райхан гүлдің иісін иіскеп, жібек төсекте отыратын болдым», – дейді. Осман анасынан : «Маған айтар тілегіңіз бар ма?» - деп сұрайды. Анасы: «Әр жұма бізге келіп тұратын әдетіңді тастама. Себебі мен жұма күні қабіріме келуге бел байлаған кезіңде сүйінші хабар аламын. Маған ол жерде былай дейді: «Ей, Рахибә, жанұясын үйінде тастап, саған қарай ұлың келе жатыр.» Мен де, басқа қабірдегілер де бұған қатты қуанамыз», – дейді.

Қазіргі кезде адамдардың көпшілігі жұмысбасты, шаруалары тығыз. Осындай қарбалас дүниеде күйбең тіршіліктен аналарымыздың, әкелеріміздің және жақын туыстарымыздың қабірлеріне баруға уақыт таппай жатамыз. Кейбіріміз жұмыс бабымен ауылдан ұзап, алыс жерлерге қоныстандық. Осыған қарамастан, ата-аналарымыздың қабіріне бара алмасақ та, Құран

[119] әл-Хаким әт-Тирмизи. Нәуадирул-Усул. I, 126-бет.

хатімін жасап, ізгі істер істеп, осылардың сауабын рухтарына бағыштасақ, соның өзі оларға үлкен қуаныш.

Фадл ибн Мәуқыф басынан өткен мына оқиғаны баяндайды: «Әкемнің қабіріне жиі-жиі барып тұратын едім. Бір ретінде солай қарай жол алғанымда жаназа көріп қалдым. Жаназаның намазына қатысайын дедім. Ары қарай басқа істеріммен шұғылданып кетіп, әкемнің қабіріне баруды ұмытып кетіппін. Бір күні түс көрдім. Түсімде әкем қабіріне неге келмегенімді сұрады. Болған жайды баяндап бердім. Сонда әкем: «Аллаһтың атымен ант етейін, сен көпірден өтіп, қабірімнің басына келіп отырғанға дейін жолыңды тосамын. Сен кетіп бара жатқанда да көпірден өтіп кеткенге дейін артыңнан қимай қарап тұрамын», – деді.»

Адамның түсі ақиқатқа дәлел бола алмаса да, дегенмен ақиқатқа қарай ашылған қақпа іспеттес. Негізінен түстер көбінесе шындыққа жанаса бермейді. Тек қана таңға жақын көрілген түс қана ақиқатты білдіреді. Әсіресе ақырзаман таяп қалған қазіргі кезде адамдардың көрген түстерінің көбісі ақиқатқа жақын болады. Мұны бізге Пайғамбарымыз мәлімдеген. Бұл түстер кейде тура сол көрілгендей шықса, кейде жору керек болады. Фадлдың түсі де ақиқатты білдіретін, бізге сабақ болатын түстердің бірі десек қателесе қоймаспыз иншаллаһ.

3. Ата-анаға қарсы келудің күнәсі және зардабы

Құрандағы аяттарда және хадистерде Аллаһ тағаланың ақысынан кейін ата-ана ақысының айтылуы олардың ақысының маңыздылығын білдіретінін

айтып өткен едік. Аяттар мен хадистерден көргеніміздей ата-ана ақысын аяқ асты ету, олардың көңіліне кірбің түсіру өте үлкен қылмыс әрі күнә. Ата-анасының ризашылығына бөленгендер жаннатқа жол тартады. Ал оларға зұлымдық жасап, ақысын аяқ асты еткендер жаннаттың хош иісі, мейлі бұл мың жылдық қашықтықтан сезілетін жұпар иіс болса да, мұрындарына бармайды.[120]

Ата-ана және туыстармен қарым-қатынасты үзу – мұнафықтың сипаты

Құран Кәрімде Аллаһ тағала былай дейді: *«Ей, мұнафықтар, егер сендердің қолдарыңа билік тисе, елде қырғын шығарып, тәртіпті бұзып, туысқандармен қарым-қатынасты аяқ асты етесіңдер. Міне, бұлар – Аллаһ тағаланың лағнетіне ұшырап құлақтары саңырау, көздері соқыр болған адамдар».*[121]

Аятта айтылғандай мұнафықтардың (екіжүзділердің) ең басты ерекшелігі қолдарына билік тигенде адамдарды татуластыру, пайдаларына жарау емес, керісінше қырып-жою, бүлік шығару. Олар халықты басқаратын болса әділет аяқ астында тапталып, зұлымдық кең етек жайып, жәбірленушінің мұң-зары көктің қақпасына дейін жетеді. Мұнафықтардың осы ерекшеліктерімен қатар туыстармен қатынасты үзу, олардың жағдайынан бейхабар, мұң-мұқтаждықтарына сүйеу болудың орнына ат тонын ала қашу секілді қасиеттері бар. Олар туысқандардың арасын бұзып, ұрыс-керіс шығарып тұрады. Туыстарды іздемеу, хал-

[120] әт-Табәрани. әл-Мужәмул-Әусат. VI, 18-бет; әл-Мунзири. әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб. III, 67-бет.

[121] « Мухаммед» сүресі, 22-аят.

жағдайын сұрамау, оларға ат ізін салмау мұсылманның емес, мұнафықтың қасиеті. Бірақ туысқандармен байланысын үзген адамның бәрін мұнафық деп айтуға болмайды. Тек қана мұнафықтық сипатқа ие деуге болады. Себебі кімнің мұсылман, кімнің кәпір, кімнің мұнафық екенін Аллаһ тағаладан басқа ешкім білмейді.

Туысқандық құқықтарға мойынсұну Аллаһ тағаланың әмірі болғандықтан жүрегінде иманы бар адам туысқандарымен байланысты үзбеуі керек. Оларға немқұрайды қарап, арадағы туысқандықты ұмытпауы, оларға кесірін тигізбеуі тиіс.

Ата-анаға қарсы шығу – үлкен күнә

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алэйһи уэ сэлләм) бір күні сахабаларынан: «Үлкен күнәлардың ең ауыры қайсысы екенін айтайын ба?», – деп сұрағанда сахабалар: «Иә», – деп жауап береді. Аллаһ елшісі : «Аллаһ тағалаға серік қосу, ата-анаға қарсы шығу», – дегеннен кейін сөзін жалғастырып: «жақсылап тыңдаңдар, өтірік айту мен жалған куә болу», – деп, осы айтқандарын қайта-қайта қайталаған екен.[122]

Пайғамбарымыз сахабаларына маңызды бір нәрсе айтар кезде алдымен тыңдаушылардың назарын өзіне аудартып, ынтамен тыңдауы үшін әңгімесін сұрақпен бастайтын. Жоғарыдағы хадисте де сол әдісті қолданғанын байқаймыз. Маңызды үш күнәні баяндамас бұрын сұрақ қойып, тыңдаушының назарын өзіне аударады.

Ислам дінінде күнәлар үлкен және кіші болып екіге бөлінеді. ҚұраН Кәрімде немесе хадистерде қатты

[122] Бухари. Шәһадат. 10; Әдеп. 6; Истизан. 3; Муслим. Иман. 143.

ескерту жасалған, лағынет айтылған, жаза айтылған күнәлар үлкен күнәларға жатады. Жоғарырыдағы хадисте Аллаһ тағалаға серік қосу, ата-анаға қарсы шығу, өтірік айту мен жалған куә болудың үлкен күнә екендігі айтылады.

Үлкен күнәлардың ішінде ең ауыры – Аллаһ тағалаға серік қосу, яғни тағы басқа құдай бар деп сену немесе Оның әмірімен болатын нәрселердің кейбірін басқаларға таңу.

Сахаба Абдуллаһ ибн Мәсуд ең үлкен күнәнің не екенін білгісі келіп, Пайғамбарымыздан: «Аллаһ тағаланың алдында ең үлкен күнә қайсысы», – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Сені жаратқанына қарамастан Аллаһ тағалаға серік қосуың»[123], – деп жауап береді.

Лұқпан сүресінде де: *«Лұқпан ұлына: «Балам, ешқашан Аллаһқа серік қоспа! Себебі серік қосу – өте үлкен зұлымдық», – деп насихат айтты»*[124], – дейді. Аятта адам баласының ең үлкен зұлымдығы мен әділетсіздігі – Аллаһ тағалаға серік қосуы екені айтылады. Ол шексіз рақымы мен мейірімімен барлық мұң-мұқтажымызды өтеп жатқанда Оны танымау, білмеу үлкен зұлымдық болса керек.

Үлкен күнә ретінде белгіленген екінші жәйт – ата-анаға қарсы шығу. Адамның адамгершілігі оған ең көп еңбегі сіңген ата-анасына деген қарым-қатынасынан байқалады. Ата-анасына жақсылық жасай алмаған адам басқаларын қалай қарық қылсын? Өзін осы дүниеге әкелген, әлсіз күндерінде қолынан

[123] Муслим. Иман. 141.

[124] «Лұқпан» сүресі, 13-аят.

жетектеп өзі жемей жегізген, өзі кимей кигізген екі жанды қадірлей алмаған адам алдағы уақытта басқа адамдарға одан бетерін жасаудан тайынбайды. Мұндай баланың халық үшін тигізер пайдасы жоқ. Керісінше кесірі тиеді.

Үлкен күнәлар жайлы тағы бір хадисінде Аллаһтың ардақты Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Үлкен күнәлар мыналар: Аллаһ тағалаға серік қосу, ата-анаға қарсы шығу, жазықсыздан-жазықсыз адам өлтіру, өтірік ант-су ішу»,*[125] – деп ескерткен болатын. Бұл хадисте де көріп отырғанымыздай үлкен күнәлар аталғанда Аллаһ тағалаға серік қосу мен ата-анаға қарсы келу алдымен айтылады. Сосын барып жазықсыздан адам өлтіру мен өтірік ант-су ішу баяндалады. Ал Құран Кәрімде Аллаһ тағаланың баяндағанындай жазықсыздан жазықсыз адам өлтіру – бүкіл адамзатты өлтірумен бірдей саналатын ауыр күнә.[126] Себебі, адамға жан беретін де, оны кері алатын да – Аллаһ тағала. Адам баласы – Аллаһ тағаланың өнер туындыларының ішіндегі ең қастерлі де қымбаттысы. Аллаһ тағаланың осындай қымбат өнер туындысының көзін жоюға ешкімнің ақысы жоқ. Ондай күш-қуат тек қана Аллаһ тағаланың қолында.

Өтірік ант-су ішу де өтірік айту мен өтірік куәгерлік беру секілді үлкен күнә. Мұндай ант адамды алдымен күнә батпағына батырып, артынан тозаққа қарай сүйрейді. Сол үшін мұндай антты адамды белшесінен батпаққа батырды деген мағынада арапша «Иәмин ғамус» деп атайды. Ата-анаға қарсы шығуды

[125] Бухари. Әйман уәнНузур. 16; Дият. 2; Муртәддин. 1; Нәсаи. Тахрим. 3; Қасамә. 48.

[126] « Маидә» сүресі, 32-аят.

Пайғамбарымыз осындай ауыр күнәлардан да бұрын атайды.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) харамдарды баяндаған келесі хадисінде де ата-анаға қарсы шығуды қоса айтқанын көреміз: *«Аллаһ тағала сендерге аналарыңа қарсы шығуды, қыздарыңды тірідей топыраққа көмуді, қарыздарыңды төлемеуді, басқалардың құқықтарына қол сұғуды, өздеріңе тиесілі емес нәрселерді алуды харам қылған. Ол өсекаяңды, көп сұрақ қоюды, керекті-керексіз жерге мал шашып, ысырап жасауды жек көреді».*[127]

Бұл жерде «аналарға қарсы шығу» деп айтылғанымен, әкелердің де осының ішіне кіретіні белгілі. Себебі жалпы аяттар мен хадистерде ата-ананың екеуіне де құрмет талап етіледі. Бұл жерде тек қана аналардың айтылуы, олардың әкелерге қарағанда сезімтал, нәзік жанды болып, әкелерге қарағанда көңілшек болатындығына байланысты. Айрықша аналарға көрсетуіміз керек құрмет әкелерге көрсетілетін құрметтен үш есе артық екенін хадистерден білеміз.

Абдулаһ ибн Аббас *«Олар үлкен күнәлардан және бос, мәнсіз істерден бойларын аулақ ұстайды, ашуланған кезінде өкпелерін іштеріне сақтайды, қасындағы адамның кемшіліктерін кешіреді»*[128] және «Олар, жақсы адамдар, кіші кемшілік пен күнәлар болмаса да, үлкен күнәлардан, пайдасыз нәрселерден сақтанады. Сенің Раббыңның кешірімі ұлан-ғайыр»[129]

---

[127] Бухари. Истикраз. 19; Әдеп. 6; Зекет. 53; Муслим. Ақдия. 10-14.

[128] «Шура» сүресі, 37-аят.

[129] «Нәжм» сүресі, 32-аят.

деген аяттардағы үлкен күнәлардың мыналар екенін айтады:

- Аллаһқа серік қосу
- Аллаһтың рақымынан үміт үзу
- Аллаһ тағаланың азабына ұшырамайтынына сенімді болу
- Ата-анаға қарсы шығу, туысқандармен байланысын үзу
- Жазықсыз жанды және мұсылманды өлтіру
- Ар-намысы таза, абыройлы, тұрмыстағы әйелге зина жаласын жабу
- Жетімнің малына қол сұғу
- Соғыс майданынан қашу
- Пайыз алу
- Дуа, сиқыр жасау және жасату
- Зина жасау
- Өтірік ант-су ішу және жалған куә болу
- Соғыс кезінде мемлекетке түскен олжа мен мемлекет қазынасынан жымқыру
- Зекеттің жиналуына кедергі келтіру және зекет бермеу
- Арақ ішу
- Біле тұра намаз оқымау
- Сөзінде тұрмау

Ибн Аббастың жоғарыда көрсеткен күнәларының бәрі үлкен күнәға жатады. Ата-анаға қарсы шығу мен туысқандармен байланысты үзу де Аллаһ тағалаға серік қосу, адам өлтіру, зина жасау секілді адамдық қасиеттерге жат күнәлармен қатар айтылады. Кісі өлтірген адам Аллаһ тағаланың мейірімінен мақұрым қалатыны секілді, ата-анасына қарсы шығып, оларға

құрмет көрсетпеген перзент те Аллаһ тағаланың рақымы мен мейірімінен мақұрым қалады.

Күнәлардың үлкені — ата-анаға тіл тигізу

«Адам ата-анасына тіл тигізуі мүмкін бе?» – деп сұрайтын болсақ, көпшілік бұл сұрақты орынсыз көретіні белгілі. Бірақ адам баласы кейде байқамастан өз ата-анасын балағаттап қоюы мүмкін.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні сахабаларына: *«Кісінің өз әке-шешесін балағаттауы – үлкен күнә»,* – деді. Сахабалар таң қалып: «Адам өз ата-анасын балағаттай ма екен?» – деп сұрады. *«Иә, кісі егер басқа адамның әкесін балағаттаса, әлгі адам да ашуланып оның әкесін балағаттайды. Біреудің анасын балағаттаса, ол да әлгі кісінің анасын балағаттайды».*[130]

Демек, біреудің әке-шешесін балағаттаған адам шын мәнінде өзінің ата-анасын балағаттағандай болады. Ал бұл адамды үлкен күнәға батыратын жайт. Қазақта «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген ғибратты сөз бар, сондықтан бұған аса сақ болған жөн. Асылында бұл мүмінге жат қылық.

«Олардың Аллаһтың тысында табынатын тәңірілерін балағаттамаңдар, олар да надандықпен шамасына қарамастан Аллаһты балағаттамасын»[131] деген аятта айтылғандай мұсылманның міндеті басқаларды балағаттау, жекіру, бұза-жару, іріткі салу емес қайта қоғамда бұзылған жүйені жөндеу, адамдар арасын біріктіру болу керек. Қырып-жою, ұрсысу, жекіру – тіршіліктің сәнін кетіреді. Олай бол-

[130] Муслим. Иман. 146; Тирмизи. Бирр. 4.

[131] « Әнғам» сүресі, 108-аят.

са, жекірмей, балағаттамай, үнемі ізгіліктің нышаны ретінде жағымды нәрселерді ойлап, жанды жадыратар жақсылық жасауға талпыну керек.

Ата-анаға қарсы келгендерге жаннаттың қақпасы жабық

Пайғамбарымыздың туысы әрі Одан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алпыс хадисті естіп, өзінен кейінгілерге жеткізген Әбу Мухаммед Жубәйр ибн Мутим:

«Туысымен қатынасын үзген адам – жаннатқа кіре алмайды»,[132] – деген хадисін жеткізеді.

Жүрегінде зәредей иманы бар адам, ақыр-соңында жаннатқа кіреді. Алайда туысқандарымен байланысын үзілді-кесілді үзіп, туыстарын ұмытқан адам осы әрекетіне қарай ақыретте жазаға тартылады. Ал егер осы әрекетінің харам екенін біле тұра мойындамаса, онда мәңгілік құрдымға кетуі мүмкін. Себебі харам екені нақты айтылған мәселені мойындамай, қарсы шығу Аллаһ тағалаға қарсы шығумен бірдей. Бұл кешірілмейтін күнәлардың қатарына еніп, адамның тозақта мәңгі қалуына себеп болады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде Аллаһ тағаланың кейбір құлдарын жаннатқа алмайтынын айтқан. Бұл адамдар: *«Ата-анасының құқығын аяқ асты етіп, оларға зұлымдық көрсеткендер, ішкілікке салынған маскүнемдер және жасаған әрбір жақсылығын міндетсінгендер.»*[133]

Бір күні Пайғамбарымыздың жанына бір кісі келіп, «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду

---

[132] Бухари. Әдәб. 11; Муслим. Бирр. 18; 19.

[133] Ахмед ибн Ханбел. әл-Мусәнәд. III, 44-бет; әл-Бәйхаки. әс-Сунәнул-Кубра. VIII, 288-бет.

әннә Мухаммадән абдуһу уә расулуһу» деп кәлимә шәһәдатты айтады. Сосын Пайғамбарымызға былай дейді: «Ей, Аллаһтың расулы, мен бес уақыт намазымды оқимын, зекетімді беремін. Рамазан айында оразамды да ұстадым.» Сонда Пайғамбарымыз: *«Кімде-кім сенің осы айтқан амалдарыңның парыз екенін мойындай отырып жасаса, қиямет күні пайғамбарлармен, сыддықтармен (адалдықпен өмір сүрген, жалған сөзді аузына алмаған шыншыл адамдар) және шаһидтермен бірге болады. Бірақ ата-анасына қарсы шыққандар бұған жете алмайды»,*[134] – дейді.

Ата-анасына қарсы шыққан адамдар ақыретте пайғамбарлармен, салиқалы жандармен, шәһидтермен бірге бола алмақ емес. Бұл өз кезегінде орны толмас өкініш.

Жазасы екі дүниеде де берілетін күнәлардың бірі – ата-анаға қарсы шығу

Жазасы осы дүниеде берілмей ақыретте берілетін кейбір күнәлар бар. Сонымен қатар жазасын ақыретпен қатар осы дүниеде тартатын күнәлар да баршылық. Ата-анаға қарсы шығу мен туған-туыстармен қатынасты үзу осы екінші санаттағы күналарға жатады. Бұны бізге жеткізген – ардақты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі. Ол бір хадисінде: *«Ақыретте де жазасы бөлек берілумен қатар, осы дүниеде ең қысқа мерзімде басқа пәле болатын күнәлардың бірі – зұлымдық жасау және туған-туыспен қатынастарды үзу»,*[135] – деп ескерткен еді. Иә, адамдарға зұлымдық жасаған және туыстарымен қарым-қатынасын үзгендердің жазасын

[134] әл-Хәйсәми. Мәжмәуз-Зәуаид. VIII, 147-бет.

[135] Әбу Дауд. Әдәб. 43; Тирмизи. Қияма. 57; Ибн Мәжә. Зуһд. 23

Аллаһ тағала тек қана ақыретте емес, осы дүниеде де тартқызады.

Әке-шешесіне қарамаған, туған-туыстарымен қатынасты үзген адамдар осы дүниеде де көптеген қиындықтар мен қасіреттерге тап болып жатады. Олар мұның себебін біле алмауы да мүмкін. Алайда Аллаһ тағаланың әділдігіне орай олардың істеген күнәларының қарымы осы дүниеде беріледі. Олар сондықтан да осы дүниеде қым-қиғаш қиындықтармен арпалысып, бастары қайғымен күн кешіп кете бермек.

Әке-шешеге қарсы шыққандардың істеген жақсылықтары қабыл болмайды

Әке-шешені тыңдамай қарсы келудің жамандығы соншалық адам баласы мұның жазасын әрі осы дүниеде әрі ақыретте тартуға мәжбүр болады. Өзін қызыл шақа кезінен бастап ешбір қиындыққа мойымай, мәпелеп өсірген ата-анасына қарсы шығу – жақсылық қақпаларының тарс жабылуына әкеп соқтырады. Сондықтан адам баласы мұндай қайғылы жағдайға душар болғысы келмесе қолынан келгенінше олардың көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысып баққаны жөн. Өйткені Пайғамбарымыз тағдырды қабылдамағандар, ата-анасына қарсы шығып жасаған жақсылықтарын міндетсінгендер мен оларға зұлымдық жасағандар үшін бүкіл жақсылық жолдарының жабылатынын айтып кеткен. Сонымен қатар олардың тәубелері мен күнәларынан арылу үшін берген садақалары да қабыл болмайды.[136]

[136] Ибн Әбу Асым. әс-Сунна. I, 142-бет.

Осыған орай Абдуллаһ ибн Әуфа төмендегі ғибратты оқиғаны бізге әңгімелейді: «Бір кісі Пайғамбарымызға келіп:

Уа, Аллаһтың елшісі! Арғы көшелердің бірінде үйінде соңғы демін берейін деп жатқан бір жас жігіт бар. Оған арғы дүниеге иманды кетсін деген ниетпен «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду аннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» деп қанша айтсақ та оның тілі кәлимаға келер емес, – дегенде Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм):

Ол жас жігіт сау кезінде кәлима айтатын бе еді өзі?,– деп сұрады. Ол жердегілердің бәрі бір ауыздан:

Иә, айтатын,– десіп куәлік келтірді.

Олай болса оның кәлимаға тілін келтіре алмауының себебі не болды екен?», – деп, Пайғамбарымыз әлгі жас жігіттің үйіне қарай бет алды. Пайғамбарымыздың қасындағы сахабалары да Онымен бірге барды.

Пайғамбарымыз жан тәслім еткелі жатқан жігіттің қасына барғаннан соң: «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду аннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» деп айтшы, қане»,– деді. Ол мұны айтқысы келгенімен шамасы келмей жатқанын білдірді. Пайғамбарымыз сонда:

Мұның себебі неде?, – деп сұрағанда әлгі жас жігіт:

Анама жасаған жамандықтарымнан болса керек, – деді. Пайғамбарымыз:

Анаң тірі ме?– деді. Ол:

Иә, – деп жауап берді. Пайғамбарымыз қасындағыларға:

Онда оның анасын ертіп келіңдер, – деп тапсырма берді. Біраз уақыттан соң әлгі жігіттің анасы да келді. Пайғамбарымыз одан:

– Өлім аузында жатқан мына жігіт сіздің балаңыз ба?, – деп сұрағанда анасы:

– Иә,– деді. Сонда Пайғамбарымыз:

– Егер балаңызға көмек қолын созып көмектеспесеңіз балаңызды жалыны көкке жететін отқа лақтырамыз десе не істер едіңіз?, – деп сұрады. Мұндай ауыр да жантүршігерлік сұраққа ол:

– Иә, аналық сүтімді адал деп, ақымды кешер едім, – деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз әлгі әйелден қайтадан:

– Баланды кешіріп, одан риза екеніңе бізді және Аллаһ тағаланы куә етесің бе?,– деп сұрағанда жігіттің анасы:

– Уа, Жаратқан! Баламды кешіріп одан риза екенімде Өзіңді және Елшіңді куә етемін, куә бол!,– деді. Анасының бұл куәлігін алғаннан соң Пайғамбарымыз жігітке қарап:

Ей, бауырым! Енді «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» деп айтып көр,– деді. Осы кезде әлгі жігіт қиналмастан тілін кәлимаға келтіріп жанын тәслім етті.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм):

– Мына жігітті жаһаннамның жалындаған отынан аман сақтап қалған Аллаһ тағалаға мадақ! – деп қуанышын білдірген еді».[137]

[137] Ахмад ибн Ханбал. әл-Муснад. IV, 382-бет; әл-Бәйхақи. Шуабул-иман. VI, 198-бет.

Анасының жүрегін жаралап ренжіткен, соңғы демін берерде тілі кәлимаға келмеген адам үшін Пайғамбарамыздың өзі де бір анадай мейірленіп, оның арғы дүниеге иманды болып аттануы үшін құрақ ұшып, бар жанын салып бақты. Пайғамбарымыздың кезінде болған бұл оқиға ата-анасына дұрыс қарамай ренжіткендердің дұғаларының қабыл болмайтындығына және осы дүниенің өзінде азап тартатындығына өшпес үлгі.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде әрбір адамның жасаған амалдарының жұма күні түнде Аллаһтағалағабаяндалатынын,бірақтуысқандарымен қатынасын үзгендердің амалдарын Аллаһ тағаланың қабыл етпейтінін айтады.[138]

Яғни ата-анасын ренжіткен, олардың үйіне ат басын бұрмай, туысқандарымен қарым-қатынасын үзген адамдар жақсы амал жасап жатырмыз деп өздерін алдауы мүмкін. Бірақ шындығында жақсы амалдарымен қоса немқұрайдылықпен қарауға болмайтын тағы бір іс бар. Ол – ата-ана ақысын өтеу, туысқандарымен қарым-қатынасын үзбеу.

Малик ибн Динар қажылық кезінде Меккеге келеді. Қағбаны тауап етіп жүргенде сол жылғы қажылар мен үмра жасаушылардың санының көптігіне қайран қалады. Сол сәтте: «Осы міндеттерін өтеуге келгендердің ішінде ниеттері қабыл болғандардың есімдерін біліп, оларды барып құттықтасам ғой, шіркін! Ал қажылығы қабыл болмаған адамдарды жұбатып, насихат айтсам», – деген ой келеді. Сол түні түс көреді. Түсінде: «Малик ибн Динар қажылық

[138] Ахмед ибн Ханбәл. әл-Муснәд. II, 483-бет.

және ұмра жасаушылар жайында білгісі келеді. Аллаһ тағала олардың амалдарын қабыл етіп, үлкенді-кішілі күнәларын кешірді. Тек қана араларында Аллаһ тағаланың азабы басына төніп тұрған бір адам бар, оның қажылығы қабыл болмай, құлшылығы өзіне кері қайтарылады», – деген дауыс естиді. Оянып кеткен Малик ибн Динар қажылығы қабыл болмаған адам мен емес пе екенмін деп таңға дейін дөңбекшіп шығады. Ертесіне тағы түс көреді. Түсінде: «Қажылығы қабыл болмаған адам сен емессің. Ол Хорасан аймағындағы Бәлх қаласынан келген Мұхаммед ибн Харун деген адам», – деген дауысты естиді.

Таң атар-атпас Хорасан аймағынан келген қажылар орналасқан жерге келеді. Олардың арасында Мұхаммед ибн Харун есімінде адамның бар-жоғын сұрайды. Хорасандықтар: «Ол ма? Ол өте ерекше адам. Хорасанда одан асқан тақуа жан жоқ. Арамызда ең көп Құран оқитын адам сол», – деп жауап береді. Әлгі кісі жайлы адамдардың осынша ыстық ықыласын етіген Малик ибн Динар ішінен: «Бұл кісі соншалық тақуа, діндар болса, неліктен Аллаһ тағаланың қаһарына ілікті екен?» – деп ойлайды да, Хорасандықтардан сол кісінің қайда тұрып жатқанын сұрайды. Олар: «Ол қырық жыл болды күндіз ораза ұстап, түнін құлшылықпен өткізеді. Үнемі дәруіш секілді қаланың сыртындағы ескі қорғандарды мекендейді. Оны осы Меккенің ескі қорғандарынан табарсың», – деп жөн сілтейді.

Малик ибн Динар ескі қорғандарды аралай бастайды. Бір кезде дуалдың артында тұрған кісіні көреді. Әлгі кісіге жақындай түскенде, аяқ сыбдырын естіген ол: «Сен кімсің?» – деп сұрайды. «Малик ибн Динар-

мын», – деп жауап қатады бұл. Әлгі адам: «Ей, Малик! Сенің мұнда келіуіннің себебі не? Көрген түсің болса, айт, біз де тыңдайық», – дейді. Малик ибн Динар:

– Түсімді айтуға ыңғайсызданамын.

– Қысылма, айта бер, – дейді әлгі адам.

Малик ибн Динар көрген түсін айна қатесіз жеткізеді. Сонда бейтаныс адам өкіріп жылайды. Ішіндегі мұңын шағып, басынан өткендерін баяндайды: «Мен араққа салынып кеткен, маскүнем едім. Күні бойы ішкенім арақ болатын. Бір күні бөтелкелес достарыммен ішіп, удай мас күйімде үйге қарай бет алдым. Аулаға кіріп келе жатқанда нан пісіру үшін тандырдың отын тұтатып жатқан анамды көріп қалдым. Теңселіп келе жатқанымды көрген анам: «Бүгін шағбан айының соңғы күні, ертең ораза басталады. Адамдардың бәрі бүгін ауыз бекітіп жатқанда, арақ сасыған ауызыңмен оразаны қарсы алмақпысың? Құдайдан қорықпайсың ба?», – деп қабағын шытты. Анамның дүрсе қойғанына шыдай алмай, оны ұрып жібердім. Анам күйінген күйде: «Аллаh сазайыңды тартқызсын!», – деді. Мына сөзді естігенде қаным басыма теуіп, арақтың күшімен оны тандырдың ішіне итеріп жібердім. Жұбайым жүгіріп келіп, мені үйге сүйрелеп, есікті сыртымнан жауып қойды. Таңертең тұрғанымда мастығым тарқап қалыпты. Есікті ашу үшін әйелімді шақырдым. Әйелім маған ауыр-ауыр сөздер айтты. «Сен не деп тұрсың? Осыншалық ауыр сөздер айтатындай не болып қалды?», – деп сұрадым. Ол: «Сен жылы сөзге лайық емессің!», – дегенде, «Неліктен?» – деп сұрадым. Әйелім бұл сұрағыма өмірімдегі ең азапты хабармен жауап берді: «Себебі сен анаңды тандырға лақтырдың. Анаң тандырда күл

болып жанды. Сен анаңның түбіне жеттің.» Сыртқа жүгіріп шығып, тандырға қарадым. Анам жанып күлі ғана қалыпты. Көзім қарауытып, өмірім астаңкестен болды. Жантүршігерлік қылмыс жасадым. Содан бері сол күнәмді қалай жусам болады деп ойланумен болдым. Қолымдағы барымның бәрін Аллаһ жолына садақа деп тараттым. Үйімде ұстап отырған құлдарымды құлдықтан босаттым. Қырық жыл болды күндіз ораза ұстап, түнде құлшылық жасаумен күндерімді өткізіп жатырмын. Жыл сайын қажылыққа келемін. Жылда сен секілді Хақ жолындағы бір адам мен жайлы түс көреді».

Әлгі адам басынан кешкендерін баяндап болғанда Малик ибн Динар: «Ей, бейбақ сорлы! Сенің жасаған күнәң осы дүниедегінің бәрін өртеп, күл ететіндей қандай қорқынышты, қандай ауыр қылмыс!» – дейді де, теріс бұрылады. Малик ибн Динар кетіп бара жатқанда әлгі адамның бар жантәнімен Аллаһқа жалбарынғанын естиді: «Ей, барлық қайғы-мұңымызды шайып, жанымызды жадыратқан, қысылған шақтарда дұғаларымызға жауап беріп, бізді желеп-жебеген Жаббар Ием! Азабыңнан қашып, ризашылығынды үміт етемін. Қаһарыңнан қашып, мейіріміңді пана тұтамын. Тілектерімді қабыл ал. Мені қайғы-мұңға батырма». Көз жасына булыққан байғұс адамның ары қарай даусы шықпай, иығы селкілдеп қоя береді.

Малик ибн Динар сол түні тағы да түс көреді. Түсінде: «Ей, Малик! Адамдарға Аллаһ тағаланың мейірімін медет тұтуына кедергі болма. Аллаһ тағаланың кешірімділігін ойлап, кеуделерінде үміт оты тұтансын. Себебі Аллаһ Мұхаммед ибн Харунның

шын көңілден шыққан тілегін естіп, қабыл етті. Жасаған күнәсін кешірді. Енді оған барып: «Аллаһ тағала қиямет күні барлық пенделерді құзырына жинайды. Оның әділеті өз үстемдігін көрсетіп, мүйізсіз қошқар мүйізді қошқардан өшін алады. Мұхаммед ибн Харун да анасымен бірге үлкен сотқа шығарылады. Сот анасының пайдасына шешіледі. Ұлы тозаққа тасталады. Сосын оны анасы кешіргені үшін Аллаһ тағала да кешіріп, тозақтан қайта шығарады», – деп айт, – деген дауысты естиді.

Сөз соңы

«Отбасы – қоғамның іргетасы. Оның мүшелері бір-бірінің ақысы мен құқықтарына қаншалықты құрметпен қараса, қоғам да соншалықты берік болмақ. Отбасы мейірім мен құрметтен мақұрым болса, қоғамнан мұндай ізгі қасиеттерді іздеп әбігерге түсудің қажеті жоқ!..»[139] Иә, отбасы — мейірім мен құрметтің алтын бесігі. Сонымен қоса, отбасы — тәрбиенің, өзара мейірім мен қамқорлықтың, өмір мектебінің қасиетті мекені.

Перзенттің материалдық һәм рухани дамуында басты рөл атқаратын жандар – оның ата-анасы. Олар әрдайым өздерін екінші қатарға ығыстырып, перзентін бірінші орынға шығарады. Ешуақытта «болашақта жемісін көрерміз», – деп бас пайдаларын көздеместен, соңғы демі біткеше риясыздықпен баласының қамын ойлайды.

Бізді жоқтан бар еткен Жаратушы Жаббар Иемізге қанша шүкіршілік айтсақ та артықтық етпейтін болса, сол секілді бізге ұлан-ғайыр еңбегі сіңген ата-ананың ақысын өтеу де әсте мүмкін емес. Аллаһ тағалаға құлшылық еткенде біз өміріміздің соңына дейін алатын нығметтеріміз үшін емес, тек осы уақытқа дейін алған нығметтіріміз үшін шүкіршілігімізді білдіріп, құлшылық етеміз. Ата-анамыз үшін жасаған жақсылықтарымыз да, өміріміздің соңына дейін біз үшін жасаған жақсылықтары емес, бүгінге дейін

---

[139] Гүлен Фетхуллаһ. Өлчі вея йолдаки ышыклар. 143-бет.

төккен терлерінің ғана қайтарымы болмақ. Бірақ осыған қарамастан Аллаһ тағала өзінің мейірімі мен рақымдылығының арқасында бізге жаннатты сыйға тарту етеді. Алайда біз құлшылығымыздың арқасында жаннаттқа қол жеткізуіміз былай тұрсын, ішінде көл-көсір жүзіп жүрген нығметтеріне де толығымен шүкіршілік ете алмаймыз. Сол секілді ата-анасына құрмет көрсетіп, ырзашылығына бөленген перзентке де рақымдылығы бүкіл әлемді қамтыған Ұлы Жаратушымыз жаннатқа баратын мүмкіндікті нәсіп етті. Яғни, біз Аллаһ тағаланың ақысын толық өтей алмасақ та Аллаһ тағала өзінің рақымдылығымен бізді жаннатына қонақ ететіні секілді, ата-ананың ақысын өтеуге талпынып, олардың ақ батасын алудың сый-сияпаты ретінде де бізге жаннатты тарту етеді. Әйтпесе Аллаһ тағаланың ақысы тұрғысынан да, ата-ана ақысы тұрғысынан да жаннатқа өзіміз қол жеткіздік деп айта алмаймыз.

Ақыретті есепке алмағанның өзінде, ата-анамыздың біз үшін сіңірген еңбегі оларға бұл дүниеде мейірім мен құрметпен қарауды талап етеді. Олай болса адамгершілік тұрғысынан да біздің міндетіміз оларға жақсылық жасап, көңілдеріне қуаныш ұялату. Осылайша әрі олардың үмітін ақтаймыз, әрі Аллаһ тағаланың ризашылығына қол жеткіземіз. Аллаһ тағала шексіз рақымдылығымен біздің кішігірім талпынысымызға таудай сый береді. Әділет тұрғысынан қарайтын болсақ, адам баласының әке-шешесіне жасаған жақсылықтарын марапаттаудың қажеті де жоқ. Себебі біз оларға қарыздармыз. Өміріміздің соңына дейін осы қарызымызды өтеуіміз керек. Алайда қарызымызды өтеу барысында Аллаһ тағала ата-ана ақысының аяқ

астында тапталмауы үшін, әрі осы екі қастерлі жанды алақанымызға салып аялауымыз үшін олардың ризашылығына бөленгендерді жаннаттың орта есігінен кіргізіп, мәңгілік пейішінде қонақ ететінін сүйіншілейді.

Аллаһ тағаланың адамзат ретінде жаратқанының өзі біз үшін мерейі үстем бақыт. Ол материалдық әлемдегі күллі жараталыста жоқ ақыл, сезім, ерік-жігер және сана секілді құнды қазыналарды бізге тарту етті. Жарық дүниеге көзімізді ашқан сәттен бастап мейірімді жандарды бізге қамқоршы етті. Солардың жанашырлығымен әлсіздігімізді байқатпады. Қинала қалсақ, көмегімізге жүгіртті. Басқа жан-жануарлар ата-енесінен қысқа уақыттан кейін-ақ бөлініп кетіп жатса, біздің ата-анамызбен байланысымызды мәңгілікке жалғады. Жан-жануарлар төлдерін өмірге әкелгеннен кейін төлі бойына қуат жинай салысымен-ақ оны табиғат аясында жалғыз қалдырып кетіп жатса, адам баласы перзентін өле-өлгенше уайымдап, сол үшін қам жейді. Тіпті о дүниеге аттанып кетсе де перзентімен арасындағы байланыс үзілмейді. Сондықтан Аллаһ тағала ата-ана мен бала арасындағы байланысқа ерекше мән береді. Ата-ананың ақысын Өзінің ақысынан кейінгі орынға қояды. Алдымен Маған иман етіңдер, сосын ата-аналарыңды тәрк етпей, оларға қандай жағдайда болмасын медет болып, қамқорлық көрсетіңдер, құрметтен кенде қылмаңдар дейді. Ата-анаға бейне бір Аллаһ тағаланың бақылауы мен тексеруінен өтіп жатқандай жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Қарттықтың мәһнатты сүрлеуіне түскен ата-анамыздың материалдық-рухани қажеттілігін

камтамасыз ету – перзенттік борышымыздың бір бөлігі. Кәрілік пен жалғыздықтан туындаған қайғымұңның орнын оларға деген қызметімізбен толтырамыз. Олармен тілдесу барысында «үһ» деген сөзді де ауызға алмай, осы және осы тектес сөздерді сөздік қорымыздан біржола шығарып тастаймыз. Оларға дауыс көтермей, керісінше жанға жайлы сөздермен тіл қатамыз. Көгершіннің жүрегінен де нәзік көңілдеріне қаяу түсірмей, оларға барынша кішіпейілдік танытамыз. Осы кішіпейілділік барысында олардың табандарының астындағы жаннаттан ескен самал желді көңілімізде сезінгендей боламыз. Шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап олардың біз үшін тартқан бейнетіне өтем ретінде хазрет Ибраһим пайғамбар жасаған дұғаны қайталап: «Уа, Раббым! Мені, анамды, әкемді және барлық мұсылмандарды қиямет күнінде кешіре гөр»,– дейміз.

Аталмыш тақырыптың Құран Кәрімде айрықша баян етілгеніне тоқталып өттік. Мәселен «Исра» сүресінде ата-ана ақысы арнайы сөз етілсе, «Ниса» сүресінің 36-аятында ата-анаға деген құрмет пенденің мойнына жүктелген он міндеттің ішінде атап көрсетіледі. Ал, «Әнғам» сүресінің 151-аятында Жаратқанға серік қосу ең үлкен күнә екендігі айтылғаннан кейін бірден ата-анаға жақсылық жасау әмір етілген. «Бақара» сүресінің 83-аятында ата-анаға құрмет пен жақсы қарым-қатынаста болудың тек қана Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне ғана емес, сонымен қатар хазірет Жақып пайғамбардың ұрпағына да парыз болғанын баяндайды. «Ахқаф» сүресінің 15-16-аяттарында адам баласына ата-анасының ол үшін жасаған жанкештіліктерін

еске түсіріп, осы жанкештілікке жақсылықпен жауап қайтарған перзенттерді о дүниеде көптеген игіліктер күтіп тұрғанымыдығын сүйіншілейді. «Лұқпан» сүресінің 14-15 аяттарында Аллаһ тағалаға қарсылық тудыратын мәселелерден бөлек барлық істе ата-анамыздың пікірлеріне құрметпен қарап, олармен қарым-қатынасымызда немқұрайдылыққа жол бермеуіміз керектігі айтылады. Олар мұсылман болмаса да, қарым-қатынасымызды үзбей, жақсылық пен қамқорлығымызды аямауымызды бұйырады. Оларды иманға шақырғанда сыпайылықтан аспай, хазірет Ибраһим пайғамбар секілді «әкешім», «анашым» деп, аяулы сөздер арқылы жеткізуді бізге үйретеді. Олардың басқаша ойлап, басқа көзқараста болуы ешуақытта оларға дөрекілік танытып, көңілдеріне қаяу түсіруге, көңіл бөлмей қоюға себеп еместігін айтып, бізге ескерту жасайды. Міне, Аллаһ тағаланың Құранда бізге қойған талаптары осындай.

Аллаһ тағала жоғарыда баяндалған талаптарының жалғасын Өзінің ардақты Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқылы жолдайды. Пайғамбарымыз ата-ана ақысының маңыздылығын көптеген хадистерімен түсіндіреді. Аллаһ тағаланың алдында ең сүйікімді істің бірі ретінде ата-анаға жасалған жақсылық екені баяндалады. Сонымен қатар, адам баласының ата-ана ақысын өтеуі мүмкін еместігі, бірақ соған қарамастан жақсылыққа қарай талпынып, олардың ақысын өтеуге барымызды салуымызды, сонда бұл әрекетімізге қарай Аллаһ тағаланың бізді сүйікті құлдарының қатарына қосатынын мәлімдейді. Аллаһ елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистері арқылы біз ата-анаға жасалған жақсылықтың реті келгенде қажылыққа да жиһадқа

да тең келетінін үйренеміз. Олардың напақасын тауып, қамқорлық көрсетуіміз Аллаһ тағаланың жолында жүргендігіміздің белгісі екенін түсінеміз. Көңілімізді күпті етіп, ар-ожданымызды жегі құрттай кемірген күнәларымызды жоюдың ең оңтайлы жолдарының бірі ата-анаға жақсылық деген мәліметті аламыз.

Шаңырағымыздың уықтарын осы айтылған аят пен хадистермен бекітсек, отбасымыздың бақыттың бесігін тербетері хақ. Мұндай шаңырақта әрдайым құрмет пен жақсылық, оң бата мен ізгі тілек салтанат құрады. Аллаһ тағала бұл шаңырақты өз қорғанына алып, періштелерін қайран қалдырады. Ал жамандық пен пәлекеттің жолын бақ пен береке кес-кестейді. Ендеше, қадірменді оқырман, Ұлы Жаратушы Иеміз баршамызға осындай құт дарыған игі шаңырақ нәсіп етсін, әмин!

Қолданылған әдебиеттер

1. Құран Кәрім.
2. Адил Фуркан. Кудси ики варлык анне-баба. Измир, 2006.
3. Ажлуни Исмаил б. Мухаммед. Кәшфул-Хафа уа музилул-илбас. I-II, Бәйрут, х.1405.
4. Ай, заман-ай, заман-ай. (Бес ғасыр жырлайды). құр: М. Мағауин; М. Байділдаев, I-II том, Алматы, 1991.
5. Ақберен (XVIII-XX ғ-ғы қазақ ақын-жырауларының жырлары), құр: Қ. Сыдыков. Алматы, Жазушы, 1972.
6. Ахмед ибн Ханбәл, әл-Муснәд, I-VIII, Мысыр, т-сіз.
7. Әбу Дәуд Сүлеймен б. Әшас әс-Сижистани. әс-Сүнен. I-IV, Стамбул, т-сіз.
8. Әбу НуаймАхмед б. Абдиллаһ әл-Исбәхани. Хилятул-Әулия уә Табақатул-Әсфия. I-X, Бәйрут, 1405.
9. Әбу Яла Ахмет б. Али әл-Мусәнна. әл-Муснәд. I-XIII, 1984.
10. Әділбаев А. Кемелдік кілті. Алматы, 2009.
11. Әуезов М. Абай жолы, I-IV, Алматы, Жазушы, 2003.
12. әл-Бәйхақи Әбу Бәкр Ахмет б. әл-Хұсайын. Шуабул-иман. I-IX, Бәйрут, 1990.
13. әл-Бәйхаки. әс-Сунәнул-Кубра. I-X, Мекке, 1994.
14. Бес ғасыр жырлайды, I-II, Алматы, 1989.
15. Бухари Мухаммед б. Исмаил. Сахихул-Бухари. I-VIII, Стамбул, 1979.
16. Бухари. әл-Әдәбул-муфрад. I-VIII, Бәйрут, 1989.
17. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары, (жин: М. Жармұхамедұлы). Алматы, 1992.
18. Гүлен М. Фәтхуллаһ. Өлчі вея йолдаки ышыклар. Стамбул, 2000.
19. Гүлен М. Фәтхуллаһ. Ғұмырлық өлшемдер. Алматы, 2007.
20. Гүлен М. Фәтхуллаһ. Күчүк дуниям. Стамбул, 2006.
21. Гүлен М. Фәтхуллаһ. Фасылдан-фасыла — 3. Измир, 1997..
22. әл-ҒазалиМухаммед б. Мухаммед. Ихияу Улумид-Дин. I -IV, Бәйрут, т-сіз..
23. әд-Дарақутни Али б. Омар. әс-Сунән. I-IV, Бәйрут, 1966.
24. Ибн Әбу Асым. әс-Сунна. I-II, Бәйрут, 1400.

25. Ибн Мажә Мухаммед б. Язид әл-Қазуини. әс-Сүнән. I-II, Бәйрут, т-сіз.
26. Ибн Хажар Ахмет б. Али әл-Аскалани. Лисанул-мизан. I-VII, Бәйрут, 1986.
27. Ибн Хиббан Мухаммед әл-Бусти. әс-Сахих. I-XVII, Бәйрут, 1988.
28. Ибнул-Жәузи Абдуррахман б. Али. әл-Иләлул-Мутәнәһия, I-II, Бәйрут, 1403.
29. әл-Кудаи Мухаммед б. Сәламә. Муснәдуш-Шихаб. I-II, Бәйрут, 1986.
30. Қутуб Сәйд. *Фи Зылалил-Қур'ан,* (ауд: С. Учан, В Инже, М. Иолжу). I-X, Станбул, 1991.
31. *Күмісбаев Ө.*, Жамбыл және Шығыс әдебиеті. ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы, №3 (28), 2004.
32. Мунауи Мухаммед Абдурауф б. Али. Фәйзул-қадир шәрху әл-Жамиис-сағир. I-VI, Мысыр, 1356.
33. әл-Мунзири Абдулазим б Абдулқауи. әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб. I-IV, Бәйрут, 1417.
34. Муслимәл-Хажжаж ән-Нисабури. әс-Сахих. I-V, Бәйрут, т-сіз.
35. Нәсаи Ахмет б. Шуайб. әс-Сүнән. I-VIII, Халәб, 1986.
36. Сүйіншәлиев Ханғали. Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, Санат, 1997.
37. әт-Табәрани Мухаммед б. Ахмет. әл-Мужәмул-Әусат. I-X, Каир, 1415. .
38. әт-Табәрани Мухаммед б. Ахмет. әл-Мужәмул-Кәбир. I-X X, Мусул, 1404.
39. Тирмизи Мухаммед б. Иса. әл-Жамиус-Сахих. I-V, Бәйрут, т-сіз.
40. Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. құр: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі. Алматы, 1993.
41. әл-Хаким Мухаммед б. Абдиллаһ ән-Нисабури. әл-Мустәдрәк аләс-Сахихайн. I-V, Бәйрут, 1990.
42. әл-Хаким әт-Тирмизи. Нәуадирул-Усул фи Әхадисир-Расул. I-IV, Бәйрут, 1992.
43. әл-Хәйсәми Али б. Әби Бәкр. әл-Мәжмәуз-Зәуаид. I-X, Бәйрут, 1407.

МАЗМҰНЫ

Сөз басы 3

I – ТАРАУ
ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕРДЕГІ АТА-АНАНЫҢ АҚЫСЫ

Құран аяттары мен хадистердегі ата-ананың ақысы 14
Жаратқанға құлшылықтан кейінгі парыз 15
«Ұрпағым — жұбанышым» 20
Ата-анаға «ұх» деу – ең ауыр сөз 22
Мейірімділік пен дұға 24
Ата-анаға құрмет – Пайғамбарға тән мінез 26
Перзенттік қарыз 29
Ананың ақ сүті 31
Ата-ананың ризашылығы 41
Ата-анаға қамқорлық 43
Ұзақ өмір, берекетті рызық 44
Қажылық пен умрға тең сауап 51
Жаннатқа апарар пырақ 52
Күнәдан арылу 57
Ата-ананы тыңдау – нәпіл ғибадаттан үстем 59
Ата-ананың рұқсаты ма әлде жиһад па? 61
Ата-анасының көңілін тапқан адамның дұғасы қабыл 65
Шүбәсіз қабыл болар дұға 66
Аллаһ тағаланың мейірімінен мақұрым қалу 71
Атаңа не көрсетсең, алдыңа сол келер 73

II– ТАРАУ
БАЛАНЫҢ АТА-АНАНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Баланың ата-ананың алдындағы міндеттері 80
1. Ата-ананың көзі тірісіндегі борышымыз 80
Ата-анаға жиі барып тұру 81

Ата-анаға көмек *81*
Ата-ананы тыңдау *85*
Ата-анаға ізетті болу *90*
Баянды құрметтің белгілері *91*
Ұйықтап жатқанда мазаларын алмау *94*
Қастарына кіру үшін рұқсат сұрау *95*
Ата-ана үшін дұға жасау *96*
2. Ата-ана дүниеден өткеннен кейінгі артында қалған балаларының міндеттері 99
Өсиеттерін орындау *100*
Олар үшін дұға етіп Аллаһтан кешірім тілеу *100*
Қажылық және өзге де құлшылықтарының қазасын өтеу *105*
Туысқандардан қол үзбей, ата-ананың достарымен сыйластықты арттыру *108*
Ата-ананың қабіріне барып тұру *111*
3. Ата-анаға қарсы келудің күнәсі және зардабы 115
Ата-ана және туыстармен қарым-қатынасты үзу – мұнафықтың сипаты *116*
Ата-анаға қарсы шығу – үлкен күнә *117*
Күнәлардың үлкені — ата-анаға тіл тигізу *122*
Ата-анаға қарсы келгендерге жаннаттың қақпасы жабық *123*
Жазасы екі дүниеде де берілетін күнәлардың бірі – ата-анаға қарсы шығу *124*
Әке-шешеге қарсы шыққандардың істеген жақсылықтары қабыл болмайды *125*
Сөз соңы **133**
Қолданылған әдебиеттер **139**

Әкім Алымуддинұлы

ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ ЖАНЫНДА

(ата-ананың қадірі)

Редакциялаған: Бағашар Құдайберді
Көркемдеуші дизайнер: Саят Қали

Заказ № 971.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

ЖҰМАҚТЫҢ
КІЛТІ ЖАНЫҢДА
(ата-ананың қадірі)

Аллаһ тағаланың тарту еткен нығметтерінің ішінде отбасы ерекше орынға ие. Ислам діні отбасына үлкен мән береді. Көптеген аят-хадистер үйленуге, отбасын құруға шақырады. Өйткені, отбасы – адамның өз бақытын табатын орта, ұрпақтың жалғасуына себеп әрі қоғамның бастауы. Шаңырақтың беріктігі – қуатты қоғамның белгісі. Шаңырақ шайқалып, қасиетінің құнсыздануы – қоғамның құлдырауының алғы шарты.

«Ер басында бақыт бесеу: астыңдағы атың жүрдек болса – жалғанның пырағы. Алғаның жақсы болса – үйің мен қонағыңның тұрағы. Балаң жақсы болса – екі көздің шам-шырағы. Әкең – асқар тау, шешең – аққан бұлақ. Міне, бес бақыт осы» – деген екен Қарауыл Қанай шешен.

Ата-ана, ағайын-туыс, өмірлік серік, бала-шаға – мұның бәрі Жаратқан Жаппар Иенің адам баласына тарту еткен сыйы. Аллаһ тағала бұларды тарту етіп қана қоймай, оны сақтаудың сырларын да үйреткен. Құранда және ардақты Елшінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан хадистерінде отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас әдебі тайға таңба басқандай белгіленген. Осы дәстүрлерді отауымыздың керегелеріне айналдыра білсек, шаңырағымыздың шайқалмайтынында күмән жоқ.

КӨКЖИЕК

ISBN 9965-809-60-7
9 789965 809606